

ОНОМАСТИКАЛЫҚ ХАБАРШЫ

№1(42) 2022

Республикалық ономастика комиссиясының электрондық бюллетені

ОНОМАСТИКАЛЫҚ ХАБАРШЫ

№1 (42) 2022

Бас редактор

Г.Бекенова

Жауапты редактор

Т.Мұқашева

*ҚР Ақпарат
министрлігінде тіркеліп,
тіркеу туралы 2004 жылғы
11 тамызда №5336 –
куәлігі берілген*

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
Мәдениет комитеті

Редакциялық алқаның төрағасы:

Д.Абаев

Редакциялық алқа:

Н. Дәуешов

М. Бақтиярұлы

М. Құлшар

Р.Кәрібжанова

К.Сейітова

Қ. Бекмұқашев

Д. Өтеғалиев

С. Есіркеп

З. Қабылдинов

М. Тоғыс

С. Иманбердиева

Ж. Ағабекова

Н. Уәли

С. Негимов

А. Жартыбаев

Д. Кәпұлы

ҚЫЗЫЛҚҰМ – ҚАЗАҚТЫҢ АТА ҚОНЫСЫ ЕКЕНІНЕ ОНЫҢ ТОПОНИМДЕРІ ДӘЛЕЛ

Әрбір халықтың өткені мен тіршілігі сөзбен таңбаланып, оның еркінен тыс, объективті түрде тарихқа еніп отырады. Сондықтан топонимдерді ұлттық және мәдени, халықтық байлықтар қатарына жатқызамыз. Ол халық тарихын, оның тілінің тарихын алып беретін таптырмас дерек болып табылады.

Топонимдер өзінің шығу тарихы бойынша қай халықтың да тарихи өмірімен тығыз байланыста болады. Бұған қарай отырып, халықтың /бізде тіпті кейбір рулар, жүздер тарихын/ өткенін, миграция, ассимиляция, экономикалық өмір, кәсіби жағдай сияқтылардың басын алып, тарихына тереңдей түсу мүмкіндігі туады. Басқаша айтқанда ата-бабамыздан қалған жер-су атаулары кез келген халықтың жер бетіндегі тарихи басқан іздері болып табылады.

Кез – келген этностың қалыптасқаннан бергі елдігінің, егемендігінің белгісі оның мекен ету аймағы яғни территориясы, тілі, салт-санасы, мәдениеті және тарихы болады. Демек, әрбір халықтың болмысы мен дүниетанымы, этникалық мәдениеті мен рухани өмірі қай кезде, қандай жағдайда болмасын белгілі бір географиялық кеңістікте көрініс табады, нақтылы тарихи дәуірлердің жемісі болып саналады. Сонау жаугершілік заманда басқыншы жаулар тарапынан жиі шабулардың болуы, жарты әлемді жаулап алған, кезінде алып империяға айналған монғол билеушісі Шыңғыс хан, даңқты қолбасшы Александр Македонский әскерлері өзге халықтарды жиі-жиі қырғынға ұшыратқан алапат соғыстардың болуының себебі неде? Әрине, мұнда төрткүл дүниені өзіне бағындыру ниетімен қатар, көздегені жергілікті халықтың қоныстанған аумағын иемдену. Кейбір отаршыл империялар халықтың жерін ғана отарлап қоймай жергілікті ұлттың тіліне, дініне қырғидай тиіп, ғасырлар бойы жасап келген ата – дәстүр тарихын санадан өшіртіп, ұлтты мүлдем жойып жіберіп отыруға күш салған. Алдымен отар болған халықтың келер ұрпағының яғни жас толқының есінен көп жылдар бойы қалыптасқан топонимдік ұғымдарды өшіру арқылы оларды рухани құлдық санаға алып келерін жақсы білген. Көне заман империяларының бәрі де көршісіне көз алартып, басып алу, жаулап алу саясатынан келіп отарлаудың ортақ айла-тәсілдерін де жетілдіріп отырған. Ал мұны басқа дүниеге келген жаңа империялар пайдаланып отыруды дәстүрге айналдырғаны байқалады. Мұндай

Атаулар сыры

саясаттың шырмауында Ұлы Тұран жерін мекендеген қазақ халқының да шырмалғаны жайында тарихшылар мен қатар халық арасындағы бізге келіп жеткен атаулар менен халық ауыз әдебиеті үлгілерінен байқаймыз .

Қазақ елі жердің қадірін өте ертеден-ақ біліп, бір ата-бабасының зираты жатқандығы үшін де оны ерекше қастер тұтқан. «Туған жердің бір уыс топырағы бұйырса екен!» – деп тілейтін халқымыз ата-қоныс жерден айырларда қабырғасы қайысып, жалғзынан айырылғандай күй кешкен.

Бірден-бірге ұласып, үздіксіз зулап, зымырап өтіп жатқан заман көшінің аласапыранында жақсылы-жаманды алуан-алуан іздер қалып жатады. Бұл тарих керуенінің іздері, сол керуенмен жүріп өткен тарихи тұлғалардың іздері. Қилы-қилы заманды басынан өткерген жеріміздегі атаулар сан түрлі сапырылыстарға түсіп, қоғам мен заман ағымына қарай өзгеріп отырған. Сондықтан да атамекен, жер-су атауларының санамызда бекіп қалыптасу жолы тым әріден басталады.

Топонимдердің ең бір сенімді тарихи дерек екендігін, оның ешқашан дәуірлік шегі болмайтынын және жер-судың тарихи жақтан кімге және кімдерге мекен болғандығын көрсететін тарихи сырды ішіне бүгіп, мыңдаған жыл жатып алатынын бізден бұрынғы топонимистердің дерлік барлығы қайталап отырғандығы анық.

Мәселен, белгілі ономаст ғалым Е.А.Никонов: «топонимы – замечательный свидетель прошлого - как отголовок отдаленных времен занимают среди самых ценных исторических памятников достойное место» дейді [1, 13с.].

Біз сөз еткелі отырған Қызылқұм – кең байтақ өлкені алып жатқан шөлейт дала. Оның бір шеті Қазақстан, бір шеті Өзбекстан, бір шеті Қарақалпақстан аймағымен (территориясымен) шектеседі. Топонимдердің де мол да, бай бір тобы осы өлкеде жатыр. Күні бүгінге дейін бірен-саран болмаса, Қызылқұм топонимдерін арнайы зерттеу объектісіне айналдырған ешкім болған жоқ.

Кезінде тек қана Қарақалпақстанның Нөкіс педагогикалық институтының қазақ филологиясы кафедрасында қорғалған арнайы екі диплом жұмысын айтпағанда /бітірушілер - Қ. Ниязов, А.Жүгінісова, ғылыми жетекшісі, доцент Е.М.Мергенбаев 1980-90жылдар/ бұл мәселе бірен –саран зерттеулер болмаса, мүмкін әлі де болса толық зерттелмеген күйінде қалып отырған сияқты. Оны ғылым дүниесіне табыстау бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселесі.

Қазіргі кезде Қызылқұмның топонимикалық картасы жасалып, оған бүкіл **құдық, қарақшы, қақ төбе** т.б. атаулары енгізілген.

Қызылқұм даласы – қиын да, қилы тағдырларға куә болған жер. Мұнда қанқұйлы соғыстар, жаугершіліктің сұрқия шақтары, арғысы ақтабан шұбырынды сияқты қаралы кезеңнің таңбасы жатыр. Қазір бұл далада жаздың сусамыр ыстығы, қыстың сары шұнақ аязына бас имейтін шопандар жасайды. Яғни Қызылқұм қазір жайылым ретінде

Атаулар сыры

пайдаланылады. Ол жерде жасаушылардың дені – қазақтар, жер-су аттары да түгелімен қазақ тілінде десек жаңылыспаймыз.

Мәселені ғылым дүниесіне таныстырудағы мақсатымыз да, алдағы уақытта тереңірек зерттеуді көздеп отырғанмыз да сондықтан. Қызылқұм топонимдері өзбек топонимистері Х.Х.Хасановтың, С.Караевтың, Т.Нафасовтың, З.Дусимовтың, Я.Хумамбердиевтің, Л.Кармиованың, Т.Рахматовтың, Дж.Латыповтың, Н.Ахуновтың еңбектерінде сөз болмайды.

Қызылқұмға еніп жатқан территория – Қарақалпақстан республикасы. Мұнда топонимдерді зерттеген ғалым – К.Әбдімұратов. Ғалым еңбектерінде де Қызылқұм топонимдері жайында сөз етілмеген.

Бұл аймаққа жақын деп есептелінетін Мырзашөл топонимдерін Н.Мыңбаев қарастырған. Оның «Мырзашөлдің топонимиясы» деген кандидаттық диссертациясында /Баку 1988ж./ Қызылқұмның жер-су аттары жанама түрде де қарастырылмаған.

Қызылқұм – Хорезм оазисінің сыртында жатыр. Ал бұл өлке – үлкен тарихы бар елді мекен. Онда көптеген халықтар жасаған. Қазір бұл жерде өзбектер, қарақалпақтар, қазақтар, түркмендер тұрады.

Бұл жер ертедегі мәдениет ошағы. Сол үшін бұл өлкені атақты археолог С. П. Толстов «Орта Азия Египеті» деп атаған [3,8б.].

Біздің эрамыздың басында /XII ғасырға дейін делініп келе жатыр/ бұл өлкеде Хорезм мемлекеті өмір сүрді. Хорезмдіктер жасаған мәдениет шығыс мәдениетінің бөлінбес бір бөлшегі, оның дамуының демеушісі болды. Бұл жерді ұлы сауда орайы, әрі Қытаймен, Иранмен, Индиямен байланыс жасаудың кіндігі еді [3,3б.].

Ежелгі Хорезмдіктер иран тілдес болды деген пікірлер бар. Мұны әсіресе В.П. Толстовтың монографияларынан кездестіруге болады.

Ол көне хорезмдіктер тілі соңынан сол солтүстіктен басып енген түркі қауымдарының тілімен араласып кетті дегенді айтады. Осы мәселені арнайы зерттеген А. А. Фрейман ескі хорезм тілін XIII-XIV ғасырға дейін өмір сүрген деп көрсетеді, тіпті Хорезмде сол тілді білетін адамдар болды – дегенді айтады [4,8-9б.].

Хорезмдіктер тілін соңырақ зерттеген өзбек диалектологы Ф.Абдуллаев өзінің “Хорезм шевалары” деген еңбегінде парсы тәжік тілдерінің кейбір лексикалық белгілерін байқағандығын жазған [5,236б.].

Бірақ бұл ескі Хорезмдіктер тілі иран тілдес болды дегенге жеткілікті дәлел емес қой. Мұны әлі де тереңірек қарастыру, материалдық дәлелдеулерді көбірек зерттеу қажет сияқты. Бұл тарихи бұлдыр белгілер Хорезмнің ішкі топонимдерінде із қалдырса да, яғни З.Дусимовтың «История – лингвистический анализ топоними Хорезма» /Ташкент. 1986/ атты еңбегіндегідей біздің зерттеу объектіміз болып есептелетін Қызылқұм топонимдерінде тіпті із қалдырмапты [6]. Мұны біз Хорезм мемлекеті дәуірінде де, одан соң да, қазіргі күнде де Қызылқұмның қазақ жері

Атаулар сыры

болғандығынан деп білеміз. Бұл тарихтан да белгілі. Неге десеніз Қызылқұм қашанда жайылым ретінде пайдаланылған. Қазір де солай. Ол шөл даладан басқа бірде-бір халық /қазақ қауымдарынан басқа/ барып қоныстанбаған. Сондықтан ол жерлердегі барлық топонимикалық атаулар таза қазақша болып келеді.

Қызылқұмның таңғажайып бай топонимдерінің негізі қазақ тілінің этнонимдеріне тіреледі. Олар негізінен ру аттары мен антропонимдік ареалдан этнонимдік ареалға өткен сөздер.

Мысалы, **Тоғамыс** /ру аты, Әлімұлына жатады/, **Байнеке**, ру ыңғайына көше бастаған антропоним, **Бөкенші** /ру аты, Әлімұлына жатады/, **Кетеқазған** /Кете руының құдығы, Әлімұлына жатады/, **Табын бұлақ** /табын руы жасаған жер. Кіші жүз, жетіру/, **Шөмекейдің тауы** /ру аты, Әлімұлының бір тармағы/, **Рамадан** /ру аты, жетіру төресіне кіреді/, **Құттық**, **Маңғыт**, **Бекарыстан**, **Ноғай-Шағи** т.б. көптеп кездеседі. Бұл топонимдердің бұлай аталуының да астарында көптеген сыр жатыр.

Ал **Хожа құдық** топонимі қожалар тек қазақтар мен қарақалпақтар арасында ғана кездеседі. Өзбек, түркмен халықтарында арнайы бөліп айтылмайды. Қай халық арасында жасаса сол халыққа еніп кететін араб тұқымдас этникалық топ делініп жүр. Құдық міне осы қожалар қазған және өмір сүрген жер.

Қызылқұм – кең байтақ шөлстан. Онда өмір сүру үшін су керек. Су құдықсыз болмайды. Құдық қазу – қазақтың негізгі кәсіптерінің бірі. Олар жерді қаза отырып, сексеуілмен шегендеп отырған. Көсе-көсе тасталып, өрілген сексеуіл, қоянсүйек томарлары ыспа, құмды жібермей ұстаған. Құдықшы /кәсіптің негізгі атауы осы/ әрі қарай тереңдей берген. Ол құдықтардың Қызылқұмдағы орташа тереңдігі 70 метрден кем болмаған. Сонда ғана мөп-мөлдір, тұщы су шыққан. Қазір осы құдықтардың дені құлап біразы жойылған. Ішінара кейбіреулері ғана ауыз суға пайдаланылуда. Көбі арал теңізінің тартылуына байланысты ма екен алып кеткен. Бұл жөнінде ғалым Е.Мергенбаевтің «Зерде» журналының 1992 ж. 2-4 сандарында жарияланған арнайы мақаласы бар [7].

Топонимдердің ендігі тобы – осы құдықшылардың аты-жөніне байланысты, антропонимдік ыңғайда болып келеді. Мысалы, **Тәжетқазған** /Беруний қаласынан солтүстік шығыста 140 шақырым Қызылқұм ішіндегі құдық. Тәжет деген құдықшы. Нөкіс қаласында тұрған. **Аймахан**, **Алдаберген**, **Әйкен**, **Әбілтай**, **Байжігіт**, **Бекназар**, **Дүйсенбай**, **Достанбек**, **Ералы**, **Ермекбай**, **Жақай**, **Жанқожа**, **Ишанбай**, **Келімбет**, **Кеңесбай**, **Қозыке**, **Қосай**, **Мешітбай**, **Мүсіреп**, **Наржігіт**, **Нысан**, **Отарбай**, **Пірәлі**, **Сейтқазған**, **Төрежан**, **Тәжіқазған**, **Шәукенқожа**, **Үмбетиран** т.б. атаулар көнесі бар, ең жаңасы бар, тек кісі аттарына ғана құрылған. Бұлардың дерлік барлығын құдықшылардың аты деп болмас, сол құдықшыларды жалға ұстап, құдық қаздырған кісілердің де аты болуы ықтимал. Біз атауларды талдау барсында мұнда бірде-бір не өзбек, не

Атаулар сыры

қарақалпақ, не түркмен кісі аттары ұшыраспайтындығы дәлел болып тбылады.

Бір топ атаулардың кейбірінің қазіргі қазақ тілінде кездеспейтіндігі мағыналары көмескеленіп, қалай жасалғандығы күмән туғыза бастағаны байқалады. Бірақ солардың өзінің де қазақшылығы көрініп тұрады. Мысалы, **Сымсым, Қылы, Шақмал, Байыс, Сүре, Анайы, Жәрке, Шағыр, Добал, Қарем, Опа, Жаншы** дегендер осылардың қатарына жатады. Біз бұлардың көбін қазақ халқының құрамына енген түркі тайпа тілдерінің ізі ме деген ойға қаламыз. Мұны терең лексика-этимологиялық талдау жасау арқылы анықтау қажет деп ойлаймыз. Өйткені сонда ғана мұндай топонимдердің сыры ашылады.

Мысалы, Қызылқұмда Шақшақай деген құдық бар. Мұның да мағынасы көмескілеу еді. Талдап қарағанымызда Шақша компоненті түсінікті, ал қай компоненті – халық этимологиясында айтылып жүргеніндей қалған емес, кішкене насыбай ыдысы, кішкене нәрсе түсінігін беретін қосымша екен. Мысалы, балақай, қалақай т.б. деген сияқты.

Көптеген атаулардың қазақ тіліне еніп кеткен монғол тілдерінің элементтерімен тұратыны байқалады. Мысалы, Жетінура - Тактакөпір ауданы, Дмитриев совхозына қарайтын бұлақ атамасы. Жеті компоненті түсінікті, енді «нура» сөзі монғолдың жыра деген сөзі екен. Нурр – көл, рунаа - құлау, бұзылу, нураах – құлату, бұзу, нуражира болып реестрленеді.

Дүгіскен – Тактакөпір ауданы, сол кезеңдегі Дмитриев совхозына қарайтын жер аты /төбе/. Бұл қазіргі қазақ тіліндегі түйіскен сөзінің диалектілік формасы, ұштасу мағынасын береді.

Жалпы Қызылқұм топонимдерінің мағыналық топтары өте көп. Оларды антропонимдер, гидронимдер, оронимдер және этнотопонимдер, зоотопонимдер, фитотопонимдер т.б. деп саралай беруге болады. Сондай-ақ Қызылқұм топонимдерінің ішкі құрылымы мен құрамы да әр алуан. Оларды түбір тұлғалы, туынды түбір тұлғалы, біріккен тұлғалы, қол тұлғалы, сөз тіркестері мен сөйлемдерден жасалған топонимдер деп бөлуге болады.

Қорыта айтқанда, Қызылқұм топонимдері негізінен қазақ тілінің материалдарынан құралған. Дегенмен, өңірдің шетіне жақындаған сайын топонимдер жалпы түркі халықтарына түсінікті, қарапайым болып, келеді де, құмның ішіне енген сайын тұманданып, тарихқа бет бұрады. Демек, ішкі аймақта топоним тазалығы кейбір атаулар болмаса толық сақталған. Халық арасында қолданылып отырған топонимдер көнеріп, таза қазақыланып барады. Оған дәлеле ретінде бірнеше атауларға талдау жасап, түсінік берсек, **Тоғамыс** – жер. Ру аты /кіші жүз, Әлімұлы/.

Үштаған – құдық, әрі қарақшының аты. Үш бұрымында үш тірегі бар деген сөз. Қарақшы расында да үлкен үш сексеуіл томарының үстіне 1,5-2 м. Биіктіктен бастап, әрі қарай қаланған еді.

Атаулар сыры

Ұялы – труба қазылған жерде қалың сексеуілдік бар. Сонда құстың ұясы өте көп болған. Содан осылай аталған. Бұл атау Қазақстанның да бірнеше аймақтарында бар.

Ұшағаш – негізінен құмда ағаш өспейді. Сонда бұл атау қайдан жүр? Ұшағаш деп қазақ планағашты, яғни топографиялық белгіні айтады.

Шаптырма – артезиан суы жоғары атқылап тұратын болғандықтан солай аталған.

Шоқалақ – көлемі ықшам, биік төбешік. Ол құмды жерде болмайды. Шоқалақ тақыр жерде болады. Бұл табиғи бедер. Не ескі қорғанның орны болуы мүмкін.

Шошқабас – бұл құдықтың қасында бір жағы сүйір, бір жағы дөліген төбе бар. Ұзақтан шошқаның басына ұқсайды. Содан солай аталған.

Шұқырқак – тақыр жер. Айнала қалың құм. Қақ ортасында дөп-дөңгелек тақыр жатыр. Көлденеңі 5-6 шақырым. Сол жерде қақ та болған. Әрі жердің шұқырлығы, әрі қақтың шұқырлығы жер атауына өткен. Міне бұл келтірілген атаулар да қазақ тілінде жасалып тұрғандығына ешбір күмән жоқ. Сондықтан да Қызылқұмның қазақтың ата қонысы екенін дәлелдейді.

Қызылқұм өңіріндегі қазақтар да оңтүстік диалектісімен сөйлейді. Олардың тілінде де қарақалпақ, өзбек тілінің әсері бар. Бірақ топонимикалық атаулар негізінен таза қазақша болып келеді. Сондықтан да Қызылқұм өңірі қазақтың автохтонды ата қонысы екеніне оның топонимдері дәлел екендігіне көз жеткізіп отырмыз. Тіпті ол жердегі ертеден қоныстанған этнос өкілдерінің салт-санасы, дәстүрі мен мәдениеті, жоралғылары т.б. дәлел.

Қазір біздің қолымызда мыңға жуық сол өңір - Қызылқұм топонимдері жинақталды. Бұл әлі материал толық қамтылды дегенді білдірмейді. Оның зерттелуі мен ғылыми қазынаға енгізілуі келешектің жұмысы екендігі анық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

1. Никонов Б. А. Введение в Топониимику, Москва, 1965, с-13.
2. Мыңбаев Н.«Мырзашәлдің топонимиясы», Автореферат. Баку 1988ж.
3. Толстов С. П. Древний Хорезм. Москва. 1948. с-8. .
4. Фрейман А. А. Хорезмийский язык, 1951. с-8-9.
5. История Хорезма, Ташкент 1976. С. 255.
6. З.Дусимовтың «История – лингвистический анализ топоними Хорезма» /Ташкент. 1986/
7. Мергенбаев Е. Мақала. «Зерде» журналы, 1992 ж. №2-4 саны.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ТОПОНИМДЕРІ

Мақала АР 08855686 «Қазақстанның трансшекаралық аймақтарындағы топонимия» атты ҚР БЖҒМ-нің мемлекеттік гранты аясында әзірленді (2020-2022 жылдарға арналған).

Шығыс Қазақстан облысы – Қазақстан Республикасының солтүстік-шығысындағы әкімшілік-аумақтық бөлігі. 1932 жылы 10 наурызда құрылған. 1997 жылы 23 мамырда № 3528 ҚР Президентінің Жарлығымен таратылған Семей облысының аумағы қосылды. Қазіргі аумағы – 283 300 шаршы километрді құрайды. Халқының саны – 1 430 000 адам (2006 ж. санақ бойынша). Облыс орталығы – Өскемен қаласы (1720 жылы іргесі қаланған). Ауылдық аудан саны 15: Абай, Алтай, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Глубокое, Жарма, Зайсан, Катонқарағай, Көкпекті, Күршім, Тарбағатай, Ұлан, Үржар, Шемонаиха аудандары. Бұдан басқа 5 қалалық маңыздылығы бар қала, 5 облыстық маңыздылығы бар қала, 24 кент бар.

Үстіміздегі жылы, 2022 жылы, Семей облысы Абай облысы аталып, қайтадан бөлініп шықты.

Мақалада Шығыс Қазақстан облысының Ресей Федерациясы мен Қытай Халық республикасы шекаралары бойына жақын орналасқан геонысандардың, елді мекендердің аттарына этимологиялық шолу жасалады. Оңтүстік шекара бойына орналасқан Аягөз, Зайсан, Катонқарағай, Күршім, Тарбағатай, Үржар аудандарының қазақ тілді топонимдері шекарадан ары асып, жайылып жатыр. Бұл қазақ халқы қонысының бұдан да кең болғанын дәлелдейді. Солтүстік шекараны бойлап жатқан Алтай, Катонқарағай, Шемонаиха, Бородулиха, Бесқарағай аудандарында және Риддер қалалық әкімшілігі аумағында түркі (қазақ) атауларының үлес салмағы аз. Патшалық Ресейдің отарлау заманынан бастап енген кірме топонимдер байырғы атауларды ығыстырып шығарған.

АУЫЛ - е. м., бекет. Бородулиха ауд. Ауыл (зат есім) атауымен аталған теміржол бекеті. Қазақстан мен Ресей шекарасында бұрыннан бар топоним. Кеңес дәуірінде Қызыл Ауыл атанған. Қазақ тілінде ауыл «шағын елді мекен» деген мәнде қолданылады. Көрші алтайлықтар ауылды «айыл» дейді.

АХМЕТБҰЛАҚ – е. м., Тарбағатай ауд. Қытай шекарасына жақын орналасқан елді мекен аты (ойконим). Кезінде ел басқарған Ахмет есімді кісінің ауыл-үйі түгін түтеткен, жайлаған бұлақ және оның атырабы осылай аталған.

АРШАТЫ - е.м., Катонқарағай ауд. Арша (зат есім) + ты (туынды сын есім жұрнағының көне нұсқасы). "Арша мол өсетін жер" деген мағынада тұр. Мұндағы –ты көне жұрнағы қазіргі кезде сирек сақталған (Алматы сияқты). Көне жұрнақтың жер-су атында сақталып тұруы бұл өлкені ықылым заманнан бері түркі халықтары мекендегенін білдіреді.

АҚШОҚЫ – тау (641м), Семей қ.ә. е. м., Үржар, Аягөз ауд. Ақ (сын есім) +

Атаулар сыры

шоқы (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Қазақстанда жиі кездесетін ороним. Мағынасы: "төбенің, дөңнің, шоқының ағарып жатуымен» байланысты жасалған. Ақ түс беретін ерте түсіп, кеш еритін қары немесе ақ тастары болады.

БОЗАЙҒЫРҚҰМ – құм, Зайсан ауд. Боз + ай + қыр + құм/Бозайғырқұм сөздерінен біріккен. «Ақ, боз түсті, кең көлемді, құмды қырлар» дегенді білдіреді. Айғыр зоониміне қатысы жоқ.

БАЙМЫРЗА АСУЫ – тау, асу. Зайсан ауд. Антропоним. ҚХР мен Қазақстан арасындағы шекараны делимитациялау кезінде дау туғызған жердің бірі болған [1;13].

БАҚТЫ – тау (1273 м), е.м., Үржар ауд. Бақ (зат есім) + ты (сын есім тудыратын жұрнақ). Мағынасы: «Бау-бақшалы» дегенге келеді. Кавказдағы Бактли тауымен байланыстырсақ, авар тілінде «таудың күнгей беті» мағынасын беруі де мүмкін [2;67].

БАРЛЫҚ АРАСАН- е. м., Үржар ауд. Барлық сыңары түркі тілдерінде, нақты айтқанда, тыва тіліндегі порлуг/борлуг "батпақты", "балшықты" деген сөзден жасалған [3;150]. Сонда Барлық Арасан атауы «батпақты, балшықты арасан (шипалы батпағы мен суы бар) жер" деген мағынаны білдіреді.

БАЛАПАН ЖАЛЫ – жон, Бесқарағай ауд. Ресей-Қазақстан шеарасында орналасқан. 1. Антропоним, өйткені «Балапанның жалы» деген меншіктік қатынаста жасалып тұр. «Балапан деген адам мекендеген тау жалы». 2. «Балапан ағаш өскен таудың жалы (жоны)» деген ұғым бере алады.

ДОСТЫҚ – кеден бекеті. Қытайға өтетін теміржолдың барлығы осы Достық бекеті арқылы өтеді. Кеңес дәуірінде Дружба деген абстрактілі сөзден жасалған ойконим, Тәуелсіздік алған соң, Достық түріне калькаланған.

ЖАЛАҢАШКӨЛ – көл, Үржар ауд. Жалаңаш (сын есім) + көл (зат есім) сөздерінен бірігіп жасалған. «Маңайы өсімдіксіз, жазықта тұрған жадағай көлге берілген гидроним». Алакөлдiң оңтүстік шетiмен жалғасады. ҚХР мен Қазақстан Республикасы шекарасында орналасқан. 1969 жылы КСРО мен ҚХР шекарашылары арасында қарулы қақтығыс орын алған жер [1;12].

ЖЕЗКЕНТ - кент, Бородулиха ауд. Ресей Федерациясының шекарасына жақын орналасқан. Жез (зат есім) + кент (зат есім). «Жез кені өндірілетін елді мекен» мәнінде тұр. Мұндағы кент - араб-парсы тілінен енген «қала» мәніндегі сөз.

КЕРЕГЕТАС – тау (732 м), Аягөз ауд. Қазақстанның әр жерінде кездесетін бұл топоним кереге (зат есім) + тас (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалып, киіз үйдің керегесі сияқты керілген тастары бар жерлерге беріледі. Ұқсату (метафоралық) жолмен жасалған атау.

КРАН [ҚЫРАН] - өзен, Күршім ауд. Құрбанғали Халид өзінің "Тауарих хамса" атты кітабында бұл өзенді Қыран деп атаған. Белгілі топонимист-ғалым В.И.Абаев кран - Иран тілінде "тас", "тасты" деген мағына береді дейді. Алайда, Шығыс Қазақстанға Иран тілді атаудың келуі сирек кездеседі. Біздің ойымызша, бұл өзен Қытай мен Қазақстан шекарасын бойлай ағатындықтан, орыстың граница сөзінен пайда болған деп есептейміз. Граница сөзін қазақтар гран/кран деп ықшамдап айтуы әбден мүмкін. Кезінде Қытайға еріксіз қашқан қазақтарды "кран асып кетті" деп айтатын болған. Осындағы кран сөзі өзенге атау болып қалған.

ҚАБА – өзендер жүйесі, Катонқарағай, Күршім ауд. Көне түркі тіліндегі

Атаулар сыры

қобы/қоба сөзі - "заттың өзегі, су ағар", моңғол. - "хобил", «ховоо» – сөзі "науа", «қауға» мағыналарын береді [4;460], [5;585]. Қаба өзенінің салалары Өр Алтайды терең шатқалдарға бөліп ағатындықтан, шынында да, науаға ұқсайды. Сонда қобо/қаба гидронимі қазақша "науа" дегенге саяды. Зерттеушілер Э.Мурзаев, О.Т.Молчановалар да осы пікірге келеді. Өңірде Қабаның жеті саласы бар және олар Жеті Қаба деп аталады: Ақ Қаба, Қара Қаба, Арасанды Қаба, Теміртгі Қаба, Жаман Қаба, Балықты Қаба, Толын Қаба.

ҚАРАБҰТА – өзен, Үржар ауд. «Жағасына қара бұта өскен өзен» мағынасында тұр. Қара бұталы жер малға ықтасын жайылымды жерлерге жататындықтан, бағалы болған. Қытай шекарасына жақын.

ҚАРАГЕМ – көл, Катонқарағай ауд. Мұндағы қара (сын есім) + гем (зат есім). Көне түркі тілінде қам/кем/гем/жем нұсқалы сөз "өзен", "көл", "су" мағынасын берген. Қарагем тура мағынасында "қара көл" деген мәнді аңғартады. Суы мөлдір, терең көлдер қарауытып көрінетіні белгілі. Ресейдің Таулы Алтай өлкесімен шектеседі.

ҚАРА ЕРТІС – өзен, Зайсан ауд. Қытай жеріндегі Моңғол Алтайынан Қу Ертіс, Бала Ертіс болып басталып, Қара Ертіске ұласады да, Зайсан көліне келіп құяды. Ономаст-ғалым Т.Жанұзақ Қара Ертіс аталуы оның жер асты суларынан қоректенетінінен болу керек дейді (Қарасу сияқты) [6;71]. Алайда Ертіс өзені мұздақтардан, қар суынан да қорек алады. Сондықтан бұл пікір толықтыруды қажет етеді. Өзеннің басқы салаларының бірі Қу Ертіс «Ақ Ертіс» мағынасын береді: қу «ақ, сұр, аққу т.б.» [7;227]. Салыстырмалы түрде (қарама-қарсы, бинарлық мәнде) Қара Ертіс атануы «суы таза, мөлдір Ертіс» дегенді білдірмек. Мөлдір сулы өзен көлдердің табанындағы қара тастары көрініп, қара түс беретіні белгілі. Біздің байқауымыздағы Қара Қаба, Қаракөл т.б. барлығы таза сулы өзен, көлдер.

ҚАТЫН СУЫ [ҚАТЫН СҰУЫ] – өзен, Катонқарағай ауд. П.Чихачев, Н.М.Ядринцев, О.Т.Молчанова т.б. зерттеушілер түркі тіліндегі *қатын* "ханым, әйел" мағынасында тұр деп табады. Алайда өзен атының дәл этимологиясын берген - алтайлық зерттеуші В.Н.Тадыкин[8;367]. Мұзтаудан басталатын өзендердің барлығы жазда ақ айран түстес болып ағатыны белгілі. Сүт түстес Қатын өзені Обь өзеніне құйғанда, оны лайлап түсін өзгертеді. Ендеше түркі тіліндегі *қат* түбірі "қос, араластыр" мәнін берсе (м.: шайға сүт қат), *қат+ын* туынды сөзі "қосылған" деген мән береді (м.: қатын - ерге қосылған, шыққан әйел"). Сонда Қатын гидронимі "екінші бір өзенге қосылған өзен" ұғымын тудырады, сондықтан қазақтар Қатын суы, алтайлықтар Қатын суу деп атайды. Қатын су "қосылған су" мәнін береді де, тұнық су, жайық су секілді ұғымдармен теңеседі. Түркі елдерінің біразында кездесетін Қатын топонимдері түгелдей осы мағынадан шығады. Алтайлықтардың Мұзтауды Қатын басы деп атайтыны «Қатын өзенінің бастауы» деген мәннен шықса, Ақсуулы деп атайтыны Қатын, Берел өзендерінің жазда ақ айран түстес болып ағуынан деп ұққан жөн.

ҚОШАҒАШ - е.м., Таулы Алтай өлкесі 1930 жылдарға дейін Катонқарағай ауданына қараған. «Таулы жердің жолы жаман» деген сылтаумен Қошағаш, Шүй, Жазатыр ауылдық кеңестері Ресейге беріліп кеткен. Мұнда күні бүгінге дейін жерлес қазақтар мекендейді. Мақалаға сол себепті енгізіп отырмыз.

Қошағаш, саяхатшы В.В.Сапожниковтың жазып алған дерегіне қарағанда, ағашы жоқ тақыр таулы жерлерден көшкенде, жол-жөнекей қонатын жерге от

Атаулар сыры

жағу үшін тастап кететін отындық ағашқа байланысты туған «көшағаш» сөзінен пайда болған [9;58]. Кейінгі ықпал бойынша Көшағаш/Қошағаш түрінде жуандап айтылуы тілдегі заңды құбылыс. Осындай отын қойып кететін бекет сияқты аялдама жерге елді мекен орнаған соң, оны Қошағаш деп атап кеткен.

ҚОШҚАРБАЙ – көл, Риддер қ.э. Антропоним. Ә.Бөкейханов 1913 жылы «Қазақ» газетіне жазған «Кабинет жеріндегі қазақтар» деген мақаласында Ресейдің құрамына кетіп бара жатқан бір болыс ел үшін, олар отырған жер үшін мәселе көтереді. «Абылай хан жоңғарды шауып, Ертіс басына қуған соң, біздің қазақ Ертістен өтіп, Ертіс пен Об арасындағы далаға келіп орныққан. Абылай хан мен жоңғар ұрысы еуропа есебінде 1750-нші жылы болған. Қыпшақ Қошқарбай батыр 1755-нші жылы жоңғарды Обтан өткізе қуған... Қошқарбай батырдың жолдасы косайдар қыпшақ Тілеуберді содан бері Құлынды, Қарасуық даласында тұрып қалған. Оған 150 жылдай болады. Сондықтан Том губерниясы, Барнаул уезінде қазақ болыс деген болыс болуы керек, - дейді «Қыр баласы» [10;135-137]. Орыс отарлаушыларының Ертістен ішке қарай өтіп қоныстанған қазақтарды ығыстырмақ болған әрекетіне қарсы шығады. «Семей мен Том арасындағы шекара өзгертілуі керек» деген талап қояды.

ҚҰРАҒАН - өзен, Мұзтаудағы асу (2700 м), Катонқарағай ауд. Ауданға көршілес, туысқан алтай тілінде *құраған* сөзі "қозы" мағынасында қолданылады[3;243]. Биік асудан (Мұзтаудан) қозыдай шулап ағатын тау өзеніне берілген атау. Қазақша "шулаған" деген сөзге жақын.

ЛАСТЫ – өзен, Тарбағатай ауд. Атау монғол тіліндегі улиас «терек» + т (туынды сын есім жұрнағы) құрамында жасалып тұрғаны анық [5;508]. Улиаст/Ұласты/Ласты болып қазақыланады. Тура мағынасында «теректі» болып шығады. Евразияда Теректі аталатын өзен, сулар өте көп кездеседі. Кейбір ғалымдар «терек» сөзін «су» сөзімен байланыстырғысы да келеді. Алайда терек ағашының суды көп қажет ететіні, оның сулы жерде ғана өсетіні гидронимдік атауға көп қатысуына уәж болады демекпіз.

МАЙҚАПШАҒАЙ - е.м., кеден, Зайсан ауд. Май (сын есім) + қапшағай (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мұндағы қапшағай монғол. хавцгай "қапсағай, тік жартаст" деген сөздің өзгерген түрі[5;420]. Ал май сыңары көбінесе жермай (мұнай) бар жерлерге қойылады. Демек, Майқапшағай «жермайы бар жартасты жер» деген мән береді. Май сөзі одан басқа "май топырақты, шөбі шүйгін жер", "май терек өсетін жер", "тастың майы алынатын жер" деген мағыналар беріп, топонимдер жасауға қатысуы мүмкін.

МҰЗТАУ - шың (4506 м), Катонқарағай ауд. Алтай тауының ең биік шыңы. Мұз (зат есім) + тау (зат есім) түбірлерінен біріккен. Мәні "мұзы бар, мұзды тау" мағынасын береді. Карталарға орысша Белуха деп түсіріліп жүр. Түркілердің атамекені болған таудың тарихи аты Мұзтау (Мұзтағ) еді. Бұдан басқа орыс. Белуха, Катунские столбы, алтай. Қатын бажы (басы), Ақсулы, Ақсүрү, Үшайры деген атаулары бар. Таудың солтүстік жартысы Ресейге, оңтүстік жартысы Қазақстанға қарайды. Түркі-монғол қасиетті тау деп табынған Мұзтауға қазір де туристер көп барады. Киелі атауға жатады.

НАУА - жайлау, Катонқарағай ауд. Бұл атау науа тәрізді сайларға қойылады. Ол сайдың табанында міндетті түрде су ағып жатады. Суы болмаса науа атауы берілмейді. Өйткені, науа сөзі көне түркі тілінде "су ағар" деген мағына береді. Науа жайлауының солтүстік кемерімен Ресей шекарасы өтеді.

Атаулар сыры

САЙҚАН – тау, Зайсан ауд. Е.Қойшыбаев Сайқын мен Сайхан атауларын бір деп қараса, Т.Жанұзақ *сайқын* «ен дала» сөзі түркі тілінде, ал *сайхан* «жақсы, сұлу, әсем, көрікті» мәніндегі моңғол сөзі деп ажыратып қарайды [6; 163-164]. Сонда, Сайқан тауының аты моңғолдың сайхан «жақсы, сұлу, әдемі» сөзінен жасалып тұрғаны анық. Жер-суға табынған моңғолдар осындай мадақтау мәнді атауларды жиі қолданатын болған.

САЛЫҚ – тау (2775 м), Зайсан ауд. 1. Антропоним. 2. Салық салынған (жиналатын) жер. 3. Моңғол. салхи «жел, боран, салқын» [5;408]. Таудың атына сай келетіні үшінші мағына: Салық «боранды, салқын» тау.

САНДЫҚТАС – тау (2106 м). Қазақстанның бірнеше жерінде кездесетін оронимнің біреуі Ресей шекарасының ішінде қалған (Катонқарағай ауданының Ақсу өңіріне жақын). Шекарадан тыс кездесетін қазақ атаулары бұл жерлерде бір кездері ата-бабамыздың көшіп-қонып жүргенін дәлелдейді. Сандық (зат есім) + тас (зат есім) сөздерінен бірігеді және «тұлғасы сандыққа ұқсас төртбұрыш тасты тау» мәнінде тұр.

ТІКИРЕК [ТІКІЙРЕК] (Тигрецкий) – тау жотасы (2030 м), Шемонаиха ауд. Қазіргі карталарда Тікирек тау жотасы деп белгіленіп жүр. Тік (сын есім) + ирек (зат есім) сөздерінен бірігіп жасалған. «Тік бетке салынған ирек жолы (серпантин) бар тау» деген мағына береді.

ҮГІЛГЕН - тау, Катонқарағай ауд. Үгіл+ген (өткен шақ есімше тұлғасында тұр). Мағынасы: «Тасы эрозияға ұшырап, үгіліп жататын тау».

ҮКЕК - үстірт (2300м.), Катонқарағай ауд. Атау моңғолдың үхэг "кебеже, сандық" сөзінен жасалған [5;543]. "Сандық тәрізді төртбұрыш, үсті тегіс тасты тау, үстірт" деген мағынаға сай келеді. Осы жерден Ресей археологтары 1990-шы жылдары атақты «Үкек ханшайымы» атанған сақ ханшайымын тапқан.

ХАБАРАСУ [ХАБАРАСУУ] - асу, Тарбағатай ауд., Хабар (зат есім) + асу (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Мағынасын "хабар алуға төте жолы бар асу" деп ел айтқанмен, моңғолдың хамар «дөңес, тұмсық, мойнақ» сөзінен жасалып тұрғаны айдан анық [5;563]. Сонда, Хамарасу/Хабарасу «тау тұмсығындағы асу» болмақ. 1870 жылы Қытай мен патшалы Ресей делегациялары осы жерде кезекті Хабарасу келісіміне қол қойған [1;14].

ХАМИР [ХАМЫЙР] - өзен, Алтай ауд. Моңғол. хамар -"тұмсық, мүйіс" сөзінен жасалған. Аталмыш өзен толық түрінде Қамыр Тұрғысын деп аталғаны жазба ескерткіштерде кездеседі. Өзен Бұқтырмаға тұмсық, мүйіс жасап барып қосылатындықтан, Хамар/Хамир аталған.

ШАБАНБАЙ - жайлау, Катонқарағай ауд. Бұқтырма өзенінің оң жағалауынан солтүстікке қарай орналасқан жайлауларды жалпы атпен Шабанбай деп атайды. Бұл - антропоним, яғни кісі атынан жасалған атау. 19 ғасырда керей мен найманның жайлауға таласқан бір қақтығысында қаза тапқан керейдің батыры Шабанбайдың атымен аталып кеткен.

Ал Бұқтырманың сол жағалауындағы жайлауды Тарбағатай деп атайды. Шыңғыстай болысын 25 жыл басқарған Әбдікерім Ережепұлы Қытайда жүріп елін, жерін сағынып шығарған толғауында: «Тарбағатай, Шабанбай, айырылдық елден баға алмай», - деп өкінген екен. Орта жүз руларының орналасуын зерттеген Марат Сәбитұлы Мұқанов Шабанбай жайлауын Шопан таулары деп келтірген. Алайда Шопан таулары деген атау қолданылмайды.

Шабанбай жайлауының ежелден қазақтар жайлап келген Жуантөбе,

Атаулар сыры

Қасқайғыр, Тоқыр сияқты біраз жері жаңа шекара сызылғанда Ресейге қарап кетті.

ШАҒАНОБА – асу (2124 м), өзен, Зайсан ауданы. Қалмақтың Шаған деген батырын қазақтар өлтіріп, атау соның обасына қойылған екен деген халықтық этимология бар. Ал тура мағынасына келсек, моңғол. цагаан «ақ» сөзі мен түркі-моңғолға ортақ оба сөздерінен бірігеді де, «ақ оба» дегенді білдіреді.

1998 жылғы Қытай мен Қазақстан арасындағы шекараны бекіту кезінде даулы болған жердің бірі және келісім бойынша Шағаноба жерінің 70 пайызы Қазақстанға, 30 пайызы Қытай Халық республикасына қаратылды [1;14].

ШӘНГЕН ДАРАСЫ - тау; көл, Катонқарағай ауд. Алдымен көлге орыс саяхатшысы Петр Иванович Шангиннің (1748-1861) аты берілген. Ол Алтайды, Балқашты зерттеген саяхатшы-ғалым. Саяхатшылардың құрметіне өздері зерттеген жерлерге аттарын беру үрдісі бар екені мәлім. Ал Шәңген дарасы дегеніміз «Шәңген көлі орналасқан тау аңғары» деген мағынада, көл атынан кейін шыққан атау. (Дара/дере парсы. «тау шатқалы, аңғары»). Шангин > Шәңген болып дыбыстық өзгеріске түсуі заңды құбылыс.

ШҮРШІТСУ [ШҮРШІТСҰУ] – өзен, е.м.,Зайсан ауд. Шүршіт (этноним; мәнжүр, қара қытайлықтарды қазақтар осылай атаған) + су (зат есім) сөздерінен бірігеді. «Шүршіт (қытай) жақтан ағып келетін су» мәнін береді.

ШЫНДЫҒАТАЙ - тау (1757м), Катонқарғай ауд. Атау моңғолдың чандага «ақ қоян» + тай/туй (туынды сын есім жұрнағы) тұлғалары арқылы жасалған[5;485]. Чандагатуи >Шындығатай «ақ қоянды, ақ қояны мол тау» дегенді білдіреді. Қазақстан-Қытай шекарасын күзететін шекара бекеті орналасқан.

Қорыта келгенде, қазақ (түркі), моңғол тілді топонимдер шекара сызығына дейін лық толып тұрғаны, кейде тіпті шекара сызығынан аса жайылып жатқаны байқалады. Бұл осы жерлерде ежелден қазақтардың көшіп-қонып жүргенін және бұл жерлерді ешкімнің «сыйға тартпағанын» дәлелдейді. Керісінше, біраз атамекен-жұрттың шекара сызығынан тыс қалып қойғанын айғақтайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Правда о государственной границе Республики Казахстан / З.А.Аманжолова, М.М.Атанов, Б.Ш.Турарбеков. – Алматы: Издательский дом «Жибек жолы», 2022. – 228 с.

2. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов.Москва: «Мысль», 1984. – 653 с.

3. Молчанова О.Т. Топонимический словарь Горного Алтая. Горно-Алтайск, 1979. – 398 стр.

4. Древнетюркский словарь (ДТС). Ленинград, 1967.

5. Базылхан Б. Моңғол-қазақ толь (Моңғолша-қазақша сөздік). Улаанбаатар-Өлгий, 1984. – 885 бет.

6. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. - Алматы: Дайк-Пресс, 2007. - 524 б.

7. Кайдар А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы: Изд. «Арыс», 2005. – 304 стр.

8. Тадыкин В.Н. О некоторых топонимах Горного Алта // Проблемы этимологии тюркских языков. Алма-Ата: Ғылым, 1990.

9. Сапожников В.В. По Алтаю. – Москва,1949. – 475 с.

10. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технология және инженеринг университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, Ақтау қаласы

МАҢҒЫСТАУ ТОПОНИМИЯСЫНДА ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Топонимдер құрамында кездесіп, бүкіл алуан түрлі лексикада зерттеушілердің назарын аударатын, аталған географиялық объектілердің түрін көрсететін сөздер мен сөз тіркестері ерекше топ құрайды. Мұндай топонимдік бірліктерге лингвистер мен географтардың (Н.И. Толстой, Н.В. Подольская, А.В. Суперанская, Э.М. Мурзаев, Г.К. Қоңқашпаев, Т.Жанұзақ, Е.Керімбаев, Г.Ермекбаев) қалтқысыз назар аударуы олардың топонимияның маңызды көзі болып, топонимдердің мағыналық мәнін анықтап, оларға позитивті сипаттама беретіндігімен анықталады.

Топонимия мен географиялық терминологияға қатысты еңбектерде бұл топонимикалық лексика әртүрлі топтастырылады: детерминативтер, индикаторлар, топонимдік терминдер, жергілікті географиялық терминдер, халықтық географиялық терминдер. Бұл атаулардың арасында ерекше айырмашылық жоқ, көбінесе «географиялық нысандардың типін анықтайтын сөздер» деген бір ғана мағынада береді. Біз «жергілікті географиялық терминдер» деген сөзтіркесін қолданамыз (ЖГТ).

Топонимиядағы жергілікті географиялық терминдердің пайда болуы табиғи үдеріс болып табылады: географиялық апеллятивтер мен топонимдердің арасында гентикалық байланыс бар (алғашқысы объектінің түрін көрсетеді, ал сәйкес есімдер объектіні жекелеу қызметін маманданған).

Жергілікті географиялық терминдерді арнайы зерттеудің қажеттілігін алғаш рет, алдарында ұлттық ғылыми терминологияны жасау міндеті тұрғанын географтар сезінді. Номенклатуралық лексиканы бейнелеу жөніндегі географтардың жұмыстары өздерінің міндеттеріне қарай тіл білімі зерттелетін аумақтың (орфографиялық, гидрографиялық, климаттық сипаттамаларды нақты бейнелеумен ілеседі) мәселелерінен алыс болғандығына қарамастан олар лингвистер үшін үлкен қызығушылық туғызды. Мұндай ойды мақұлдау географ Э.М. Мурзаевтың «Халықтық географиялық терминдер сөздігінде» жинақтаған географиялық терминология бойынша бай материалдарды лингвистикалық зерттеулерде пайдалану фактісі бола алады [1].

Қазақ географиялық терминологиясын зерттеуде Г.К. Қоңқашпаевтың, Е.Керімбаевтың, Г.Ермекбаевтың жеке диссертациялық еңбектері бар. Оның үстіне топонимия саласындағы кез келген зерттеу топонимжасамда негізгі көз болып табылатын терминологиялық лексиканы айналып өте алмайды.

Қазақ тіліндегі халықтық немесе жергілікті географиялық терминдерді топтастырып, жинақтауда көп еңбек сіңірген ғалым-географ Ғ.Қоңқашпаев болды. Ғалымның мәліметтеріне сүйенсек, қазақ халқының 600 географиялық термині бар және Қазақстандағы жергілікті топонимдердің жартысына жуығы халықтық терминдер негізінде жасалған. Ғ.Қоңқашпаевтың аталған тақырыптағы басты еңбектеріне: «Қазақ халық географиялық терминдері» атты кандидаттық

Атаулар сыры

диссертациясының авторефераты [2], «Қазақстан территориясындағы моңғол тектес географиялық атаулар» [3], «Орта Азия мен Қазақстанның түркі тілді географиялық терминологиясының ортақ ерекшеліктері» атты ғылыми мақалаларын [4] жатқызуға болады.

Ғалым «Қазақстан территориясындағы моңғол тектес географиялық атаулар» атты мақаласында қазақ тілінде қолданылмайтын, топонимдер құрамында ғана сақталған бірқатар моңғолдық тілдік элементтерді көрсетсе [3], екінші мақаласында географиялық жалпы есімдерді топонимдер жасауға қатысуына қарай 4-ке бөліп топтастырады: 1) республика территориясында кең тараған географиялық терминдер; 2) күнделікті өмірде жиі қолданылатын, бірақ топонимдер құрамында аз қолданылатын терминдер; 3) белгілі бір аймақ топонимдерінің құрамында қолданылатын терминдер; 4) Бұрын Қазақстанда кеңінен тарап, жергілікті топонимдер құрамында сақталған, бірақ термин ретінде қолданылмайтын сөздер [3, 178 б.].

Сондай-ақ, «Қазақ географиялық атаулар сөздігінде» (1969) де көптеген жергілікті географиялық терминдердің мән-мағынасын ашқан.

Халықтық немесе жергілікті географиялық терминдерге қатысты екінші бір еңбек – ғалым-тілші Е.Керімбаевтың «Қазақстан оронимиясының лексика-семантикалық типологиясы» атты кандидаттық диссертациясы. Ғалым оронимдердің жасалуындағы өзі «орографиялық номендер» деп атаған географиялық жалпы есімдердің атқаратын рөлін, жалпы есімнің жалаң күйінде топонимдік қызмет атқаруынан бастап күрделі құрылымға ие болуына дейінгі даму жолын көрсетеді [5].

Халықтық немесе жергілікті географиялық терминдерге қатысты жалпыхалықтық сипатқа ие әдеби тілдік қолданыстағы жер бедерін жинақтап, оларға әр қырынан тілдік зерттеу жасаған Ғ.Ермекбаевтың да «Жер бедері атаулары» атты кандидаттық диссертациялық жұмысының да маңызы зор [6]. Ғалым жер бедері (рельеф) атауларын жинастырып, оларға семантикалық, морфологиялық, фоносемантикалық талдау жасаған.

Ал Ш.Дәулетқұлов жер бедеріне қатысты терминдердің 10-томдық сөздікте берілуіне арналған мақаласында 238 халықтық орографиялық терминді атап көрсеткен [7]. Мұнда зерттеуші түбір мен туынды түбір жер бедер атауларына, ауыспалы мағынадағы (адам, хайуанаттардың дене мүшелері мен киім атауларынан шыққан) бедер атауларына және жер-су атаулары құрамындағы бедер атауларына мысалдар келтіреді.

Профессор Т.Жанұзақтың «Халықтық географиялық терминдердің семантикалық шегі және олардың терминдер жасаудағы орны» деп аталатын ғылыми мақаласын атап айтуға болады [8].

Жергілікті географиялық терминдердің мән-мағынасын ашуда Маңғыстаудың су көздері туралы жазылған өлкетанушы Ә.Спан мен ғалым Ж.Дүйсенбаеваның «Ұлы даланың ұланғайыр мұрасы» атты зерттеу еңбектерін де атап өтуге болады [9]. Бұл еңбекте, алғаш рет, өлке су көздеріне қатысты жергілікті географиялық терминдердің мағынасы ашылып, сөздігі құрастырылған.

Осы бөлімшеде Маңғыстау өңірі топонимиясының құрамындағы географиялық терминдерді қарастыратын боламыз. Топонимиялық мәліметтер Маңғыстау облысы топонимдерінде халықтық терминдердің жеке тұрып та, күрделі сөз құрамында қолданылып та аса маңызды рөл атқаратынын дәлелдеп

отыр.

Э.М. Мурзаевтың пікірінше, «Славян және басқа да кейбір үнді-еуропалық тілдердің арасында заманауи географиялық атаулар топонимдерінің асқан көпшілігі жергілікті терминдердің қатысуымен жасалған түркі, моңғол, тунгус-маньжур ортасына карағанда номенклатуралық терминологияның әсерін аз сезінеді» [10, 97 б.].

Ата кәсібінде мал шаруашылығы болған қазақ халқы ұзақ жылдар бойы жер бедерінің ұсақ пішіндері, шаруашылық әрекетіне қажетті су көздері мен мал азықтық өсімдіктері, жайылым түрлері мен олардың маусымдық ерекшеліктері жөнінде географиялық ақпар жинақтап және оларды топономиялық жүйеде барынша көрсете білген. Бұл туралы қазақ халқының географиялық терминологиясын терең зерттеген ғалым Г.К.Қонқашпаев былай дейді: «Разнообразие природы Казахстана: лесостепи и степи на севере до песчаных солончаковых пустынь на юге, включая высокие горы на юге-востоке с их вертикальной зональностью, сказались и на скотоводческом кочевом способе ведения хозяйства, который способствовал детальному знакомству казахов со своей территорией, со своеобразием ее ландшафтов, с элементами природы, имеющими решающее значение для постбищного скотоводства; именно поэтому очень богата, разнообразно и детализирована казахская терминология, связанная с разнообразием природы Казахстан, и прежде всего с пустынями, степными и горными ландшафтами, и поэтому большинство казахских народных географических терминов связано со скотоводством (с типами пастбищ, водоемов, укрытий для скота и т.п.) и сравнительно мало терминов связано с земледелием» [2].

Маңғыстау өлкесінің кейбір жер-су атауларының тарихы арғы дәуірлерге барып тіреледі. Мәселен, көне дәуірде адам өз сөздік қорының аздығына байланысты географиялық объектілердің түр-түсіне, ерекшелігіне орай сипаттама бере алмаған, сол себептен ол өзенді де, көлді де, теңізді де жалпы «су» деп, ал шоқы, қырат, сілемдерді бір сөзбен «тау» деп атаған [11, 67 б.]. Сондай-ақ белгілі ғалым А.Гумбольдт та «Орталық Азия» кітабында: «Орта Азия, Қазақстан топонимдерінің қалыптасу, даму дәуірлері болған. Бұл өлкелердің әуелгі топонимдері тек тау, тас, су, бұлақ, қайнар, жар, бастау, көл, төбе деген сияқты жалпы есім тұлғаларында ғана болғанға ұқсайды» - дейді. Біз бұл пікірді Маңғыстау топонимиясына қатысты да айта аламыз. Сонда өлке топонимдерінің келе-келе күрделеніп, оларға жаңа функциялық мән беретін анықтауыш ақ, қара, қызыл, жаман, жақсы, ащы, ұлы, кіші, сұлу, ала, ақ, сары т.б. атрибуттары жалғасқанын байқатады. Сөйтіп, өлке атаулары тұлғалық жағынан да, функциялары жағынан да кемелдене түсіп, алғашқы қарапайымдылықтан күрделіге бейімделген. Жер-су атауларына халқымыз бір объектінің түрлі белгілерін (түсі, жер бедерінің шішіні, тіршілік дүниесі, климаты т.б.) аңғарып, оған өзінше атау берген.

Терминдердің географиялық атаулармен байланысу тәсілдері әртүрлі. Ең жиі кездесетіндері төмендегілер:

1. Географиялық терминдердің көмекші тәсілдерсіз атауға ауысуы. Мысалы: *Шат, Аша, Үдек, Еспе, Керт, Қапы, Қона, Қолтық, Мұрын, Оба, Орпа, Шетпе, Өзен т.б.*

2. Географиялық термин мен анықтағыш сөздің қосылуы арқылы

Атаулар сыры

жасалған құранды топонимдер: *Қызылөзен, Айрантақыр, Айыртау, Ақбұлақ, Аққун, Басқұдық, Бестас, Борлымүйіс, Еспелісай т.б.*

3. Географиялық терминнің негізіне топонимдерге тән журналдардың қосылуы арқылы жасалған топонимдер: *Ойық, Құмақ, Құмдақ, Таушық, Қабақты, Сазды, Құдықты т.б.*

Маңғыстау топонимдерінде кездесетін терминологиялық материалдарды топтастыра отырып, ең алдымен, терминнің мағынасына, тілдегі қызметіне назар аударамыз. Осыған байланысты жергілікті терминдердің төрт түрлі тақырыптық топтарын ажыраттық: орографиялық, гидрографиялық, некронимикалық, комографиялық (елдімекен түрлері). Кейбір топтар (мысалы, орографиялық және гидрографиялық терминдер) іштей топшаларға бөлінеді.

Бірінші топтың құрамына рельефтің ерекшелігін атауға қызмет ететін орографиялық терминдер кіреді. Жер бедері атауларына: 1) құрылықтағы пішіні бойынша (аумағы, биіктігі, төмендігі, жазықтығы) ерекшеленетін белгілі бір табиғи нысан (төбе, тау, шұңқыр, жазық және т.б.); 2) оның бір компоненті (беткей, шың, баурай, етек, жамбас, және т.б.) немесе 3) негізінен, тауға қатысты айтуға болатын, бүтін бір нысанды құраушы жекелеген компоненттер кешені атаулары (тау жотасы, таулы үстірт, тау басы, тау сілемі т.б.) жатқызылады [6, 15 б.]. Қазақ топонимиясында, сондай-ақ басқа халықтардың топонимиясында терминологиялық лексика жердің жоғары және төмен жатқан формаларын атауда кеңінен қолданылады. Көрсетілген мағына орографиялық апеллативтерді екі топшаға топтастыруға мүмкіндік береді:

1) Жер бетінің көтеріңкі жатқан формаларын құрайтын орографиялық терминдер;

2) жер бетінің төменгі жатқан формаларын құрайтын орографиялық терминдер.

Жер бетінің көтеріңкі жатқан формаларын құрайтын орографиялық терминдерге: *тау, төбе, қия, құз, шың, қыр, жал, адыр, асу, оба, қорым, үйік, жота, бас, қабақ, өр т.б.* жатады.

Адыр – «бір-біріне ұштасып жатқан, белесті дөңес жер». Мысалы: *Қызыладыр,*

Арал – «жан-жағы сумен қоршалған құрлық»: *Құмаралжы,*

Байыр – көнетүркі тілінде, «төбе, көтеріңкі, биік жер» [12, 37 б.].

Мысалы: *Қазбайыр, Қосбайыр, Тұзбайыр т.б.*

Бас – «таудың, қырдың, ең биік жері, шыңы, төбесі». Мысалы: *Бас Айрақты, Басқұмақ, Бөрібас т.б.*

Бел – «таудың, қырат, жотаның жадағай асуы»: *Беласқан.*

Ғаш – «таудың иілген дөңес жері» [13, 87 б.], азербайжан тілінде: «тау тізбегі» мәнінде қолданылады [14, 153 б.]. Мысалы: *Қарағашжал, Қарағашжол.*

Дөң – «көтеріңкі биік жер, төбешік» [4, 165-166 бб.] – *Дөңасқан, Дөңқара, Қоңырдың дөңі т.б.*

Жал – «қырат, қырқа сілемі, жон-жота адыр» [4, 556 б.] – *Есекжал, Ақжал, Қаражал, Қарағашжал, Мәтжанжал, Сыртишаңжал т.б.*

Жар – «табиғат әсерінен (жел үрлеу, су шаю) пайда болған биік қабақ, тіке жай» [4, 669 б.]. *Қызылжар, Жарқұдық, Апажар, Тышқанжар, Қаражар, Көкжар жәрмеңкесі т.б.*

Қабақ – «өзен, тау беткейлерінің тік жарлы болып келуі». Мысалы: *Қабақ,*

Атаулар сыры

Қабақты, Қарақбақ,

Қия – «тік тас беткейлі қырат, жартас» [15, 28 б.] – Қарақия.

Қолат – «бір бағытта төмендейтін, жер бетіндегі ұзынша келген өте жайпақ өзекше»: Қолат, Кәді-Құлат,

Құз – «таудың адам аяғы баса алмайтын шыңы, тік шатқал, биік жартас»: Құздықара.

Құм – «түрлі минералдар мен тау жыныстарынан тұратын өте майда түйіршікті борпылдақ, шөгінді жыныс [17, 467 б.] және «құмды, төбелі, төбешікті, жазықты болып келетін жер бедері: Құмшоқы, Құмаралжы, Құмсауысқан, Құмтоғай, Құмшоңғал, Құмбелексор т.б.

Құмақ – «ұсақ төбешікті жартылай өсімдік басқан құмдар» [12, 313 б.]: Құмақ, Құмақжал, Құмаққапы, Бауырқұмақ т.б.

Қыр – «созылып жатқан биік жер»: Қабыланқыр.

Оба және үйік - «табиғатқа табыну белгісі ретіндегі қасиетті тас үйіндісі» [18, 54 б.] - Ақтау обасы, Бесоба, Қалдаяқ оба, Тасоба, Қособа, Үйоба, Патишалық қос оба Ақүйік, Қараүйік, Қонайдың үйігі, Қосүйік, Қызылүйік, Жетіүйік т.б.

Тау – айналасындағы жерден едәуір көтеріңкі, биік жердің жалпы атауы. Мысалы: Ақтау, Ақмыштау, Желтау, Қаратау, Күрпітау, Таушық, Шөлтау, Жалгантау, Еліктау, Доңызтау т.б.

Төбе – «дөңгелене біткен биіктеу дөң жер», «топырақ, құм, немесе тастан үйіліп қалған биік дөң, шоқы» [19, 645 б.]. Мысалы: Төбе, Ұрытөбе, Шайтантөбе, Сеңгіртөбе, Қаратөбе, Көгалтөбе, Алатөбе, Бәйгітөбе, Сарытөбе, Алтынтөбе, Үштөбе, Хитартөбе, Шайтантөбе, Ұрытөбе, Тастөбе, Тәнімтөбе, Құстөбе, Қоңыртөбе, Көріктітөбе, Жетітөбе, Жалғызтөбе, Бәйгетөбе, Домалақтөбе, Ақтөбе т.б.

Төрткіл – «көне түркі тілінде «төртбұрыш» дегенді білдіреді. Географияда төрткіл деп үсті тегіс, қабырға беткейлері тік төбені не тауды атайды. Шығу тегі жағынан төрткілдер көне бедердің «куәгері» болып табылады, яғни көне таулардың бұзылуынан қалған, тегістікте жалғыз, оқшау көтеріліп тұрған биік төбе не тау» [1, 36 б.]. Мысалы: Хантөрткіл, Түлкілітөрткіл, Сұлтөрткіл, Сарытөрткіл, Қозыбайтөрткіл, Қаратөрткіл, Көктөрткіл, Керітөрткіл, Боқтының төрткілі т.б.

Шағыл – «белес-белес, жота-жота боп үйіліп жатқан құмды төбелер» [170.82] «өсімдік өскен құм төбелер» [107, 39 б.]. Мысалы: Шағылорпа, Шағылқора, Ақшағыл т.б.

Шоқы – «үшкіл пішіндегі дөңес немесе таулардың ерекшеленіп тұратын үшкір шыңы». Мысалы: Үшшоқы, Талшоқы, Сарышоқы, Құмшоқы, Қарасазшоқы, Бесшоқы, Қарашоқы, Қамысшоқы, Құмшоқы т.б.

Шоңқал – «биік, шың» [171, 760 б.]: Үшшоңқал, Құмшоңқал.

Шаппа – «шығуы қиын өр»: Түйемойыншаппа.

Жер бегінің төменгі жатқан формаларын құрайтын орографиялық терминдерге: сай, ой, шұңқыр, ойпат, үңгір т.б. жатады.

Ой – «ойпаң, ойыс жер». «Ағынсыз ойыстар Қазақстан бойынша тек Маңғыстау түбегіне ғана тән жер бедері формасы. Олар тегіс жердегі жай жағы бітеу тұйық ойыс түрінде болады, яғни ағын су кері шықпайды. Жиектері көбіне тік жарлы болып келеді [1, 34 б.] – Егіндіой, Шұқырой, Астауой, Жусанды ой,

Атаулар сыры

Тобықты ой, Ірімшікті ой, Шалой, Ұзынбасой, Сарыой, Орпалыой, Қызылой, Иірдің ойы, Бүргендіой т.б.

Ойық – «жердің ойылған жері». Мысалы: *Жеройық, Көздіойық, Қамысойық, Булыойық т.б.*

Сай – «үлкен жыра, аңғар». Мысалы: *Қарасай, Қызылсай, Сайқұдық, Ащысай, Үшсай, Ұзынбасай, Тассай, Сулысай, Мередсай, Машақсай, Құландысай, Қорғансай, Қамыстысай, Көгендісай, Көксай, Жаңайсайы, Жыңғылдысай, Еспелісай т.б.*

Шұқыр, шұңгіл – «төмен ойылған шұңғыл жер» – *Шұқыр, Ақшұқыр, Қарашұңгіл, Шұқырауыл, Шұқырой т.б.*

Сор – өсімдіксіз тақыр немесе өсімдіктері өте сирек тұзды шөлдердегі ойпаңдар. «Сорлар – Маңғыстауда жиі кездесетін жер бедер түрі. Олар сазды тау жыныстарының әр түрлі тұздармен қанығуынан немесе теңіз тартылуы нәтижесінде тұзды ойыстардың қалып қоюы нәтижесінде пайда болады. Сорлар ағынсыз ойыстарда қалыптасады» [1, 35 б.]. Бұл терминмен жасалған топонимдер: *Сорқұдық, Жамансор, Атанақтың соры, Тығырсор, Түбексор, Тығырықсор, Төңірексор, Қызылсор, Қожақсор, Кішісор, Ащысор т.б.*

Гидрографиялық терминдер табиғи жағдайлармен, өңірдің тарихы мен экономикасына тығыз байланыста дамыды. Аймақтың ерекше континентальді сипаты, атмосфералық жауын-шашындардың мүлде аздығы судың маңызын ерекше көтерді. Сондықтан географиялық терминдер ішінде суға қатысты терминдер едәуір көп кездеседі.

Маңғыстау өңірі топонимикасында негізгі гидронимикалық терминдер ретінде төмендегі сөздер мен сөз тіркестері қолданылады:

1) Табиғи су көздерін жасайтын гидронимдік терминдер:

Су – «өзен, көл т.б. түзетін мөлдір сұйық зат». Мысалы: *Ақсу, Сұмбесу, Қарасу, Сұлшошақ, Түйесу, Қансу, Қызылсу, Борлысу т.б.*

Бұлақ – «басы бастаулардан басталып, баяу ағатын кішігірім су». Мысалы: *Ақшар бұлақ, Көк бұлақ, Ащыбұлақ, Қосбұлақ, Майбұлақ, Сисем Ата бесбұлақ, Атпабұлақ, Ырмақ бұлақ, Аманбұлақ, Ақбұлақ т.б.*

Бұтақ (будақ) – «өзен сағасы, тармақ» [12, 297 б.]: *Ноуарбудақ, Ақбұтақ.*

Көз – «бұлақтың су қайнап шығып жатқан жері, қайнар тесігі» [11, 97 б.]. Мысалы: *Қаракөз, Қаракөзбұлақ, Үшкөз т.б.*

Көл – «айналасы тұйықталған су тоспасы»: *Қаракөл, Көлтабан, Ақкөл.*

Күп – сай тұйығындағы асты тастақты, шұңғыл, су жиналатын орын [20, 194 б.]. Мысалы: *Желшенің күбі, Қаракүп, Оңайкүп, Ойықкүп, Шаңырақкүп, Қотыркүп, Жетікүп, Қоңыркүп, Тесіккүп, Шайтанкүп, Шаттың күбі, Күптісай т.б.*

Қайнар – «судың шымырлап шығып жатқан жері, бұлақтың басы, бастау» [16, 532 б.]: *Қайнар, Тасқайнар т.б.*

Қақ – «шөл жерлердегі шұқырларда іркіліп қалған жауын-шашын суы»: *Жетіқақ*

Қоңырдаң – сай бойына ағын сулардың жиналатын орны. Қоңырдаң аттары көбіне орналасқан жерінің тұрқына, бедеріне, жер атауына т.б. байланысты болып келеді [9, 200 б.]. Мысалы: *Құйылыстың қоңырдаңы, Тас қоңырдаң, Келте қоңырдаң, Ақ қоңырдаң, Бес тастың қоңырдаңы т.б.*

Теңіз – «бір шеті құрлықпен жалғасып жатқан ащы тұзды суы бар бүкіл

Атаулар сыры

әлемдік мұхиттың бір бөлігі) : Каспий теңізі.

Тұран – «асты тастақты, қар, жаңбыр суы көп жиналатын табиғи су қоймасы [9, 212 б.]. Мысалы: *Қызылтұран, Белтұран, Қасқатұран, Тастұран, Қаратұран, Сырымның тұраны, Құсымның тұраны т.б.*

Фонтан – «шапшып шыққан сұйыққа қатысты айтылады»: *Ақфонтан, Қосайфонтан.*

Чай(шай): азербайжан тілінде «өзен, тау өзені» мағынасында қолданылады: *Шайыр, Қарашайлы.*

2) Жасанды су көздерін жасайтын гидронимдік терминдер:

Құдық – «жердің су шығатын қабатына дейін қазылып су шыққан жер, тік шұңқыр [19, 417 б.]. Мысалы: *Аққұдық, Қарақұдық, Ащықұдық, Аяққұдық, Көңдікұдық, Тұщықұдық, Қырыққұдық, Қосқұдық, Борқұдық, Ақшақұдық, Жарқұдық, Молқұдық, Сайқұдық, Сорқұдық, Түрленқұдық, Қоңырқұдық, Тағанқұдық т.б.*

Құй – «кұдық»: *Сайқұй, Қарақұй, Ақшақұй т.б.*

Шыңырау – «терең құдық». Мысалы: *Ақшымырау, Қарашымырау, Бесшымырау, Шымырау, Сарышымырау, Қамышыңырау, Өміршыңырау.*

Орна – «аузы кең, тайыз, әрі шегенделмеген құдық». Мысалы: *Тасорна, Алаторна, Ауызорна, Терең орнақұдық, Шағылорна, Жаманорна т.б.*

Еспе – «сай бойындағы көзі қайраңнан шығатын тайыз құдықтар [9, 190 б.]. Мысалы: *Жаманеспе, Қареспе, Ащыеспе, Ақеспе, Тұщыеспе, Қызылеспе, Ортаеспе т.б.*

Жарма – «терең қазылған арық»: *Жарма, Қонай жармасы, Тобанияз жармасы.*

Бөгет – «ағын суды тоқтату үшін жасалатын бөгеу, тосқауыл»: *Салменбөгет, Төленбөгет, Қалменбөгет, Жарбөгет т.б.*

Салма – «жердің үстінен топырақ үйіп, салынатын су ағар (арық)» [9, 217 б.].

Аудан – «бұлақ суын бөгеп, жинаған үлкен қоныс». Мысалы: *Қарааудан,*

3) Суға қатысты қолданылатын басқа гидронимдік терминдер:

Бас – «тереңдігі 5-6 метрлік құдық» [20, 56 б.]. Мысалы: *Ащыбас, Қызылбас, Қарамандыбас, Тасбас, Бөрібас, Басқұдық т.б.*

Ащы (ажы, аджы) – «ащы сулы құдық» Мысалы: *Елегажы, Қарашажы, Қосащы т.б.*

Құр – «суы жоқ, кепкен»: *Құрқапы, Құрқызылсай, Құрша, Құршығанак т.б.*

3. Комографиялық (елді мекен атаулары) терминдерге: ауыл, қора, қала, кент, қыстау, көң, қоныс т.б. жатады.

Ауыл – «отырықшы болып ұйымдасқан, шаруалардың қыстағы» [19, 58 б.]. Мысалы: *Жаңаауыл, Жарауыл, Қосауыл, Сеңгірауыл, Қазақауыл, т.б.*

Көң – «мал қыстайтын тұрақты қоныс орны, қыстау» [21, 330 б.]. Мысалы: *Бескөң, Қойкөң т.б.*

Кент – «қала, шаһар». Мысалы: *Кент, Кентті, Кенттібаба.*

Қала – «әкімшілік, мәдени және өнеркәсіптік орындары бар, ірі елді мекен» [19, 363 б.], Маңғыстау топонимдерінің құрамында «қорған, тау» мағыналарында да қолданылады. Мысалы: *Шерқала, Қызылқала, Шаңқала,*

Атаулар сыры

Кетікқала, Қысқала т.б.

Қоныс – «малды ауылдың жылда қонып жүрген жері, жайлы орын» [19, 406 б.]. Мысалы: *Қоныссу, Қонысқора, Қоныс т.б.*

Қора – «мал қамауға арналған орын, жай». Қора «қыстау» мағынасында да қолданылады. Мысалы: *Қосқора, Бұзауқора, Әйнектіқора, Бақытқора, Жолболайқора, Қотырқора т.б.*

Қыстау – «малшылардың мал қыстататын қысқы мекені» [19, 440 б.]. Мысалы: *Қырқыстау, Қыстау,*

4. Некронимдік терминдерге: мола, там, мазар, қорым жатады.

Мола – «өлген адамды жерлейтін көр, бейіт» Мысалы: *Ақмола, Байжанмола, Есжан моласы, Жермола, Керегемола, Қосмола, Қыздымола, Мола, Шабаймола, Шаршымола т.б.*

«Там» сөзі де «Маңғыстауда өлілердің үйі, мекені» мағынасында қолданылады. Мысалы: *Айырттам, Ақтам, Әбдірттам, Көктам, Күйеутам, Қаратам, Қостам, Нұрыштам, Тамды, Үштам, Қарғалытам т.б.*

Мазар – «қабір басына тұрғызылатын сәнді құрылыс [19, 447 б.]. Мысалы: *Иманбай Мазар-тамы, Омар-Тұр күмбезді мазары т.б.*

Күмбез – «күмбездеп салынған мола» Мысалы: *Айтман күмбезі, Асалы-Көкетай күмбезі.*

Қорым – «өлген адамдардың сүйегі қойылған қалың бейіт» [19, 410 б.]. Мысалы: *Қалипан қорымы, Қамысбай қорымы, Өзбек қорымы, Сенек қорымы, Төбекұдық қорымы т.б.*

Жергілікті географиялық терминдер мен жергілікті тіл лексикасын мынадай үш топқа бөлуге болады: 1. Әдеби тілге, оның барлық жергілікті лексикасына ортақ терминдер. 2. Әдеби тіл нормасына енсе де, барлық жергілікті аймаққа бірдей түсінікті болмайтын терминдер. 3. Белгілі бір аймаққа қана тән, әдеби тілде кездеспейтін терминдер [21, 128 б.].

1. Әдеби тілге, оның барлық жергілікті лексикасына ортақ терминдер: *құдық, бұлақ, су, тау, төбе, адыр, құм, тас т.б.*

2. Әдеби тіл нормасына енсе де, барлық жергілікті аймаққа бірдей түсінікті болмайтын терминдер: *шат, еспе, орпа, шыңырау т.б.*

3. Белгілі бір аймаққа қана тән, әдеби тілде кездеспейтін терминдер: *кұл, тұран, құй, шоңқал, шүңгіл, салма, үдек, арым, қоңырдаң, түлей, керт, шаппа т.б.*

Ал географиялық терминдердің топоним құрамында кездесу жиілігі көптеген еңбектерде айтылып жүр. Жергілікті географиялық жалпы есімдерді Қазақстан аумағында кездесу ерекшелігіне қарай бірнеше топқа бөліп қарастырған Ғ.Қонқашпаев: «Қазақ топонимдерінің жасалуына халық географиялық терминдерінің барлық түрлері қатысады, бірақ барлық құрамымен емес. Қазақ тілінде небары 600 халық географиялық терминдерінің Қазақстан топонимиясында 200-і ғана кездеседі, оның ішінде топонимдер жасауға белсенді түрде қатысатыны жартысынан азы» – дейді [22].

Жергілікті географиялық жалпы есімдердің Маңғыстау топонимдерінде қолданылу жиілігіне келсек, қолда бар 2700 атаудың ішінде, құдық – 98, сай – 60, төбе – 52, бұлақ – 48, тас – 48, су – 34, құм – 33, тау – 27, ой – 26, шыңырау – 25, орпа – 24, сор – 22, шоқы – 18, төрткіл – 15, жар – 15, еспе – 14, көл – 14, саз – 12, жал – 7, тақыр – 6 рет географиялық атаулардың құрамында кездеседі. Некронимдік терминдердің ішінде там – 35, мола сөзі – 34 рет қолданылған.

Сонымен халықтық немесе жергілікті географиялық терминдер топоним жасауда ең негізгі көз болып табылады. Олар әр халықтың тұрмыс-тіршілігінен, шаруашылығынан, дүниетанымынан мол мағұлмат береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. – Москва, 1984, -653 с.
- 2 Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины. Автореф. дисс.канд. географ.наук. – Алма-Ата, 1949, -17 с.
- 3 Конкашпаев Г.К. Географические названия монгольского происхождения на территории Казахстана // Известия АН Каз ССР. Серия филол. и искусств. Вып. 1(II). – Алма-Ата, 1959, С.85-97.
- 4 Конкашпаев Г.К. Общие особенности тюркоязычной географической терминологии Ср. Азии и Казахстана // Местные географические термины. – Москва, 1970, С.174-17.
- 5 Керимбаев Е.А. Лексико-семантическая типология оронимий Казахстана. Дисс. канд. филол.наук. – Алма-Ата, 1988, -195 с.
- 6 Ермекбаев Ғ.Ж. Жер бедері атаулары (Семантикалық, морфологиялық талдау және фоносемантикалық сипаттама): филол. ғыл. канд. ...дис.. – Алматы, 1999, -135 б.
- 7 Дәулетқұлов Ш. Жер бедеріне байланысты атаулардың он томдық қазақ тілі түсіндірме сөздігінде берілуі. – Қаз. ССР АН Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. №1, 1989, 45-48 бб.
- 8 Жанұзақ Т. Халықтық географиялық терминдердің семантикалық шегі және олардың терминдер жасаудағы орны//Тілтаным, 2009, №4
- 9 Спан Ә., Дүйсенбаева Ж. Ұланғайыр даланың ұлы мұрасы. – Алматы, 2006, -224 б.
- 10 Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. – Москва, 1974, -323 с.
- 11 Мурзаев Э.М. Средняя Азия. Физико-географический очерк. – Москва, 1957, -340 с.
- 12 Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. – Москва, 1984, -653 с.
- 13 Атаниязов С. Туркменистанин топонимик сөзлігі. – Ашхабад, 1970, -365 б.
- 14 Молла-заде С.М. Топонимия Северных районов Азербайджана. – Баку, 1979, -205 с.
- 15 Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины//Известия АН КазССР. Серия географическая. Вып. 3. – Алма-Ата, 1951, С.3-46.
- 16 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. V том. – Алматы: Ғылым, 1980, - 640 б.
- 17 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. VI том. – Алматы, 1982, -624 б.
- 18 Каймулдинова К. Қазақ топонимдерінің этноэкологиялық негіздері. – Алматы, 2001, -92 б.
- 19 Қазақ тілінің сөздігі – Алматы: Дайк-Пресс, 1999, -776 б.
- 20 Қондыбаев С. Маңғыстау географиясы. – Алматы, 1997, - 135 б.

Атаулар сыры

21 Бондарчук Г.П. Местные географические термины и диалектология// Местные географические термины. – Москва, 1970, С.128-130.

22 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005, -794 б.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК Өңір ГИДРОНИМДЕРІНІҢ ФИЗИКА-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Географиялық объектілерге сипаттық атау берерде, адам номинция негізіне ең алдымен өзінің тұтынушылық ниетін қанағаттандыру мақсатын қояды. Осы тұрғыдан объектінің сын-сипатын бағалау, бейнелеу, басқа заттармен ұқсастығын табу және салыстыру арқылы оған атау береді. Қазақ топонимінің негізгі тобын құрайтын күрделі атауларда бірінші орында объектінің сипатын бағалайтын сын есім, екінші ретте атрибутивтік қызметтегі басқа сөз табы тұрады. Сын есімдер объектінің алуан түрлі сын-сипатын, қасиетін, санын, көлемін, формасын көрсетеді. Сонымен гидрообъектілерді атауға қатысатын семантикалық модельдердің қолдану жиілігін, оның себебін, уәжділік, номинациялық сынын қарастырайық. Көп қолданылатын модельдерді семантикалық универсалдықтар қатарына жатқызамыз. Өйткені, объектіні атауда номинация иесіне оның нақты осы сыны басты әрі маңызды болып тұр. Алдында айтып кеткендей, өзен, су, көл объектілері Еуразия континентінің жер ортасының тұрғыны үшін ең бірінші ауыз су, малға суат, қорек ретінде маңызды.

Қолдану жағынан өте жиі кездесетін «судың дәмін» білдіретін семантикалық модельдер тобы болып саналады. Бұл семантикалық типтің «ащы» моделі - 33 рет әр түрлі формада, мәселен, Ащыкөл түрінде – 16 рет, Ащылықөл – 4 рет сияқты атауларда кездеседі. Сонымен бірге өзен, бұлақ, сор, құдық сияқты гидротерминдермен қатар келеді. Мысалы, Ащысор көлі (Қост.обл.), Ащыбұлақ (Ақм.обл), Ащықұдық, Ащысу өені (Қулықөлге) құяды. Модельдің таралу территориясы үш облыс өңіріне біркелкі емес, мысалы, тек ащы көлдердің өзі ғана негізінен қазіргі Ақмола облысында шоғырланған. (15 рет). «В Восточной части (бұрынғы – Г.Б.) Кокчетавской и Акмолинской областей и в центральной части Кустанайской области преобладают соленые озера и соры» /1.56/. Демек, модельдің таралу ареалы дала мен жазық зонасына сәйкес. Бұл зонада орманды аймаққа қарағанда сортаң томарлы жерлердің көп болуы көлдердің тұздануына әкеліп соғады. Дала, орманды жазық ландшафтында тұщы ас суының халық үшін маңызы зор және көлдер суының тұзды-ащы және тұщы суларға бөлінуі жергілікті тұрғындар үшін өте қажет. Көл-өзен аты тұтынушыға бірден суының құрамы, ащы-тұщылығы жөнінде хабар береді. Келесі «тұзды» моделінің де жиі кездесуі осы номинация сындармен түсіндіріледі. Жоғарыда «тұз» терминінің жеке топоним ретінде қолдануы жайлы айтқанбыз. Ал «тұзды» моделі әр түрлі гидротерминдермен, соның ішінде көбіне көл терминімен тіркесіп 7 рет

кездеседі: Тұздыкөл (Ақм.обл). Модельдің көл терминімен жиі қолданылуы, көлдің басты сипатын береді. Мәселен, сор, әдетте, тұзды, түбі торта болып келеді, ал көл сулары тұщы, тұзсыз, мөлдір болуы да мүмкін. Бұл жерде термин бойында да сипаттық қасиет барын айтқымыз келеді.

Осы қатарға Қоржынкөл атауын да жатқызамыз. Қоржын сөзінің мағынасын қазақ тілі емес, моңғол тілінен ашуды көздеп, хужур/ху/д-жир/гуджир «солончак», «солонец» -сор, сортаң –(Соркөл, Сортаң көл) деген, моңғол-қалмақ сөзімен байланыстырдық. Гидронимді үй тұрмысында қолданылатын уақ-түйек зат салуға арналған қоржынға (переметная сумка) ұқсатып қойылған, екі көлге берілген атау деп ашатын гипотезалар да бар. Алайда, қоржыннан басқа тұрмыс заттарының бірі де (мәселен, торсық, аяққап, дорба т.б.) гидрообъектілер номинациясына қатыспайды және қатар келген екі көлге Қоскөл сияқты атаулар беретінін жоғарыда айттық. Сондықтан Қоржынкөл атауының негіне «сор, сортаң» мағынасындағы моңғол сөзі дәйек болып, көлдің ауыз суға жарамсыздығын және геоморфологиялық ерекшелігі басқа тіл арқылы болса да, номинация сыны ретінде қолданылған.

Бұл екі модельге қарама-қарсы мағынадағы «тұщы», «тұзсыз» модельдері қазақ материалдарында кездеспеді, бірақ, біздің ойымызша, суы тұщы, ішуге жарамды объектілер «суат» моделі арқылы аталған. Суат – мал су ішетін жер; қыс айларында мұз үстінен мал суғаруға әдейі ойылатын шұңқыр деп алсақ, суат терминінде өзіндік ақпарат бар. «Суат» моделі Суаткөл атауында 3 рет кездеседі. Суат көлі (Солт.Қаз.обл.)

Өзен-көл суының «ауыз суға, ішуге жарамды-жарамсыздығы» бұл семантикалық типтің басты номинация сыны болып саналады, сондықтан қолдану жиілігіне қарай аталған номинациясының семантикалық универсалдық деп тұжырым жасауға әбден болады.

Судың дәмін білдіретін семантикалық типтен кейін, кездесу жиілігі жағынан екінші орында судың түсін сипаттайтын, «түстік» семантикалық тип тұр. Көл-өзен атауларында, жалпы топонимияда, объектілердің «түстік» атаулары кеңінен қолданылады. Өңір гидрообъектілерінің «түстік» палитрасы қара, ақ, қызыл, қоңыр, сары, көк, боз, ала түстерімен беріледі және мұндай атаулар географиялық объект түсін шартты түрде береді. Гидронимиядағы «түстік» атаулар жайлы топонимикада көп айтылып жүр. Біздің ойымызша, бұл пікірлерді тұйық суға қатысты, ағын суға қатысты деп екіге бөліп қарастырған жөн сияқты. Көбіне талдауға, пікірталасқа түсетін «түстік» ағын су-өзен атаулары, тұйық су, көл атауларына келгенде, «түстік» сөздер өз мағынасын сақтайды деген ойды дәл осы түрінде ғалымдар еңбектерінде кездестірмесек те, талдау барысында «түстік» атаулар көлдің түсін білдіреді деген тұжырымға келуге болады. Дәлел ретінде түстердің көл терминдерімен тіркесу және қайталану жиілігін келтіреміз.

Жиі кездесетін «қара» моделі әртүрлі гидротерминдермен тіркесі 51 рет кездеседі. Терминдердің қара моделімен тіркесу қабылеті біркелкі емес.

Мәселен, сор терминімен -22, томар -6, көл – 6 рет қатар келіп, тұйық судың пайда болуы, қоректенуі жайлы ақпарат береді. Топонимикада Қаракөлдер жер асты суларынан пайда болып, түбі лай-батпақты, суы мөлдір емес тұзды сортаң көлдер екені белгілі. Олар алыстан қарақошқылданып көрінеді. «Қара» моделінің сор терминімен тіркесу белсенділігі де оның гидрографиялық ерекшелігімен, түбінің тартпа, лай, батпақты болуымен байланысты.

Осы семантикалық тип аясында қарама-қарсы «ақ» моделі қолдану жиілігі жағынан «қара» моделінен азырақ. Көл терминімен – 12 рет,+ суат – 3 рет, сор терминімен 1 рет, ал томар, тұз, копа терминдерімен мүлде тіркеспейді. «Ақ» моделінің бұл тіркесу ерекшелігі оның топонимикадағы семантикасымен байланысты деп ойлаймыз. Ақкөлдердің суы мөлдір, тұнық, жағалауында құмы ақшыл болып келеді. Күнделікті өмірде, шаруашылыққа жарамды әрі пайдалы, ауласа балығы бар, шомылса суы мөлдір, таза көлдерді халық Ақкөл деп атайды. Сонымен көл терминдерімен тіркесе келгенде қара, ақ модельдері өзінің түстік мағынасын сақтайды.

«Қара», «ақ» модельдерінің су терминімен қатар қолданылатын өзендер атауы жалпы Қазақстан территориясында баршылық. Бұл гидронимдер жайлы ғалымдар өз еңбектерінде көп айтып жүр (Б.Бартольд, А.Кононов, Э.Мурзаев, А.Суперанская, Е.Қойшыбаев, В.Попова, О.Султаньяев). Пікірлерді талдай келіп, ақсу –ағын, таза, тұщы сулы өзен, қарасу – екі түрлі түсіндіріледі: а) ағынсыз су, сортаң, жаз айларында өзендердің тартылуынан пайда болатын көлшіктер; ә) бұлақтан бастау алатын өзен деген анықтамаға тоқталамыз. В.Попова өз еңбегінде Ақсу, Қарасу гидронимдерін географиялық термин-индикатор деп қарайды. /2.11/. Бұған бізде келісеміз, өйткені жеке гидроним ретінде Қарасу 7 рет, ал апеллятив орнында (постпозицияда) 4 рет кездеседі, мысалы, Қыздың қарасуы өзені (жоғалып кетеді), Манқарасу өзені, Қанқарасу өзені екеуі де Жаман Қон өзеніне құяды. Ащықарасу өзені – Қалибек көліне құяды. Сол сияқты Ақсу гидронимі де (2 рет) кездеседі (Итемен, Қалибек көлдеріне құяды). Қазақстанның басқа аймақтарында (Шығыс және Оңтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарында) Ақсу, Қарасу гидронимі көп болғанымен, біздің өңірде қолдану жиілігі аз. Бұл құбылысты солтүстік аймақтың гидрогеографиялық ерекшелігімен, ағын судың (Есіл өзені мен оның салаларынан басқа) аздығымен түсіндіруге болады.

«Түстік» семантикалық типтің жиі кездесетін моделінің бірі – ала (18 рет). Топонимдік қолданымда көл (17), сор (1) терминдерімен қатар келеді. Е. Қойшыбаев: «Ала-көл (түркі-моңғол) «ұлы көл» немесе (сөзбе-сөз) одан көнелеу «тау көлі» деген мағынаны береді деп жазады /8.30/. Біздің ойымызша, атау көл суы түсінің біркелкі емес, құлпырмалы болуына байланысты. Көл суы бір тұста шымқай көк мөлдір болып жатса, басқа жерінде сарғыш түсті ботала болып жатады. Жалпы, қазақ бір түстің сәл солғындау реңімен қатар келсе, «ала» сөзін қосып айтады, мысалы, сары ала жапырақтар, көк ала сиыр т.б.. Сондықтан номинация негізіне объект түсінің өзгеруі басты сын ретінде енген деп ойлаймыз.

«Қызыл» моделі өңір гидронимдерінде 16 рет кездеседі. Оның ішінде 13 рет көл индикаторларымен 3 рет өзен терминдерімен қатар келеді. Қызылсу – Есіл өзенінің саласы, Қызылқай өзені Шұрабай Нұра өзеніне құяды, Қызыл көлі – Ақм.обл., Қызылсор көлі –Ақм.обл., Қызылкөл – Қост.обл. Кейбір ғалымдардың айтуынша, «қызыл» гидронимдік қолданыста заттың түсін емес, ауыспалы мағынада «терең емес, тайыз» өзен-су, көлді білдіреді (В.Никонов, Е.Қойшыбаев), ал енді біреулері тура мағынасында «өзен-көлдердің ери бастаған кезде бетіне шығатын су» деп алып, гидрообъектінің пайда болу ерекшелігіне сілтеме жасайды. Солтүстік өңірде кездесетін «қызыл» модельді гидронимдерді талдай келе, бұл атау объектінің түсіне, яғни жағалауы қызғылт ұсақ тасты болуына қарап қойылады деген тұжырым жасауға болады. Сонымен бірге «тайыз, терең емес көл» сынын да жоққа шығаруға болмайды. «Қызыл» моделі басқа гидротерминдермен қатар қақ индикаторымен де қолданылады. Қақ – жауын-шашыннан соң тақыр жерге іркілген су деген анықтамасына жүгінсек, Қызықақ атауы терең емес, тайыз көл су мағынасына сай келетін сияқты. Өйткені жауын-шашыннан терең көл пайда бола қоймас.

Келесі «түстік» гидронимдер «сары» моделімен байланысты. Көл, қопа, бұлақ, өзен, су терминдерімен 13 рет кездеседі. Мұдай атаулар негізінде заттың түсі «суы сарғыш, лай» номинация сыны ретінде алынған. «Сары» моделі қатысқан атауы бар гидрообъектілер негізінен тайыз, аз сулы болып келеді, сондықтан өзен-көл суының реңкі түбіндегі саз-батпақтың түсіне сай қабылданады. Мысалы, Сарыөзек өзені –Есілдің саласы, Жолдыбай көліне құяды. Сарыкөл –Қост., Ақм. обл., Сарықопа көлі –Қост.обл.

Жиілігі жағынан шағын, аз қолданылатын келесі «түстік» модельдер: боз – 6, қоңыр – 4, шұбар – 2, көк – 1. Мысалы: Бозкөл –Қост.обл., Бозшасор көлі – Ақм.обл., Бозшакөл – Қост. Обл., Қоңыркөл – Ақм.обл., Қоңырөзені Аршалы өзеніне құяды, Қоңырсу өзені – Есілдің оң саласы, Шұбаркөл – Қост., Солт.Қаз. обл. Жалпы осы өңірдегі «орыс» гидронимдерімен салыстырғанда, «түстік» модельдер түркі (қазақ) атауларда кеңінен жұмсалады. Табиғаттағы жеті түстің бәрі дерлік (ақ, кара, сары, боз, қоңыр, көк) гидроним жасауда жоғарыда талдағандай белсенді қатысуы олардың түпкі негіздегі мағынасының (заттың түсі) сақталуынан ба деген ой туады. Дегенмен де адам баласы айналасын түрлі реңктерде қабылдап, түстік атаумен белгілеу заңды.

«Судың иісіне» байланысты қойылған семантикалық тип құрамында модельдер саны аз және жиілігі жағынан да көп емес. Мәселен, «сасық» моделі көл, қопа, сор терминдерімен қатар 7 рет, мысалы, Сасық көлі, Сасыққопа көлі – Ақм.обл., Сасықкөл – Ақм., Солт.Қаз., Қост. облыстарында кездеседі. Саны жағынан аз болғанымен, мұндай атаулардың пайда болуы заңдылық. Суда, оның табиғи құрамында иіс болмайды, алайда түбіндегі, жағасындағы органикалық қалдықтардың шіруінен немесе көлде арасан су (минерал) көзінің болуы суда иістің пайда болуына әкеліп соғады. Судың түбінде және жағасындағы аноэробты үрдісті, яғни сасық газ-метанның (СН₄) шығуын «сасық» моделі дәл атайды. Әдетте, сасық сулар ауыз суға жарамсыз

және шаруашылықта да өте сирек қолданылады, яғни бұл номинация сынының тұрғындар үшін ақпараттық маңызы бар. «Судың дәміне» байланысты қойылған семантикалық типте басты номинация сыны судың «жарамды, жарамсыз» сыны болатынын жоғарыда айттық. Адам кез келген затты көру (көз), иіскеу (мұрын) және дәм түйсіктері арқылы қабылдайды. Сондықтан «судың иісіне» байланысты семантикалық тип сынын да судың жарамсыз сыны деп бөлеміз, тек бұл жолы атау мұрын жолдарының қызметі арқылы қойылады.

Нақты бір рельефпен байланысты номинация сыны «терең», «жалпақ» модельдері арқылы беріледі. «Жалпақ» номинация сыны көл маңайына қатысты жер бедерін және көл түбінің рельефін көрсетеді. «Жалпақ» моделі зерттеу аймағында 4 рет кездеседі. Бұл модель кей жағдайларда «терең» моделіне қарсы мағынада қолданылады, себебі «тайыз» моделі бұл өңірде гидрономинацияға қатыспаған. Тереңкөл атаулары суы әжептәуір терең немесе терең емес, бірақ түбі шұңқырлы, ойлы көлдерге беріледі. Қазақстанның солтүстік өңірінде терең көлдер көп емес, өйткені көлдердің көбі суффузиялық ойыстарда пайда болады.

Біздің ойымызша, «жалпақ», «терең» модельдері көлдің көлемімен де байланысты. Модельдер көлемі жағынан кіші және орталау көлдерге қатысты қолданылған, ал үлкен көлдерді бұл модельдер арқылы сирек атайды. Әдетте, үлкен көлдер терең келеді, сондықтан олар үшін терең сыны дифференциалдық сын болып саналмайды. Көлемі кіші көлдердің тереңдігі - алуан түрлі, сол себептен терең номинация сыны бір объектіні ерекшелеу үшін қолданылады. «Терең» моделі Тереңкөл, кейде Тарангүл түрінде (орыс тілінде фонетикалық адаптациялау) 4 және 2 рет Ақм., Қост., Солт.Қаз. облыстарында кездеседі.

Гидрообъектілердің маңызды номинациялық сынының бірі «объект формасын» білдіретін семантикалық тип «ұзын», «шолақ», «дөңгелек», «жалпақ», «келте» модельдері арқылы іске асады. Ең жиі кездесетін семантикалық модель – ұзын (26 рет). Ұзынкөл атауы зерттеу аймағында 12 рет кездеседі, мәселен, Ұзынсор –Ақм., Қост.обл., Ұзынтомар – Солт.Қаз.обл., Ұзынмый көлі – Қост.обл. Антонимдік мағынадағы келте, шолақ, шолақ, қысқа (мүлде кездеспейді) сын есімдерінің кездесу жиілігі аз. Мәселен, шолақ – 4 рет, келте -1 рет қана ұшырасты. Шолаққопа көлі –Қост.көлі., Шолақөзек өзені – Ақм.обл., Шолақсу өзені, Келтесу өзені (екеуі де жоғалып кетеді).

Келте, ешқайда құймай, айдалаға сіңіп жоғалып кететін өзенді мұқыр деп атайды /3.29/. Аталмыш «мұқыр» моделі көптеген тілдерді, тіптен тұңғыс –маньчужур тілдерінде кең тараған. О.Молчанова өз сөздігінде оның бірқатарын келтіреді, мәселен, ойрат, алтай тілдерінде моко «тұқыл, келте», қырғыз тілінде мукур «аласа, типық», тува тілінде могоур «тоқал» деген мағыналарды білдіреді екен. Қорыта айтқанда, мұқыр сөзінің мағынасы «келте, ешқайда құймайтын айдалаға сіңіп, жоғалып кететін қысқа шағын өзен» дегенді білдіреді. Мұқыр өзені, Мұқырөзек өзені т.б. Сонымен «қысқа»

сулардың кездеспеуі, мұқыр гидронимінің қолдану жиілігіне (5 рет) әкеледі.

Осы семантикалық тип аясына «дөңгелек», «жалпақ» модельдері де кіреді. «Дөңгелек» моделі қолдану жиілігі жағынан аз болғанымен, модельді рәсімдеу түрлері көп екенін байқадық. Дөңгелеккөл формасында 3 рет кездеседі, ал метафора арқылы жасалған Аяқкөл – 4 рет (Қост., Солт.Қаз.обл), Тостағанкөл 2 рет (Ақм., Қост.обл) сияқты атаулар баршылық. «Сексен көл Көкшетаудың аясында, Әрқайсы алтын кесе аясында» деген Сәкен сөздері бұл ойымызға дәлел болмақ. Сонымен бірге объектінің формасын екінші түрде метафора әдісі арқылы Алқакөл (4 рет), Алқасор (4 рет) атауларында береді. Басқа дөңгелек формалы заттардан қыздың мойнына салатын алқасын ерекшелеп номинация сыны ретінде алуы халықтың тұрмыс салтымен байланысты деп ойлаймыз. Номинацияға алқаның дөңгелек формасынан басқа оның әдемілігі, сырт бейнесі тағы сол сияқты басқа ерекшеліктері қатысқан сияқты.

Жалпы «объект формасы» семантикалық типі объектіні атауда өте жиі қолданылады, сондықтан оның кейбір модельдерін (ұзын) семантикалық универсалдықтар деп атауға болады.

«Үлкен» және «кіші (кішкене, кішкентай)» модельдері арқылы іске қосатын «объектің көлемін» білдіретін семантикалық тип те универсалдықтар қатарында деп ойлаймыз.

«Үлкен», «кіші» модельдері бір-біріне қарама-қайшы тұрып, көбіне коррелятивті жұп түрінде келеді. Алайда, мұндай жұптың болуы міндетті емес және номинация сыны объектінің басқа сынының қатысынсыз да оқшаулануы мүмкін. Мәселен, «үлкен» гидронимдер -25 рет, «кіші» атаулар 20 рет кездеседі. Бұл модельдер тек гидротерминдермен қатар келіп те, гидроатаудың «үлкен-кіші» сынын айқындап та келе береді. Екі объектіні ажырату масатында қолданылады, мысалы, Үлкен Қарой, Кіші Қарой, Үлкен Жамантұз, Кіші Жамантұз т.б. Әдетте мұндай атаулар жұп түрінде болады, үлкен гидроним болса, кішісі де болуы керек. Саны жағынан «үлкен-кіші» атаулар шамалас – 14 және 11 рет.

Бұл деректерге «Большой, малый – қазақ атауы -+географиялық термин» (Большой Арықбалық көлі) формасындағы гидроатаулар қосылмаған. Мұндай гидронимдерді жартылай калька арқылы жасалған атаулар деп жұмысымыздың келесі тармағында қараймыз.

Тек жалаң терминмен тіркесіп, Үлкенкөл, Кішікөл, Кішкенекөл, Кішкентайкөл түрінде бұл модельдер 9 (үлкен), 12 (кіші) рет кездеседі. «Кіші» моделінің «кішкене, кішкентай» түрлерін бірге санадық.

Жер бетіндегі гидрообъектілердің «бағалау сыны» «жақсы», «жаман» модельдері арқылы көрсетіледі. «Жаман» моделі «жақсыға» қарағанда жиі кездеседі (жақсы-10, жаман -17 рет). Мысалы, Жамантұз, Жаманқопа, Жамансор, Жақсыкөл-Жаманкөл, Жамантомар-Жақсытомар сияқты гидронимдерді атауға болады. Номинация иесі қонысқа, шаруашылыққа жарамды жайлы жерлерді басқа ерекшелігі, сыны бойынша атап, жарамсыз,

жайсыз жерде тұрмайтындықтан «жаман» атауын береді. Сапасы жағынан ажыратылатын екі объектіге бірін-бірінен айыру үшін (мүмкін ертеде даладағы бағыт-бағдар үшін) жаман, жақсы деген оним берген. Егер екі объектіде де жаман болса, оларды саралап, Үлкен Жамантүз, Кіші Жамантүз деп жіктеген. Жаман сөзінің коррелятивті жұбымен аталуы міндетті емес.

Келесі универсалды семантикалық типті «гидрообъектінің өсімдік атауына қатысы» деп бөлдік. Бұл семантикалық типті В.Попова өз еңбегінде фитотопонимдер деп бөліп, ғылыми тұрғыдан терең талдаған. Оның ойынша, «өсімдікті» географиялық атаулар сол жердің өсімдік әлемінен тікелей байланысты /2.84/. Гидронимдік мәліметтер бойынша фитогеографияны – өсімдіктердің, олардың түрлерінің таралуын зерттеуге болады. Гидро және басқа географиялық объектілердің флоралық атаулары ғалымдарға медицинада, өнеркәсіпте, тағы басқа салаларда қолданатын өсімдіктердің түрлерін іздеуге көп көмек етеді және әртүрлі жағдайларға байланысты жоғалып кеткен өсімдіктердің көне таралу ареалын анықтауға себебін тигізеді /4.48/. Бұл семантикалық типтің ең жиі кездесетін моделі – қамыс (19 рет). Соның ішінде Қарақамыс көлі, Уаққамыс көлі, Шоққамыскөлі, Қамысты өзені, Қамыстыкөл, Қуқамыс сияқты гидронимдер кездеседі. «Қамыс» моделінің солтүстік өңір территориясындағы атау құрамында жиі болуы көлдерде су өсімдіктері қамыс, қоғалардың мол өсуімен байланысты.

«Тал» моделі Талдыкөл, Талдытомар, Талдыөзек, Талдысай, Талдықопа атауларында 10 рет кездеседі. Тал сулы жерде, өзен-көл жағалауында өседі, сондықтан объект жағасында, маңайында мол өсетін тал ағаштары номинация сыны ретінде қолданылған.

Келесі жиі қолданылатын – «саумал» моделі, 6 рет көл терминімен кездеседі. Саумал (саумалдық (Dxura Hill) –«кисличник» қымыздық көп өсетін жағалау көлдің атына негіз болып отыр. Саумалкөл атауы жазық және орманды дала зонасында кеңінен тараған. Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданының орталығы көл атауымен Саумалкөл аталады.

Қайың, терек, қарағай сияқты ағаш атаулары да гидронимдік номинацияда жиі қатысады. Мәселен, «қайың» моделі 6 рет, «терек» және «қарағай» 4-5 реттен Қайыңдыкөл, Қайыңдысай, Қайыңдықопа, Теректісор, Теректікөл, Қарағайлыкөл атауларында кездеседі. «Қамыс», «тал» моделдеріне қарағанда ағаш түрлеріне байланысты атаулардың аз болуы өңірдің физика- географиялық ерекшелігіне, жазық, далалы болуына деп ойлаймыз. Орманды дала зонасында ашық алаңқай жерлер көп, орманды, ағашты участоктар аз, сондықтан су жағасындағы азын-аулақ ағаш атауы номинациялық сын болу мүмкіндігі аз болады. Сонымен қатар жазық, далалы ландшафт орманды зонада еленбейтін су өсімдіктерін (қамыс, тал, жыңғыл) оқшаулауға әсер етеді. Осы семантикалық тип аясында шие (5), қоға (4) шоғыр «боз жусан» (3), шөп (2), мойыл (1), қына (1) моделдері арқылы жасалған гидронимдер де кездеседі. Мысалы, Шиелісай, Шиелібұлақ, Шөптікөл, Шоғырлыкөл, Мойылдыбұлақ, Қыналысай, т.б.

Атау берушіге номинация кезінде «объектідегі өсімдіктің бары» қаншалықты маңызды болса, «өсімдік атаулының жоғы» да соншалықты маңызды. Сортанды жерлерде, көлдер бетінде не жағасында өсімдіктердің өспеуі де номинация сыны ретінде оқшауланады. Сондықтан бұл тип модельдері – «жалтыр», «жалаңаш», «тақыр», «таз» терминдерін қолдану жағынан жиі болып келеді. Жинаған материалдарымыз арасында «жалтыр» моделі жеке еш географиялық терминсіз 17 рет кездеседі.

Кейбір ғалымдардың «жалтыр» моделін термин-индикатор ретінде талдауы оның терминсіз жиі қолдануымен байланысты сияқты. Бірақ картографиялық тіркеуде «жалтыр» болғанымен, тұрғылықты халық Жалтыр демей Жалтыркөл деп атайды. Осы мағынада қолданылатын жалаңаш – 4 рет, «таз», «тақыр» модельдері - реттен кездеседі. Жалаңаш көлі, Тазкөл-Қост.обл., Тақыркөл, Жалаңашсор – Ақм. Обл.

«Жануарлар атымен» байланысты семантикалық тип модельдері алуан түрлі. Бұл топқа Қазақстанның солтүстік өңір жануарларының аттары кірген гидронимдер жатады. Мұндай географиялық атаулар жануарлардың қазіргі және ертедегі таралу ареалы жайлы маңызды ақпарат бере алады. Олар бұрынғының ең сенімді куәлары болып саналады, өйткені гидронимдер мен көне топонимдер арқылы кейбір жануарлардың өмір сүру орындарын анықтаған мысалдар өте көп. Топонимдердің көбі өзен-көл жағалауында мекендейтін, суда жүзетін құс аттарымен байланысты болып келеді. «Шағала» моделі жиі қолданылады. Шағалалы көл, су, теңіздердің көп болуына құстың сырт бейнесі (түсі), яғни эстетикалық жағы әсер ететін сияқты. Шағалалы зені – Есілге құяды, Шағалалы теңізі, Шағалалыкөлі Ақм., Солт.Қаз. облыстарында кездеседі.

Келесі «қу» моделі объект маңайында жалпы құс атаулының немесе аққудың көп болуымен байланысты. Аққу құсы қазақ халқында қасиетті құс саналады, «аққуды атуға болмайды, киесі атады» деген наным-сенімге байланысты көл сұлуы атау негізіне кіреді. Сондықтан Қулықөпа, Аққулытомар, Аққу көлі, Қулықөл, Аққусор атаулары аңшыларға ескертпе ретінде ақпарат береді және құстың сұлу бейнесі атау берушіге ерекше сын ретінде көрінеді. Бұл модельдің кездесу жиілігі -8 рет, Әуілдек моделі 5 рет кездеседі. Әуілдек құсының (выпь) мекендейтін көлін Әуілдек атауы құстың шығаратын дыбысына байланысты болып келеді. Әуілдек құсының дыбысы ауыр затты көтерерде адамның «әуп» деген одағай сөзімен үндес келеді. Күркілдек, Шаршылдақ гидронимдерін осы типтес көл маңайындағы құстардың дыбыстарына немесе судың ағысындағы дыбысқа сай қойылған атаулар деп ойлаймыз. Күркілдек гидроатауы өңірде 5 рет ұшырасады, атауға жағасында құр (тетерев, куропатка) құсының мекендеуімен, олардың дыбысынан көл маңайы үнемі гүрілдеп-күрілдеп, азан-қазан болып жатуымен байланыстыратын уәж жергілікті тұрғындар арасында жиі кездеседі. Құр құсының Құркөл атауларына негіз болады деген пікірмен қатар «құрғақ көл, суы тартылып құрғап қалған су орны» мағынасында да уәждеме беруге

болады. Бұл аталған тұжырымдарды жоққа шығармай, Құркөл гидронимін «жан-жануарлар, құстар әлемімен» байланысты атаулар аясында қарастырамыз. Құрдың зерттеу аймағында көп болуы және қысы-жазы аңшылардың кәсібі құсты аулауы «құр» моделінің жиі қайталануына басты уәж болады. Өңір суларында кездесетін құс аттарымен байланысты басқа модельдер саны онша көп емес, мысалы, үйрек – 1 рет, Үйректікөл – Қост.обл., Бірқазан көлі – Ақм., Қост.обл., Бірқазан – 2 рет, т.б.. Осы тип аясында басқа семантикалық модельдердің қолдану жиілігі жеткілікті. Жағасындағы қамыс, ормандарда өмір сүретін жануарлар аттары номинация сынына қатысу жиілігі жағынан әртүрлі болып келеді. Мысалы, «шошқа» моделінің 11 рет кездесуі жергілікті тұрғындардың (қазақтардың) діни наным-сенімімен қатар адамға қауіпті деген ескерту уәжімен байланысты деп ойлаймыз. Шошқа деп қазақтар қамыс, көл жағасын паналайтын жабайы қабанды да атайды. «Шошқа» моделінің қайталану жиілігі діни наныммен қатар аңшы, жүргіншілерге ақпараттық қызмет атқарады, мысалы, Шошқалы көлі, Шошқа көлі, Шошқалықамыс, Шошқасор т.б.. Мағыналас «доңыз» моделі 3 рет ұшырасады. Доңыздықөл, Доңыздықамыс, Доңызкөлі атаулар зерттеу аймағында Шошқалы көл атауымен қатар жүреді. «Қоян» моделі - 5 рет, «құлан» - 5 рет, «арыстан», «ит»- 2 рет, «қасқыр», «киік», «қабылан» модельдері - 1 реттен кездесуі жергілікті тұрғындардың аңшылық кәсібін қажетті ақпарат берумен қатар қазақ даласындағы түз аңдарының болуы заңдылық екені ескеріліп, үйреншікті құбылысты даралап атаудың номинациялық сынының мазмұнына енгізбеген. Аталған модельдердің қатысуымен Қояндыкөл, Қояндықопа, Құланөтпес өзені, Құланды өзені, Арыстансор, Итемгенкөлі, Қасқырлықамыс, Киіктікөл, Қабылансоры, т.б.с.с. гидронимдер тіркелген. Жабайы аңдар аттары номинацияға онша көп қатыспағанымен, үй жануарлары, әсіресе төрт түлік мал атаулар, тіпті жасына қарай бөлінетін атаулары өте жиі қолданылады. «Жылқы» моделінің барлық түрлері (тай, ат, байтал, дөнен, бие, айғыр, жылқы) гидрообъектілерді номинациялау процесіне белсенді қатысады. Мәселен, Тайқашқан, Байталсойған, Дөненді, Биебайлаған, Жылқықамаған сияқты көл атаулары және микрогидронимдер көп ұшырасады. Сол сияқты «түйе» моделі, «қой», «ешкі» модельдері де гидронимдер құрамында көптеп кездеседі. Бозтайлақ, Түйелікөл, Наршөккен сайы, Атансор, Боталысай, Қойтоғытқан көлі, Қойсойған көлі сияқты атауларда қазақ халқының басты кәсібі – мал шаруашылығымен байланысты іс-әрекеттері (тоғыту, сою, байлау, т.б.) көрсетіледі. Ал «сиыр» атаулары басқалармен салыстырғанда аз ұшырасады (3 рет), Бұзау өлген көлі, Тайынша көлі, т.б. Бұл факті сиыр малының Сарыарқаның қатты қысына шыдамайтын, көшпенді өмірде оны бағу қиындығымен және төрт түлік мал санатына кірмеуімен уәжделген болуы керек.

Жануарлар аттарымен байланысты семантикалық тип құрамына «жылан, сүлік, құрт, сона, шыбын» сияқты семантикалық модельдер де кіреді. Жиі

кездесетін модель – «жылан» - 10 рет. Номинация кейде тура (Жыландыкөл, Жыландысай), кейде ауыспалы (Жыланшық өзені – ирелеңдеген ағысына қарай) түрде болады. «Сүлік» моделінің 5 рет кездесуі өмірде (ем-домда) қолдану маңыздылығымен уәжделген болуы керек, мысалы, Сүліктікөл, Қансүліккөлі (Ақм., Қост. обл.).

«Құрт» - 4 рет, «сона», «шыбын» модельдері - 3 реттен, мысалы, Құрттыкөл, Құрттысай, Соналыкөл, Шыбындыкөл, Соналықамыс сияқты гидронимдерде ұшырасады. Мұндай атаулар негізіне малға жайсыз, тынышсыз болады деген номинация сыны қолданылған. Шыбындыкөл, Соналы көл маңайына мал иірудің ыңғайсыздығы басты ақпарат ретінде келеді.

«Балықты» семантикалық типіндегі модельдер саны «жан-жануарлы» типке қарағанда аз. Ең жиі қолданылатын семантикалық модель – «балық». Көл, сор терминдерімен тіркесіп Балықтыкөл, Балықты көлі, Балықтысор атауларында 15 рет кездеседі. Екінші орында «шортан» моделі - 5 рет (Шортандыкөл, Шортан көлі), майбалық, сарыбалық – 3 ерттен (Майбалық көлі, Сарыбалық көлі), итбалық – 2 рет. Көл-өзендерді атауда балықтың болу-болмауы ең басты номинация сыны ретінде қолданылған. Балық түр-түрін бөлу мал шарушылығымен айналысатын қазақ халқына маңызды болмаған. Қай түрі болмасын, әйтеуір жүзетін балық-шабағы бар суларға «Балықты» атауын қойып, оның түрін ажыратып жатуды мақсат тұтпаған. Сондықтан бұл өңірде Алабұғалы, Табанкөлдердің жолықпауы жергілікті тұрғындардың кәсіби шаруашылығымен байланысты деп ойлаймыз. Ал Шортанды, Шабакты көлдердің кездесуі орыс тілінің әсері (калька) деп ойлаймыз, мысалы, Щучье, Малое Чебачье, Большое Чебачье көлдері атауларын аударуы арқылы жасалған. Кейбір гидрогеологтардың ойынша, бұл көлдердің көне аттары мүлде басқаша болған. Мәселен, Большое Чебачье көлі – Айнакөл, т.б. /5.33/.

«Объект түбінің рельефіне» байланысты семантикалық тип модельдері – бор, батпақ, тас, құм. Ең жиі «борлы» моделі кездеседі. Көл, сор, өзен терминдерімен тіркесіп, объект суының лай, ақбалшықты, борлы екені жайлы ақпарат береді. Бұл модельдің кең таралу себебі – солтүстік өңірде ақ балшықты жерлер өте көп. Керамикалық плита, қыш тақтайшалар жасауға, қағаз жасауға қолданатын каолинді жергілікті халық ақ балшық деп атап, үй әктеуге қолданады. Кеңес одағы кезінде бұрынғы Көкшетау облысында каолин комбинаты болған. Сонымен көлдердің түбіндегі ақ балшық, бор номинация сыны ретінде алынған модель 14 рет кездеседі, мысалы, Борлыкөл, Борлысор, Ақбалшықтысай, Борлысай – Ақм. обл..

Жиілігі жағынан екінші орында «құм» моделі тұр. Қолдану жиілігі – 12 рет. Құмдыкөл, Құмдақтыкөл, Құмкөл формаларында солтүстік өңірге тарау ареалы біркелкі. Бұл атаулар көл түбінің рельефі жайлы ақпаратпен қоса, шаруашылықта қолданатын құмның орны жайлы және суы таза, мөлдір көл деген уәжбен де негізделген. Кейде кейінді ықпалдың әсерінен Құндыкөл деп те аталып та жүреді.

Бұл семантикалық тип «*тасты*» моделі арқылы да іске асады. «Тасты» моделі солтүстік өңірде көл, шалқар терминдерімен тіркесіп 9 рет кездеседі. Түбі ұсақ тасты немесе тасты жерде орналасқан объектілердің **Тастақ көлі, Тастыкөл, Ақтастыкөл, Тастышалқар** аталуы заңды. Бір байқағанымыз «*тас*» моделі арқылы жасалған гидронимдер бұрынғы Көкшетау облысында (таулы-тасты өңірде) шоғырланған (5рет).

«*Батпақ*» моделі **Батпақкөл, Лайкөл, Милыкөл, Саздыкөл** түрлерінде 9 рет кездеседі. Модельдерінің қолдану жиілігіне қарап бұл типті семантикалық универсалдықтар қатарына жатқызуға болады.

Гидрообъектінің «орналасу жері немесе пайда болған орнына» байланысты семантикалық тип *жар (жаркөл), шұңқыр, шұқыр* модельдері арқылы беріледі. «*Жар*» моделі **Жаркөл, Жарлыкөл, Жарсор** атауларында солтүстік аймақта 26 рет кездеседі. Модельдің семантикасында көлдің жағасында тік жардың болуы. «...расположенные в древней эрозионно-тектонической меридиальной долине, ... характеризуются мощными береговыми валалми» /6.15/, яғни өзен-көлдің биік жары, кемері бар деген номинация сыны бар. Жалпы, жар сөзі өңір топонимиясында кеңінен таралған (**Қызылжар, Ақжар**). Семантикасы жақын келесі модельдер «шұқыр», «шұңқыр» 8 және 6 рет кездеседі. Атаушы шұқанақты, ойыс жердегі гидрообъектінің орналасуын номинация сыны деп алып, оним негізінде қолданған. **Шұқыркөл, Шұңқыркөл, Шұқырсор** гидронимдері қоныс орындары мен аудан орталықтарына да атау болады.

Есептік сан есімдердің жалқы есімдер, соның ішінде гидронимдер, құрамында қолданылуы әлем халықтарының тілдерінде кеңінен таралған. Бұл жөнінде Э.Мурзаев топоним құрамындағы есептік сан есімдер мағынасын талдау қызғылықты және олар объектінің нақты санын емес, оның көптігін, біраз, бірнеше екендігін көрсетеді деп, мысалға, Жетісу атауын келтіреді /7.111/. Жетісу өлкесінде өзендер саны жетеу ме, одан көп пе, әлде аз ба кім білсін? Алматы, Талдықорған маңында Жетісудың алтауын атап, жетіншісін таба алмай жүрген жоқ па?

Жалқы есім құрамындағы сан есімдер жайлы әр халықтың сан ғасырлық тұрмыс салт-дәстүрімен байланысты факті ретінде ғылыми еңбектерде көп айтылып жүр. Ең басты атаушы мағынада 2, 5, 7, 9, 40, 1000 сандары қолданылады. Солтүстік өңір гидронимдерін талдағанда (2) екі саны «қос» моделі арқылы іске асуы өте жиі кездеседі. Көл терминімен 14 рет, томар, жалтыр терминдерімен 3 рет қолданылады, **Қоскөл, Қостомар, Қоссор, Қосжалтыр** көлдері үш облыс территориясында кеңінен тараған, мәселен, атақты Ақан сері жайлаған **Қоскөл** Солт.Қаз. облысы Айыртау ауданында орналасқан. Сонымен бірге Қоскөлдер «үлкен», «кіші» деп ажыратылады. Көлдердің тартылуы арқылы бір ірі көлдің шағын екі көлге бөлінуінен пайда болған Қоскөлдерді атауда номинация иесі табиғаттағы жұптық құбылысты ескерген сияқты.

«Жеке» моделін қолданғанда да осы номинация сыны байқалады, себебі

«біркөл» деген атау кездеспейді, ал Жекекөл 3 рет ұшырап, жұбы жоқ, жеке, жалғыз тұр деген ақпарат береді. Демек, топонимияда «қос», «жеке» модельдері қарама-қайшы номинация сыны болып саналады. Объектінің нақты саны емес, шартты санын атап, жинақтау мағынасында келесі «сандық» модельдер кездеседі: 3 (үш) – 6 рет, 5 (бес), 7 (жеті) – 5 рет, 40 (қырық), 1000 (мың) – 4 реттен гидронимдер құрамында кездеседі. Үшсай өзені, Үштомар, Бескөл (Бишкуль), Бестөбе көлдері, Жетісай, Қырықбұлақ, Мыңбастау, Мыңқұдық, Мыңбұлақ атауларын көптеп кездестіруге болады. Бұл семантикалық тип модельдерінің саны және қолдану жиілігіне қарап универсалдық қатарына жатқызуға болады.

Гидрообъектілердің «мінезіне», «ағыс» сипатына байланысты семантикалық тип өзен-көлдердің ағыс жылдамдығын, өту қиындығын, судың ағудағы шығаратын дыбысын, батыратын тентек мінезін басты номинация сыны ретінде бөледі. Солтүстік өңір негізінен жазық (Көкше өңіріндегі ұсақ шоқырлардың басқа) рельефті жер. Жазық далалы жерде су ақырын, баяу ағады. Ал енді азын-аулақ тасты, сайлы жерде және көктем айларында ғана арнасы суға толып сарқырап ағатын кішігірім өзен, жылғаларға жергілікті халық «сарқырама», «күркіреме» деген атау береді. Айналасындағы басқа гидрообъект арасынан ерекшеленетін сипатын номинация сыны ретінде қолданады. Аты дардай болғанымен, кішкене өзен қардың еруінен ғана күркіреп ағып, кей жаздарда тартылып, кеуіп қалады. Таулы аймақ өзендерімен салыстырсақ, ондағы кез келген бұлақ, жылға, ағын суға Сарқырама онимін беру керек болар еді. Ал, солтүстік өлке гидрожүйесін талдағанда «сарқырама» моделі – 3 рет кездеседі. Күркіреме өзендерінің бәрі Бурабай өңірінде, Сарқырама, Зеренді, Ерейментау аудандарында, яғни, тасты, шоқылы жерлерде орналасқан. Мысалы, Бурабай көлінен шығатын шағын өзенді Күркіреме (Громотуха) деп атайды.

«Тентек» моделі малдың жайылуына қолайсыз, батып кететін сазы бар, мұлы көлдерге атау ретінде сор терминімен тіркесіп 2 рет кездеседі. Номинация иесі гидрообъект түбінің мұлы, сазды сынын адам мінезіне теліп, қыңыр, тентектік жасайтын (бұл жерде батып кету, саздан шыға алмау) жанға ұқсатады. Тентектік тек адам, жанды затқа ғана тән, бұл тұста мінездік сипаттаманы метонимия арқылы гидрообъектіге ауыстырады. Тентексор, Тентеккөл атаулары Қостанай өңірінде тіркелген.

Атау жасауда өңір гидронимінің құрамында «май» моделі 9 рет қатысады. Май сөзі сөзбе-сөз аударма арқылы түсіндірсек, «масло, жир, мазь» деген мағынаны береді. Е.Қойшыбаев топонимикада кездесетін май моделін көне түркі тілдерінен «киелі, қамқоршы» мағынасында деп түсіндіреді. Мәселен, Орхон жазуларындағы «умай» балалар қамқоршысы, құдайы. Умай сөзімен әр түрлі символика белгілер салынған, балбал тастарды атаған. Құрамында май сөзі бар жерлерде осы тастардың табылуы кездейсоқ құбылыс емес. Алтай тілдерінде май – эне – «жер, су перісі» екенін ескеріп, қазақ топонимистері Майкөл, Майбұлақ атауларын «қасиетті, киелі, құдіретті» көл,

бұлақ деп түсіндіреді. Алайда, солтүстік өңірде «май» моделі арқылы жұмсақ, иі қанған, емдік қасиеті бар балшықты көлдерді де атайды. Мәселен, Майбалық көлінің майлы сазы емге жарамды. Бурабай өлкесіндегі шипажайларға осы көл сазын алады. Сондықтан «май» моделін қолдануда аталған екі номинация сынын да жоққа шығармаймыз. «Май» моделі Майкөл, Майлыкөл, Майлыбұлақ т.б. формаларда 10 рет кездеседі.

Семантикасы жағынан осы типтес «ұлы» моделі солтүстік өңірде 7 рет топоним құрамында, Ұлыкөл, Ұлысор сияқты гидронимдерде қолданылады. «Ерекше», «киелі» мағыналарында көл, сор терминдерімен қатар келеді. «Әулие» моделі бұлақ, сор, көл терминдерімен қатар келіп, 4 рет тіркелген. Қасиетті, киелі мағынасы діни нанымға байланысты және суы мол, тартылмайтын көл, бұлақтарды сүйсіну мағынасына да орай қойылады. Мәселен, Көкшетау қаласынан 30-40 шақырым жердегі Әулие бұлақты ел адамдары қастрелеп, суы бір таусылмайды деп құрметтеп отырады.

Топографиялық карталарда «сұлу» түрінде қолданылатын сөзді екі жақты түсіндіруге болады, бірінші, «сұлу» әдемі, көркем сөздерінің синонимдік қатарында, екіншісі, орыс тілінде жазылған «су+лы» сөзі деп айтуға болады. Мұндай интерпретация біраз топонимикалық жұмыстарда да кездеседі. Біздің зерттеу аймағымызда, Сұлукөлдер де, Сулыкөлдер де бар, ал қайсысы қаншалық екенін нақты айту қиын. Себебі картотекаға материал жинау негізінен карта бойынша жүргізілді. Карталар орыс тілінде жазылатыны тағы бар. Жалпы «сұлу» моделі біздің картотекамызда 10 рет тіркелген. Сұлукөл атауы көл маңайындағы табиғаттың көркемдігіне байланысты қойылған болуы керек. «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы...» дегендей, сұлу сөзі табиғатқа, географиялық объектілерге эпитет ретінде қолданылған.

Сулыкөл гидронимдерінде суы мол номинация сыны бар деп ойлаймыз. Негізінде – Сулыкөл болуы ықтимал, өйткені сусыз көл болмайды, болса, оны басқаша атайды.

Көл жағасы толқындардың соғуынан ақ көбіктеніп, көпіршіп жату сыны номинацияда «көбік» (2 рет), «сабын» (2 рет) модельдері арқылы беріледі. Көбіккөл, Сабындыкөл гидронимдері Ақмола облысында ұшырасады.

Қазақстанның солтүстік өңір гидронимдерінің семантикалық модельдерін таблицаға салуға болады. Ескертпе: 1. Таблицада семантикалық модельдер қолдану жиілігінің азаю тәртібімен орналасқан; 2. Таблицаға қолдану жиілігі 3 реттен кем емес модельдер кірген; 3. Солтүстік өңірдің әр облысын жеке алмай, барлығының мәліметтерін бір таблицаға кіргіздік; 4. Кей топонимдерінің қайталану санын көрсеттік.

1 - таблица

Солтүстік өңір гидронимдерінің семантикалық модельдерінің мәліметтік таблицасы

№	Семантикалық модель	Қай талану жиілігі/саны/	Топоним (гидроним)
1	2	3	4
1	Қара	51	Қаракөл – 6, Қаратомар – 6, Қаратүз – 5; Қарасор -22 т.б.
2	Ащы	33	Ащыкөл – 16, Ащылыкөл – 5, Ащысор – 4, Ащысу – 3 т.б.
3	Ұзын	26	Ұзынсор – 8, Ұзынбұлақ – 4; Ұзынкөл – 11 т.б.
4	Жар	26	Жаркөл - 13, Жарсор - 9, Жарлыкөл - 4
5	Үлкен	25	Үлкенкөл – 5, Үлкенқопа – 3, Үлкен Қоскөл – 11 т.б.
6	Қос	20	Қоскөл – 11, Қостомар – 4, Қоссор – 3, Қосжалтыр – 3
7	Кіші	20	Кішкене көл – 4, Кішкентай көл – 2, Кіші Қоскөл т.б.
8	Қамыс	19	Қамыскөл – 3, Қамыстыкөл – 2, Қарақамыскөл – 11 т.б.
9	Ақ	18	Ақкөл – 12, Ақсуат – 3 т.б.
10	Ала	18	Алакөл – 17, Аласор - 1
11	Жалтыр	17	Жалтыркөл – 8, Жалтыр көлі – 7, Жалтырсор – 2
12	Қызыл	16	Қызылкөл – 3, Қызылсай – 5, Қызылсор – 4 т.б.
13	Балық	15	Балықтыкөл – 7, Балықты көлі – 5, Балықсор – 3 т.б.
14	Бор	14	Борлыкөл – 8, Борлысор – 3 т.б.
15	Сары	13	Сарыкөл – 6, Сарықопа – 3, Сарыөзек – 3 т.б.
16	Құм	12	Құкөл – 2, Құмдыкөл - 10
17	Қарасу	11	Қарасу өзені -7, Маңқарасу т.б.
18	Май	10	Майкөл – 3, Майлыкөл -4 т.б.
19	Тал	10	Талдыкөл – 5, Талдысор – 3 т.б.
20	Сулы	10	Сулыкөл – 5, Сулыбұлақ – 2, Сулытомар -2 т.б.
21	Жылан	10	Жыландысай, Жыланшық өзені т.б.
22	Орта	9	Ортакөл – 9
23	Тас	9	Тастыкөл -3, Тастыөзек -2, Тастысай -3 т.б.
24	Батпақ	9	Батпақтыкөл – 5, Лайкөл – 2,

			Милыкөл-2
25	Бие	9	Биесойған, Биебайлаған көлі
26	Қу	8	Қулықөл – 3, Қулықопа -3, Аққулытомар-2
27	Шұңқыр	8	Шұңқыркөл-4, Шұңқырсай-2 т.б.
28	Шошқа	8	Шошқалы көлі -4, Шошқакөлі -2, Шошқалытомар-1 т.б.
29	Ағаш	7	Ағаштыкөл-4, Ағаштытомар-3 т.б.
30	Сасық	7	Сасықкөл -5, Сасықтомар т.б.
31	Байтал	7	Байталқашқан көлі т.б.
32	Тұзды	7	Тұздыкөл-3, Тұздысор-2 т.б.
33	Оба	7	Обалыкөл, Обалытомар т.б.
34	Ұлы	7	Ұлықөл-4, Ұлысай -1 т.б.
35	Боз	6	Бозкөл -2, Бозсор -3 т.б.
36	Қайың	6	Қайыңдыкөл-2, Қайыңдысор -2
37	Саумал	6	Саумалкөл-6
38	Арал	6	Аралкөл-3, Аралдыкөл -3
39	Шұқыр	6	Шұқыркөл-4, Шұқырсай -2
40	Терең	6	Тереңкөл-4, Тарангүл -2
41	Үш	6	Үшкөл, Үшсай т.б.
42	Мұқыр	5	Мұқырөзек -3 т.б.
43	Қарағай	5	Қарағайлықөл-3, Қарағайлы көлі -2
44	Шие	5	Шиелісай -2, Шиелікөл-2 т.б.
45	Қоян	5	Қояндыкөл -2, Қояндысор, Қояндықопа т.б.
46	Құлан	5	Құланөтпес өзені, Құландыкөл т.б.
47	Сүлікті	5	Сүліктікөл, Сүліктітомар
48	Тай	5	Тайсойған көлі, Тайбатқан көлі т.б.
49	Қой	5	Қойтоғытатын көлі, Қойсойған көлі т.б.
50	Шортан	5	Шортанды көлі т.б.
51	Бес	5	Бескөл, Бестомар
52	Жеті	5	Жетісай көлі, Жетібұлақ
53	Күркілдек	5	Күркілдек көлі
54	Шағала	5	Шағалалы өзені, Шағалалы көлі
55	Қалмақ	5	Қалмақкөл, Қалмаққырған көлі
56	Жалаңаш	4	Жалаңаш көлі
57	Қоға	4	Қоғалы көлі, Қоғалы өзен т.б.
58	Қоңыр	4	Қоңырсу өзені, Қоңыр өзені, Қоңыр көлі
59	Шолақ	4	Шолақ көлі, Шолақ өзені, Шолақөзек

			т.б.
60	Терек	4	Теректікөл, Теректісай
61	Жарты	4	Жартыкөл т.б.
62	Мола	4	Молалыкөл, Молалытомар т.б.
63	Аяқ	4	Аяқкөл т.б.
64	Ат	4	Атқашқан көлі, Атүркер сайы т.б.
65	Құрт	4	Құрттыкөл, Құрттысор т.б.
66	Жалпақ	4	Жалпақкөл
67	Мың	4	Мыңбұлақ, Мыңшұңқыр көлі т.б.
68	Қырық	4	Қырықбастау бұлағы т.б.
69	Сарықырама	4	Сарықырама өзені т.б.
70	Бозжусан	3	Бозжусандыкөл т.б.
71	Ноғай	3	Ноғайкөлі, Ноғайсайы т.б.
72	Күнегей (күңгей)	3	Күнегей көлі -3
73	Доңыз	3	Доңыздыкөл-3
74	Бура	3	Бураөлген көлі, Бурасойған көлі
75	Майбалық	3	Майбалық көлі
76	Сарыбалық	3	Сарыбалық көлі
77	Сона	3	Соналысай, Соналыкөл
78	Шыбын	3	Шыбындыкөл т.б.
79	Дөңгелек	3	Дөңгелек т.б.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Озера Казахстана и Киргизии и их история. Отв. Ред. Шнитников А.В., Смирнова Н.П. –Л., «Наука», 1975, -297 с.
2. Попова В.Н. Структурно-семантическая природа топонимов Казахстана (сравнительно-историческое исследование). Диссерт на соиск. докт. филологических наук А., 1997, -348 с.
3. Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины. Серия географическая, -А., 1951, Вып. N3, -С. 180. N99.
4. Мадиева Г.Б. Гидронимия Восточного Казахстана: Диссерт. Канд.филологических наук. –А., 1990, -160 с.
5. Казбеков А. Бурабай накануне XXI века. –Астана, 1998. -232с.
6. Сультаньяев О.А. Казахская ономастика(лингвистический анализ топонимов и микропонимов). –Кокшетау, 1998, -162с.
7. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. – М., 1984, -398 с.
8. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – А., «Наука», 1974, - 273с.
9. Озеро Северного Казахстана. (сб.статьей). Под/ред. ак. АН КазССР Пальгова Н.А. – А., 1960, -260с.

10. Әбдірахманов А. Қазақстанның географиялық атаулары. – А., 1959,-150 б.
11. Попова В.Н. Структурная и семантическая классификация наименований казахских озер Павлодарской области. «Филологический сборник», вып.5, -А., 1966, -С.161.
12. Конкашпаев Г.К. Словарь казахских географических названий. – А., 1963, -280 с.
13. Топоров В.Н., Трубачев О.Н. Лингвистический анализ гидронимов Верхнего Приднепровья. –М., 1968, Изд. АН СССР, -208 с.
14. Конкашпаев Г.К. Географические названия монгольского происхождения на территории Казахстана. «Извест. АН КазССР, серия филологическая и искусствоведения». Вып. 1(II), 1959, -С. 85.
15. Никонов В.А. Область работы по топонимике. –ВЯ., 1956, N1, -С.

Ирина Бекзатқызы

*ҚР Ұлттық музейі Мәдени мұраны ғылыми-зерттеу институты,
география магистрі
Астана қаласы, irinabekzatkyzy@gmail.com*

ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ КАРТОГРАФИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ РОЛІ (Ақмола облысы мысалында)

Ономастикалық атаулар – ата-бабамыздың материалдық және рухани мәдениетінің бай мұрасы болып табылады. Олар әртүрлі кезеңдердегі көптеген тарихи оқиғалардың куәсі. Адамзат қоғамының даму процесінде, негізінен сыртқы факторлардың әсерінен адамдардың өмірінде көптеген өзгерістер орын алды. Оларға қалалардың, елді мекендердің, географиялық нысандардың атауларының өзгеруі де жатады. Ақмола облысының топонимдері де Қазақстанның өзге облыстарындағы секілді өзгеру процесіне ұшырады.

Ономастикалық атауларды зерделеуге бағытталған ғылыми зерттеудің өзектілігі тіл саясатын іске асырудағы, оның ішінде мемлекеттік тілді дамытудағы атауларды өзгерту стратегиясының маңыздылығымен байланысты. Көптеген елді мекен атаулары қайта атау кезінде немесе белгілі бір елді мекен жойылған кезде ұмытылып отырады. Топонимдерді зерттеу кезінде тарихи құжаттар мен топографиялық карталардағы топонимикалық материалды негізге алу тұтас топонимикалық көріністі қайта жаңғыртуда маңызды шешім болып табылады. Біздің елімізде топонимдер осы уақытқа дейін ең толық деңгейде үлкен масштабты топографиялық карталарда сақталған. Алайда, топокарталарға нысандардың өздері түссе де,

географиялық атаулардың барлығы бірдей жазылмаған. Егер бұл топонимдер қалпына келтірілмесе және оларды жинақтау және атауларды заңды түрде бекіту бойынша шұғыл шаралар қолданылмаса, уақыт өте келе олар жойылып кетуі мүмкін. Сондықтан болашақ ұрпақ үшін топонимдерді сақтау, ал жоғалған топонимдерді қайта қалпына келтіру өте маңызды.

Зерттеудің мақсаты – ұлттық ономастиканы елді мекендердің байырғы атауларын қалпына келтіру тұрғысынан зерттеу. Тарихи атауларды зерттеу және қалпына келтіру жердің этникалық тиістілігін бекітуге және қазақ халқының тарихи-мәдени дәстүрлерін жандандыруға мүмкіндік береді.

Әлемдік ғылымның қазіргі даму кезеңі іргелес салалардың неғұрлым қарқынды дамуымен сипатталады, яғни сол ғылым саласын қалыптастырған бірнеше ғылыми бағыттардың элементтері мен әдіснамасын біріктіреді. Мұндай пәнаралық саланың бірі география, лингвистика және тарих ғылымдарының тоғысында қалыптасқан топонимика болып табылады. Картография мен топонимика – географиядағы бір-бірімен тығыз байланысты екі ғылым саласы. Себебі, географияның тілі карта болса, картаның тілі, өз кезегінде, шартты белгілер жүйесімен бірге қызмет ететін географиялық атаулар, яғни топонимдер (Афанасьев, 2007).

Ақпаратты картаға түсіру – ономастикалық зерттеулердің маңызды бөлігі. Қазіргі кезеңде бұл жұмыс, бір жағынан, осы салада жинақталған тәжірибені, екінші жағынан, жаңа компьютерлік бағдарламаларды қолдануды талап етеді. Ономастикалық карта – бұл аумақтың ономастикалық кеңістігінің графикалық көрінісі. Картадағы әр атаудың өзіндік географиялық орналасқан жері болады және нақты табиғи және топонимикалық шеңберде көрсетіледі. Бұл ономастикалық деректерді аумақтық талдауға және олардың таралу аймақтары мен аймақ ішіндегі және аймақтар арасындағы қатынастары туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Картографиялау болашақта ономастиканы зерттеудегі маңызды әдіс болып табылады. Әр кезеңдегі атаулар жүйесінің күй-жайын түсіріп отыратын карталар сериясы, сайып келгенде, ономастиканың даму хронологиясын, оның сапалық және сандық өзгерістерін көрсетеді (Гордова, 2012).

Картографиялық әдіс ономастикалық зерттеулерде көптеген жылдар бойы қолданылып келеді. Айтарлықтай әдіснамалық күрделілігіне қарамастан, бұл бағыт белсенді дамуын жалғастыруда. Картографиядағы заманауи технологиялар топонимикалық зерттеулердің ауқымы мен қарқындылығын жаңа деңгейге көтеруге, ғылымдағы бұрыннан белгілі кейбір мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Бұл топонимикалық атауларды картаға түсірудің өзектілігін және жергілікті және аймақтық топонимикалық зерттеулердің тәжірибесіне басқа әдістерді белсенді енгізуді одан әрі арттырады.

Тарихи-картографиялық зерттеулер топонимика үшін құнды деректер беріп, сабақтас пәндерде ғылыми ілгерілеуге ықпал етеді. Ескі карталар топонимия мен әртүрлі дәуірлердегі географиялық түсініктердің қалыптасуы


туралы білімнің маңызды көзі болып табылады (Гордова и др., 2021). Қазіргі таңда топонимикалық зерттеулерді жүзеге асыруда жаңа геоақпараттық технологияларды, атап айтқанда, геоақпараттық жүйелерді (ГАЗ) немесе олардың нақты технологияларын тарту қажет.

Негізгі бөлім

«Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы» ММ ұсынған деректерге сәйкес, ойконимдер қарастырылып отырған аумақтың географиялық нысандарының ең көп тобын құрайды. Олардың жалпы саны – 592. Оның ішінде: қазақ атаулары – 352 (59,5%), орыс атаулары – 240 (40,5%). Соңғы жылдары көптеген бұрмаланған елді мекен атаулары біртіндеп түзетілді. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық ономастикалық комиссия тіл мамандары мен топонимистердің қатысуымен тарихи атауларды қайта атау және қалпына келтіру бойынша үлкен жұмыстар атқаруда. Қазіргі таңда ономастикалық комиссия Ақмола облысының бірқатар ауылдарын қайта атады, мысалы, Малотимофеевка - Аққайың, Красноярка - Жарлыкөл және т.б. Нәтижесінде топонимияда елеулі өзгерістер болып, топонимнің қоғамдық санадағы орны туралы жаңа түсінік қалыптасты.

Аймақтың тарихи топонимдерін зерттеуде Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің (бұдан әрі – ҚР ОМА) тарихи құжаттары және Омбы облыстық тарихи архивінің (бұдан әрі – ООМТА) картографиялық материалдары негізге алынды. Архив құжаттарын пайдалану талдауды анағұрлым шынайы етіп, оған шынайы ғылыми сипат береді.



1766-1917 жылдардағы картографиялық құжаттар топтамасында сақталған Ақмола облысының XIX ғ. соңы – XX ғ. бас кезіндегі қоныс аудару карталары аймақ топонимиясының өзгеріске ұшырау барысынан ауқымды ақпарат берді. Мәселен, 1897 жылы жобаланған қоныс аудару және қосалқы учаскелердің картасы мен 1896-1897 жж. Ақмола уезінің қоныс аудару және қосалқы учаскелерінің картасында қоныс аудару учаскелері қазақ жеріне өзге атаумен орналасқандығы анық байқалады. Аталған карталарда 1897 жылғы дерекке сәйкес қазіргі Целиноград ауданына қарасты Приречное селосы орналасқан жер Тұмсық деп аталса, Ақкөл ауданына қарасты қазіргі Қарасай ауылы Степок деген атаумен Қарауылтөбе жеріне орналасқан. Сонымен қатар Қашқар қонысында Ксеньевское, Қызылжарда Поречное, Дауылбай жерінде Елененское, Жалғызағашта Ильинское, Бекжан қонысында Кольцовка, Карамола қонысының үстінде Приозёрное, Олжабайда Благодатное, Тұрымтайда Партизанка, Сасық жерінде Суворовка, Кіші Қосшоқыда Ольгинка, Найзатөбеде Степняк (1-сурет) деген атпен қоныс аудару учаскелері пайда болғанын көруге болады (ООМТА, I. 48; ООМТА, I. 72.).



Зеренді және Қотыркөл болыстарының картасы мен Көкшетау уезінің топырақ картасының мәліметтеріне сәйкес, 1895 жылы Қояндыкөл ауылының жанына Ковалевский, 1898 жылы Арықбалық ауылының маңына Успенско-Юрьевский, Тассуат ауылына жақын жерде Новокиевский, Тоқтамыс ауылының қасында Ергольский және Жанпейіс қонысының үстінде Дмитриевский деген атаумен қоныс аудару учаскелері құрылған. Бұл деректер қазіргі Бурабай ауданына қарасты Успеноюрьевка елді мекенінің байырғы аты Арықбалық, Дмитриевка ауылының бастапқы атауы Жанпейіс болғандығын білдіреді (ООМТА, I. 106; ООМТА, I. 111а.).

Ақмола облысы Атбасар уезінің қоныс аудару және қосалқы учаскелері картасындағы дерек бойынша, пошта бекеттерінің жанында, яғни Байжігіт қонысында Ново-Александровское, Амантай жерінде Маринское, Қарабада Таволжанское (2-сурет), Қарабайда Астраханское, Шаншарда Ново-Черкасское, Жыландыда Петровское, Қарамендіде Покровское, Тасмолада Семеновское, Бармақ қонысында Максимовское, Қоныс жерінде Джималаевское қоныс аудару ауылдары пайда болған (ООМТА, I. 13).

Таволжанка-Қараоба М 1:300 000



Сондай-ақ, Ақсақ Әлімбет ауылының үстінде Степногорск (қазіргі Байқоныс ауылы), Қызмолада Павловка, Аралтөбеде Веренка, Төртқұлақта Зеленый гай, Шұбарағашта Карамышевка, Қоныста Раздольное, Дүйсенбайда Оксановка, Қуат қонысында Донское және т.б. елді мекендер пайда болды. Төмендегі кестеде әр түрлі кезеңдегі топографиялық карталарды салыстырмалы зерттеу арқылы ойконимдердің өзгеріске ұшырау процесі берілген (1-кесте).


1-кесте

№	КСРО штабының топокарталары	Бас	Ақмола облысы Атбасар уезінің қоныс аудару және қосалқы учаскелері картасы (1897 ж)	Қазіргі атауы
Степногорск қалалық әкімшілігі				
1	Степногорск қаласы		Бесқарағай қонысы	Степногорск қаласы
2	Степногорск ауылы		Ақсақ Әлімбет	Байқоныс ауылы
Астрахан ауданы				
3	Жамбыл ауылы		Күйке	Жамбыл
4	Новочеркаское ауылы		Шаншар бекеті	Новочеркаское
5	Колутон ауылы		Наурызбай	Колутон
6	Старый Колутон		Ордабай	Старый Колутон

	ауылы		
7	Приишимка ауылы	Мұлқаман	Приишимка
8	Өндіріс ауылы	Беке	Өндіріс
9	Оксановка ауылы	Дүйсенбай	Оксановка
Ақкөл ауданы			
10	Искра ауылы	Сапак	Қына
11	Малоалександровка ауылы	Айғырсойған қонысы	Малоалександровка
12	Наумовка ауылы	Алмақарағай қонысы	Наумовка
Шортанды ауданы			
13	Елизаветинка ауылы	Каражан	Бозайғыр
14	Пригородное ауылы	Ақбалшық	Пригородное
Целиноград ауданы			
15	Семёновка ауылы	Тасмола	Қараменді батыр
16	Покровка ауылы	Қараменді бекеті жанында	Ақмешіт
17	Максимовка ауылы	Бармак бекеті жанында	Арайлы
18	Воздвиженка ауылы	Джималай бекеті	Нүресіл
19	Зеленый гай ауылы	Төрткүлак	Зеленый гай
Ерейментау ауданы			
20	Благодатное ауылы	Олжабай	Олжабай батыр
21	Павловка ауылы	Қызмола	Еркіншілік
22	Веренка ауылы	Аралтөбе	Веренка (таратылған)
Атбасар ауданы			
23	Мариновка ауылы	Амантай	Мариновка
Сандықтау ауданы			
24	Приозерное ауылы	Қоңыр адыр	Приозерное
Бұланды ауданы			
25	Партизанка ауылы	Тұрымтай	Партизанка
26	Суворовка ауылы	Сасық	Суворовка
27	Пушкино ауылы	Айтуған	Пушкино
28	Никольское ауылы	Мақай (Жарлықөл көлінде)	Никольское

Жоғарыда келтірілген кестедегі мәліметтер Степногорск қаласының бұрынғы атауы Бесқарағай (3-сурет) болғандығын көрсетеді. Сондай-ақ Ақкөл ауданына қарасты Малоалександровка ауылының байырғы атауы – Айғырсойған, ал Наумовка ауылының бастапқы атауы Алмақарағай болған

(ООМТА, I. 13).



Сондай-ақ, әртүрлі кезендерде аумақтағы су нысандарының атаулары да өзгергенін байқауға болады (2-кесте)

2-кесте

№	КСРО Бас штабының топокарталары	Ақмола облысы Атбасар уезінің қоныс аудару және қосалқы учаскелері картасы (1897 ж)	Қазіргі атауы
3	Узынкөл және Сабақты көлдері	Бір ғана Ұзынкөл көлі	Ұзынкөл және Сабақты көлдері
4	Құдайберген көлі	Сасықкөл көлі	Құдайберген көлі
5	Қна көлі	Кіші қына көлі	Қына көлі
6	Қамыстыкөл көлі	Майлықөл көлі	-
7	Силеты өзені	Ақсай өзені	Сілеты өзені
8	Бозайғыр көлі	Байбике батпағы	Бозайғыр көлі
9	Қосқол и Самарбай көлдері	Қоскөл көлі	Қоскөл және Самарбай көлдері
10	Сухое көлі	Тунгуюк көлі	Сухое көлі
11	Бозбай өзені	Қарағаш өзені	-

Сондай-ақ, қазіргі Ақкөл ауданындағы Новорыбинка ауылының алғашқы атауы Шортанкөл болса, Бұланды ауданына қарасты Никольск

ауылының байырғы атауы Жарлыкөл болған. Бұл мәліметтер «Ақмола уезінің Моншақты, Есіл, Ақмола, Нұра, Спасская және Шерубай-Нұра болыстарының картасында» да көрсетілген. Аталған карта Ақмола уездінің болыстары бойынша жүргізілген экспедиция барысында жергілікті тұрғындармен сауалнама жүргізу нәтижесінде құрастырылған (ООМТА, I. 82).

Жоғарыда келтірілген картографиялық деректерді ҚР ОМА алынған жазба деректер де растайды. «Ақмола облысы Ақмола қоныс аудару ауданы агрономиялық бөлімінің 1913 жылғы жылдық есебінде» 1913 жылы Петропавл, Көкшетау, Атбасар, Ақмола уездерінде құрылған қоныс аудару учаскелері көрсетілген. Бұл жылы облыста жалпы ауданы 81 282,47 десятина болатын 23 учаске пайда болған. Құжатта сол жердің қазақ атауларымен қатар, осы жерге жаңадан салынған ауылдарға берілген өзге тілдегі атаулары берілген. Мысалы, Маңдай жерінде Трофимовское (Көкшетау уезі), Қоянды жерінде Сарепта (Ақмола уезі), Теректіде Переяславский, Ащылы-айрықта Ново-узенское, Жаксы-қояндыда Миновское, Мурзақайда Измаиловское, Атбасар уездіне қарасты Айбас жерінде Кустарное ауылдары пайда болған. Аталған құжат бойынша 1907 жылы Теректі жерінде Переяславский ауылы құрылып, онда 179 адам қоныстанса, Ащылыайрық жерінде Новоузенское ауылы салынып, оған 227 адам қоныс аударған. Алғаш 128 адам қоныстанған Измаиловский ауылы 1909 жылы Мурзақай жерінде құрылса, 1910 жылы Атбасар уезіне қарасты Айбас қонысында 94 қоныс аударушыдан тұратын Кустарное атауымен жаңа ауыл бой көтерген. Қазір Жабай атауын иеленген Целиноград ауданына қарасты Миновка ауылы 1905 жылы Жаксы-Қоянды жерінде пайда болған. Революцияға дейінгі карта деректері бұл жердің бастапқы атауы Жаксы-Қоянды болғандығын көрсетеді (ООМТА, I. 56; ҚР ОМА, I. 20в.).

Ақмола уездіне қарасты болыстар мен олардың құрамындағы қазақ қоныстарының атауы «Ақмола ауданы бойынша 1911 жылға арналған гидротехникалық жұмыстардың жоспарында» көрініс тапқан. Құжатта аталған қоныстарда пайда болған қоныс аудару учаскелерінің құрылған жылы мен оларға бөлінген жер көлемі көрсетілген. Мысалы: Алексеев болысына қарасты Қырық-құдық жеріне 1906 жылы ауыл салынып, оны Северный деп атаған. Осы жылы Батпақ-қарасу өзенінің бойындағы Бесмола жеріне де ауыл салынып, ол Пятигорское деп аталған. Сол секілді 1908 жылы Жыланды жерінде Ново-Московское, Жуантөбеде Кондратовский, Орта Ошағанды жерінде Красный путь ауылдары пайда болған (ҚР ОМА, I. 41).

«Ақмола ауданы бойынша 1913 жылға арналған шаруаларды үлесті жерге орналастыру жөніндегі жұмыс жоспары» бойынша 1907 жылы Көкшетау уездіне қарасты Ақтас ауылы жанына Линеевское, 1903 жылы Ақмола уездіне қарасты Жауыр жеріне Самаркандское, 1898 жылы Қамыс қонысында Журавлевское ауылы салынды (ҚР ОМА, I. 48г).

«Ақмола облыстық басқармасының ауылдарды құру және онда ауылдық қоғамдық басқаруды енгізу туралы қызметтік хат көшірмелері» Ақмола және

Көкшетау уездерінің кейбір учаскелері дала генерал-губернаторының бұйрығымен ауылдық қоғамдық басқару жүйесіне біріктіріліп, оларға жаңа атау берілгеніне дәлел. Мысалы: Бәймен жерінде – Лисинское, Қияқ-аралда – Очередное, Жекекөлде – Колесниково, батыс Жарсорда – Раздор, Рамаданда – Ново-Орликское, Орта Мықтыкөлде – Барышевцево, Сейтен томарда – Шегловское ауылдары пайда болды (ҚР ОМА, I. 56е).

«1915 жылғы Көкшетау, Омбы, Атбасар және басқа да уездердің қоныс аудару учаскелерінде қонысқа орналастыру және есепке алу барысы туралы тізімдемелер» құжатында қоныс аударушылар орналасуға рұқсат алған жердің алғашқы атауы мен ауыл тұрғындарының шешіміне сәйкес аталған елді мекен атаулары ұсынылған. Осылайша, Ақмола облысында жаппай қоныс аудару учаскелерінің пайда болуы нәтижесінде төмендегі топонимдер қайта аталды: қазіргі Сандықтау ауданына қарасты Қояндыкөл жері Новоникольск, Жалтыркөл – Новосёловка, Балапан – Веселое, Жалпаққарағай – Быстримовка, Тақыр Жыланды – Граниковка, Жыланды – Михайловка, Қарағайлысай – Меньшиновка, Үш аша – Новоромановка, Сарымсақты – Спасское, Шоққарағай– Васильевка, Бұланды ауданына қарасты Қыз емшек жері Отрадное, Сасық – Суворовка, Қарақоға – Гордеевка, Жарлыкөл – Никольское, Тереңөзек – Новодонецк, Қамыс – Журавлевка, Біржан сал ауданына қарасты Аралтөбе жері Карловка, Бурабай ауданындағы Шыбындыкөл жері Райгородок, Атбасар ауданындағы Адыр-Керегетас қонысы Макеевка, қазір Бастау деп аталатын Байжігіт – Новоалександровка, Жақсы ауданына қарасты Қосағалы жері Лозовое, Есіл ауданына қарасты Шолақ Сандық қонысы Орловка, Целиноград ауданына қарасты қазір Қабанбай батырдың аты берілген Қызылжар жері Рождественка, Р.Қошқарбаевтың аты берілген Ақсеңгір – Романовка, Жарқияқ – Преображенка, Ақкөл ауданына қарасты Моншақты жері Алексеевское, Шортанкөл – Новорыбинка, Шолаққарасу – Урюпинка, Ақсуат – Радовка, Алакөл – Богдановка, Астрахан ауданына қарасты Сарыкөл (Базармола) жері Акимовка, Қараоба – Таволжанка, Шаншар – Новочеркасское, Балықты – Камышенка, Ерейментау ауданындағы Мыңшұқыр жері Новомарковка, Аршалы ауданындағы Мойылды жері Михайловка, Ақжар – Белоярка, Жыланды – Ольгинка, Кенетай – Константиновка, Анаркөл – Донецкое, Ақтасты – Раздольное болып өзгерген (ҚР ОМА, I. 58).

1915 жылғы Ақмола облысы Көкшетау уезінің 3-ші шаруа учаскесінің (кіші ауданының) қоныс аудару учаскелерінде қонысқа орналастыру және есепке алу барысы туралы тізімдеме деректері бойынша Зеренді ауданына қарасты Серафимовка ауылының байырғы атауы Қошқарбай болған. Сондай-ақ, Бурабай ауданындағы Успенюрьевка ауылы Арықбалық, Новоандреевка – Кеңашы, Златополье – Құмдыкөл, ал Бұланды ауданындағы Вознесенка ауылы Үлкен Қайрақты, Капитановка – Айғай, Макинка – Аютөбе, Журавлевка – Қамыс деп аталған (ҚР ОМА, I. 58а).

Семей және Ақмола облыстарында қоныс аудару учаскелерін құру туралы іс құжатында Ақмола уезіне орналасқан қоныс аударушыларға жер бөліп беру жұмыстары мен жаңа қоныс аудару учаскелері туралы мәліметтер сипатталған. Құжатта сақталған мәліметтер бойынша, Константиновка поселкесінің өлшеу жұмыстары 1894 жылы басталған. Ауыл Спасск болысының құрамында, Ақмола қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Бұл қазіргі Аршалы ауданының аумағындағы Кенетай жері болатын. Кейін бұл жерге қоныс аударушылар орналасып, атауы Самара губерниясынан келген Константиновский деген диқаншының атымен аталып кеткен.

Қоныстандыру барысында тағы 4 бос жер телімі таңдап алынған. Олардың барлығы Есіл болысының аумағындағы Қараменді, Жыланды, Шаншар, Қараоба пошта бекеттерінде орналасқан. Кейіннен Қараменді жері Покровское, Жыланды – Петровское, Шаншар – Новочеркасское, Қараоба – Таволжанка аталып кеткен (ҚР ОМА, I. 198).

XIX ғ. аяғы мен XX ғасырдың басында көптеген елді мекендердің қайта аталғандығына дала генерал-губернаторлығының қоныс аудару учаскелерін құру туралы бұйрықтары нақты дәлел. Аталған құжаттан өлке басшысының бұйрығына сәйкес ауылдарды қайта атау туралы шешім қабылданғанын көруге болады. Мәселен, 1900 жылы Көкшетау уезінің Жабай жерінде пайда болған ауылда оны әкімшілік тұрғыдан Көкшетау уезінің Балкашин болысының құрамына қосу арқылы ауылдық қоғамдық басқару жүйесі енгізілген. Осылайша бұл ауыл қоныстанушы шаруалардың шешімімен «Новгородский» деп аталған. Сондай-ақ, Бұлақ жері Камышенка, Бозайғыр – Елизаветинка, Ақанбұрлық – Чистополье, Сасық – Суворовка, Сарымсақты – Новосаратовка, Қайрақты – Пушкин, Тоқтамыс – Ерголка, Бұрлық – Всеволодка, Шарық – Федоровка, Тұрынтайлы – Царицынка, Үшаша (Ақтөбе) – Новоромановка, Қушоқы – Канкринский, Аютас – Сергиевка, Жалтыркөл – Новоселовка болып қайта аталған. Сонымен қатар, 1896 жылы Ақмола уезіндегі Жыланды болысында Киевский ауылы құрылған. Құжатта бұл жердің бұрынғы атауы – Құндызды деп жазылған (ҚР ОМА, I.203).

«Тобыл және Томск губерниясының қазыналық жерлеріне қоныс аударушыларды орналастыру, 1893 жылы құрылған қоныс аударушылар учаскелері туралы, қоныс аударушылар учаскелерін құру бойынша өлшеу жұмыстары туралы тізімдемеде» Ақмола облысына қоныс аударушылардың орналасқан жерлері туралы деректер мен олардың сызба-карталары сақталған. 1893 жылы Ақмола уезінде Таволжан, Семеновка, Максимовка, Джамалеев, Көкшетау уезінде Санников және Еленинск қоныс аудару учаскелері құрылған. Қоныс аударушылар Қоскөл қонысына Александровка деген атаумен келіп орналасса, Рыбинский поселкесі Шортанкөл көлінің жағасына орналасқан. Бұл қазіргі Ақкөл ауданына қарасты Новорыбинка ауылының бұрынғы атауы Шортанкөл болғандығының тағы бір дәлелі (ҚР ОМА, I. 307).

Келесі архив деректерінде 2001 жылға дейін Рождественка аталып

келген қазіргі Қабанбай батыр ауылы туралы деректер кездеседі. Ақмола облыстық басқармасына 1897 жылы жазылған баяндама бойынша Қызылжар жеріне салынған Рождественка ауылында неміс және орыс қоныс аударушылары қоныстанған. Қоныстандыру барысында олардың өзара тіл табыса алмауына байланысты санақ хатшысы Г. Куломзин және Ақмола облысының бас әскери губернаторының шешімімен орыс қоныс аударушылары немістерден бөлініп, жеке қонысқа орналастырылады. Ол ауылды Русско-Рождественка деп атайды. Русско-Рождественка мен Немецко-Рождественканы Нұра өзені бөліп тұрды. Бұл дерек те Рождественка ауылының тарихи атауы Қызылжар болғандығын растайды (ҚР ОМА. I. 4591).

Ақмола уезінде қоныс аудару учаскелерін құру және онда неміс-колонистерді орналастыру туралы архив құжаты бойынша Целиноград ауданындағы Рождественка (қазіргі Қабанбай батыр) ауылының тарихи атауы Қызылжар, Романовка (қазіргі Р.Қошқарбаев) ауылының байырғы атауы Ақсеңгір болған (ҚР ОМА, I. 4594). Сондай-ақ, архив деректеріне сәйкес, осы аудандағы Софиевка ауылының тарихи атауы – Қойайырған (ҚР ОМА, I. 56а).

Сондай-ақ, Көкшетау уезінің Дмитриев болыстық басқармасының (660-қор) тіркеу құжатында көрсетілген деректер қазіргі Бурабай ауданына қарасты Златополье ауылының тарихи атауы Құмдыкөл болғандығын көрсетеді. 1908 жылғы әртүрлі губерниялардан көшіп келгендерді тіркеу құжатында ауыл аты Құмдыкөл деп тіркелген. Ал 1909 жылы дәл осы құжатта ауыл аты Златополье болып өзгерген (ҚР ОМА, I.2).

Осылайша, архив деректері негізінде Ақмола облысының елді мекендерінің бұрынғы атаулары анықталды. Олардың кейбіреулері тарихи атауларымен қайта аталса, көпшілігі жаңа атауларға ие болған.

Қорытынды

Ойконимдерді талдау нәтижесінде Ақмола облысының елді мекендерінің атауларын қайта атау тарихы зерделенді, географиялық нысандардың атауларындағы түрлі бұрмалаушылықтар анықталды және оларды жою жолдары қарастырылды. Облыс аумағында славян топонимдерінің көптеп кездесуі Ресей империясының саясатымен, сондай-ақ кеңес үкіметі мен тың және тыңайған жерлерді игеру кезіндегі қоныс аудару процесімен байланысты болды деген тұжырым жасалды. Қазіргі Ақмола облысының аумағы қоныстану үшін ыңғайлы орын болды, өйткені адамдар бұрыннан бері осы аймақтан өмір сүру мен шаруашылық жүргізу үшін ең қолайлы жағдайларды тауып, өзен аңғарларында қоныстанды. Қоныстану процесі жаңа елді мекендердің қалыптасуымен қатар жүрді. Қоныс аудару процесіне дейін Ақмола облысында елді мекендер салыстырмалы түрде аз болды, мұны жергілікті халықтың көшпелі өмір салтымен байланыстырамыз. Олардың кейбіреулері қазақ қыстаулары мен қоныстарының жанында немесе көшпелі халықтар өмір сүрген жайылымдық жерлерде салынды. Көшпелі қазақтар мекендеген бұл жерлердің бастапқыда өз атаулары болғанын атап

өткен жөн. Жергілікті жердің табиғи жағдайын, жер бедерін, климатын, табиғи ресурстарын жақсы біле отырып, көшпелі малшылар оларды шаруашылық жүргізу үшін ұтымды пайдаланып, географиялық нысанға лайықты атау берді. Жаңа жерге келген қоныс аударушылар жаңадан құрылған елді мекендерге жаңа атаулар берді. Осылайша, аймақ топонимиясы басқаша сипат алды. Жаңа ауылдар пайда болған жерлердің алғашқы атаулары тек жергілікті тұрғындар арасында сақталды немесе уақыт өте келе ұмытылды. Кейбір деректер қоныс аудару ісі жөніндегі құжаттарда және қоныс аудару карталарында сақталған.

Осылайша, тарихи фактілерге сүйене отырып, қоныс аудару ең алдымен зерттеліп отырған аймақтың ойконимиясына ықпал етті деген қорытындыға келеміз. Қазіргі картографиялық деректер бойынша Ақмола облысының топонимиясы осы тұжырымды растайды.

Картографиялық әдіс – топонимдерді ақпараттық талдаудың жетекші әдісі. Бұл әдісті біз Ақмола облысының аумағында 1:250 000 және 1:300 000 масштабындағы жекелеген елді мекендердің топонимикалық карталарын әзірлеу және жасау кезінде жүзеге асырдық. Нәтижесінде қазіргі ГАЖ-технологияларды пайдалану топонимикалық талдау процесін бір жүйеге келтіруге, топонимикалық зерттеу нәтижелерін визуалды көрсетуге мүмкіндік беретіні белгілі болды.

Жасанды атауларды жою және байырғы тарихи топонимдерді қалпына келтіру біздің зерттеуіміздің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Қазақ ономастикасының өзіндік келбетін қалыптастыруда қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін көрсететін тарихи топонимдерді сақтау өте маңызды іс. Осылайша, жинақталған материал қазақ тілінің қалыптасуын, оның тарихын, сондай-ақ оның иесі болып табылатын қазақ халқының тарихын және оның этногенезін зерделеу үшін маңызды дереккөз болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер

Афанасьев О. Е. Картография и топонимика: методология регионального похода к изучению. // Псковский регионологический журнал. 2007. №4. С. 99-110.

Гордова Ю.Ю. Ономастическая картография // Вопросы ономастики. №2 (13). – Москва, 2012. С. 108-120.

Гордова Ю.Ю., Герцен О.А., Герцен А.А., Костовска С.К. Применение картографических методов в топонимике (история вопроса и современные исследования) ИнтерКарто. ИнтерГИС. Геоинформационное обеспечение устойчивого развития территорий: Материалы Междунар. конф. М: Географический факультет МГУ, 2021. Т. 27. Ч. 4. С. 520–537. [DOI: 10.35595/2414-9179-2021-4-27-520-536](https://doi.org/10.35595/2414-9179-2021-4-27-520-536)

ҚР ОМА. Ф. 317. О. 1. Д. 20в. Годовой отчет Агрономического отдела Ақмолинского переселенческого района Ақмолинской области за 1913 год

ҚР ОМА. Ф. 317. О. 1. Д. 41. План гидротехнических работ по

Акмолинскому району на 1911 год

КР ОМА. Ф. 317. О. 1. Д. 48г. «План работ по внутринадельному землеустройству крестьянского населения по Акмолинскому району на 1913 год

КР ОМА. Ф. 317. О. 1. Д. 56а. Ведомость о ходе водворения и заселения на переселенческих участках 1-го крестьянского уч. Акмолинского уезда, Акмолинской области за 1914 год

КР ОМА. Ф. 317. О. 1. Д. 56е. «Черновой отчет о деятельности Заведующего переселенческим делом в Акмолинском районе. Копии отношений Акмолинского областного правления об образовании селений и введении в них сельского общественного управления

КР ОМА. Ф. 317. О. 1. Д. 58. Ведомости о ходе водворения и зачисления на переселенческих участках Кокчетавского, Омского, Атбасарского и других уездах за 1915 год

КР ОМА. Ф. 317. О. 1. Д. 58а. «Ведомости о ходе водворения и зачисления на переселенческих участках 3-го крестьянского участка (подрайона) Кокчетавского уезда, Акмолинской области за 1915 год

КР ОМА. Ф. 369. О. 1. Д. 4591. Сведения о переселенческих поселениях, образованных на казенных землях Акмолинской области и о заселении их

КР ОМА. Ф. 369. О. 1. Д. 4594. Дело об образовании переселенческих участков в Акмолинском уезде и водворении в них немцев-колонистов

КР ОМА. Ф. 369. Оп. 1. Д. 4549. Дело об образовании переселенческих участков в Акмолинской области

КР ОМА. Ф. 660. О. 1. Д. 2. Дмитриевское волостное правление Кокчетавского уезда

КР ОМА. Ф. 8. О. 1. Д. 198. Дело об образовании переселенческих участков в Семипалатинской и Акмолинской областях

КР ОМА. Ф. 8. О. 1. Д. 203. Материалы об образовании переселенческих участков в Степной генерал-губернаторстве

КР ОМА. Ф. 8. О. 1. Д. 307. Ведомости водворении переселенцев на казенный земли Тобольской и Томской губернии, о переселенческих участках образованных в 1893 году, о межевых работах по образованию переселенческих участков

ООМТА. Ф. 198. О. 1. Д. 106. Карта земель Зерендинской и Котуркульской волости Кокчетавского уезда. 1900 г

ООМТА. Ф. 198. О. 1. Д. 111а. Карта Кокчетавского уезда Акмолинской области с указанием границ солонцовых, черноземных, болотистых, карбонатных, слабо-солонцовых почв и водоносных слоев

ООМТА. Ф. 198. О. 1. Д. 48. Карта переселенческих и запасных участков проектированных в 1897 г

ООМТА. Ф. 198. О. 1. Д. 72. Карта переселенческих и запасных участков Акмолинского уезда. 1896-1897 гг

ООМТА. Ф. 198. О. 1. Д. 82. Карта естественно-исторических районов и

площадей киргизского общинно-аульного землепользования Мунчактинской, Ишимской, Акмолинской, Нуринской, части Спасской и Чурбай-Нуринской волостей Акмолинского уезда

ООМТА. Ф. 198. О. 3. Д. 13. Карта переселенческих и запасных участков Атбасарского уезда Акмолинской области

Сауле Иманбердиева

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің
профессоры, филология ғылымдарының докторы
Астана қаласы, imansaule@mail.ru*

АТАУ ТАҢДАУДАҒЫ ТАНЫМ

Кіріспе. Соңғы кезде ономастиканы когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану не әлеуметтік лингвистика тұрғысынан қарастыру орын алууда, мұның себебі атау астарында мәдени код, әлеуметтік код жатыр. Осы кодтарды ашу негізінде атау тағудағы халықтың танымын аңғаруға болады.

Кеңес өкіметіне дейінгі кезеңде атауларда мал шаруашылығымен (мал жайылымы, ит-құс, шыбын-шіркейдің бар/жоғы, өсімдіктердің пайдалы/пайдасыздығы т.б.), не нысанның тікелей ерекшелігімен (жалтыр, таза, мөлдір, саяз, тұнық, биік, балығы мол т.б.) байланысты ақпарат берген болса, кеңес өкіметі кезінде жаппай калькалау (мәселен, қамысты-қамышовое т.б.), кісі есімімен атау не қоныс аударушылардың өз отанындағы атауды телу орын алған.

Қазіргі кезде атаудағы танымды анықтаудың екі жолы бар: лингвистикалық және экстралингвистикалық. Лингвистикалық тұрғыдан таным сөздің (атаудың) мағынасы ретінде қарастырылады. Экстралингвистикалық тұрғыдан таным сөздің мағынасынан бөлек, аталған нысан ерекшелігін көрсететін сол тілдік қоғамда қабылданған мағыналық ассоциациялар жиынтығы ретінде зерттеледі.

Түрлі экстарлингвистикалық нысандарды атай отырып, жалқы есімдер сол нысандардың көптеген сипаттарын, қасиеттерін, қызметін, мәнін көрсете біледі, белгілі социумда, қоғамда, этноста жалқы есімдер алуан түрлі қызмет атқарады. Сол себепті жалқы есімдердің сипаты мен құрамына географиялық, идеологиялық, тарихи, дүниетанымдық, әлеуметтік, мәдени экстарлингвистикалық факторлар әсер етеді. Жалқы есімдердің жоғарыда аталған экстарлингвистикалық факторлармен тығыз байланысы жалқы есімдер жүйесінің басты сипаттарының бірі болып саналады. Тілден тыс факторлардың жалқы есімдердің семантикасына, қызметіне жіктелуі сияқты сипаттарына әсері мен ықпалы, мәні зор болғанымен, жалқы есім – тілдік бірлік, сөз.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Дж. Лич атаудағы танымды тұлғаның әлеуметтік тәжірибесі негізінде қалыптасатын тек ассоциациялар негізінде қарастыруды ұсынады [1]. Щербак А.С., Грошев И.В. атаудағы таным әлеуметтік факторға байланысты екендігін айтқан [2]. Врублевская О.В. аталған нысанды әлеуметтік-бағалау негізінде атау мағынасын тікелей, яғни референтті қолдануында атау астарындағы таным ашылатынын айқындаған [3].

Қазақ ономастикасының атасы – профессор Т.Жанұзақ атауларда лингвистикалық фактормен қатар экстралингвистикалық ақпарат жатқанын айтқан [4].

«Топонимиялық жүйе тілде бір-бірімен заңды байланысқан тілдік (топонимдік) бірліктер арқылы келетін болса, аталмыш топонимиялық жүйе тілдік санада, адамның, этностың когнитивтік-ментальді болмысында, өрісінде өз көрінісін концептілер арқылы бере алады», - деген пікірді де кездестіруімізге болады [5].

Мақалада атауларды жіктеп, жинақтап, тілдік тұрғыдан зерделеу үшін статистикалық әдіс қолданылады. Топонимдерге салғастырмалы-когнитивтік талдау жасалып, олардың шеңберіндегі имплицит ақпараттардың мазмұнын ашу мақсатында сипаттамалық әдіс қолданылады.

Талқылау мен бақылау. «Тарихи географиялық атаудың құндылығы – ең кем дегенде, үш түрлі ақпарат беретіндігінде: географиялық, тарихи, тілдік, бұл, өз кезегінде, тарихи атауларды халықтың рухани мәдениетінің ескерткіші деуге мүмкіндік береді» [6, 6].

Топонимдердің төлсипаты дегенде ойконимдік кеңістік, яғни этномәдени корпуста сай келетін тілде белгілі бір кезеңде белгілі бір социум қолданатын әр деңгейдегі елді мекендер атауының жиынтығын құрай алу қабілетін айтамыз. Біртұтас жүйе ретінде нысандар туралы шынайы ақпаратпен уәжделген топонимдер мағынасында сақталған мәдени тілдік ақпараттар негізінде әлемнің жалқы есімдік бейнесінің топонимдік кесіндісін қалыптастыра алу қабілетін топонимдердің ингеренттік ерекшелігі деп түсінеміз. Күрделі топоним топтық ақпаратқа ие, яғни бір тектес топонимдер жиынтығына қатысын білдіреді. Аталмыш факторды ескере отырып, елтанымдық мағынадағы топонимдердің бірнеше мазмұндық тобын бөліп көрсете білуге болады: 1) тарихи компонентті топонимдер. Бұл тарихи елтаным құзыреті басым топонимдер: тарихи тұлғалар есімдерімен, «мемориал»-атаулар, мысалы: Отырар, Тараз, т.б. Бұл топонимдердегі тарихи коннотация топоним жасалғаннан кейінгі компонент болуы мүмкін, мәселен, Аңырақай шайқасы.

2) Гегорафиялық компонентті топонимдер. Бұл бүкіл қазақ жеріндегі топонимдердің атау-ассоциациясы, мысалы: Алматы, Талғар, Шелек, Нұра т.б.

3) табиғи-географиялық компонентті топонимдер. Аумақтың флорасы мен фаунасынан ақпарат беретін атаулар: Құлан, Теректі, Бақалы, т.б. Мұндай атаулар әртүрлі жануарлар мен өсімдіктердің қазіргі не өткен таралу ареалы туралы ақпарат береді. Құрамында көне географиялық терминдер негізінде қалыптасқан қазіргі топонимдерде «аң атауына байланысты компонент» жаңсақ ақпарат беретіндігі айқындалды, мәселен, *Ақсиыр* топониміндегі «сиыр» компоненті қазіргі қазақ тіліндегі «сиыр» сөзіне еш қатысы жоқ, моңғол тілінен сайыр «құрғаған өзен арнасы, малта тас» мәніндегі сөз, Екіөгіз – атаудың екінші сыңарындағы өгіз көне түркі тілінде «өзен, су» мәнін

білдіретін сөз болған. Демек, атаудың мағынасы «екі өзен» дегенді білдірер болса, қаланың қатарласа ағып жатқан екі өзен жағасында салынғандығын аңғартқандай.

Құрамында термин-идентификаторы бар топонимдер қатарына Алматы, Сығанақ, Талас>Тараз, Қойлық, Талғар, Шелек, Кеген, Екіөгіз, Арыс, Кеңгір, Нұра жатады. Бұл атаудың әрқайсысы жер бедері бойынша мол ақпарат береді. Керуен жолындағы көне топонимдердің мағынасы күңгірттеніп, қазіргі кезде тек нысанды білдіретін атаулар ретінде сақталған. Алайда Е.Қойшыбаев, Ғ.Қоңқашбаев, А.Әбдірахманов, Т.Жанұзақов [7-10] сынды ономаст-ғалымдардың этимологиясына сүйенер болсақ, онда жәй өзен емес, «таудан ағатын өзен», екендігін анықтауға болады.

Кеңгір – Бұл *кан/ган/кен* форманты шығыс түркі тілдерінде, яғни Алтай, Сібір өлкесіндегі тұрғындар тілдерінде «өзен, су» мағыналы сөз болса, иран тілдерінде *кан* «арық», «канал» деген мағынаны білдіреді. Ал атаудың екінші компонентіндегі *ір* (*ар, ер*) үндіеуропа, түркі, монғол тілдеріне ортақ, манси тіліндегі *эри* – «өзен», венгер тіліндегі *ар* – «өзен», «ағын», «тасқын» сөздеріне барып саяды. Демек, Кеңгір атауының мағынасы «өзен-өзен» дегенге саятындай [11].

Бақанас – Е.Қойшыбаев: «Түр. *бақан* (*бақай*) – «айыр» және көне *ас* (*аш > уш > ус > үс > үш*) варианттас «су» мағынасындағы тұлғалардан қалыптасқан атау. *Бақанас* – «тарам су» ұғымын береді» [12]. Атау «тіреу болатын ағашы көп өскен жер», тарихи мәні «ұрпаққа флора туралы ақпарат беруге байланысты. Санада «табиғаты көркем, ағашы қалың өскен орманды» елестетеді.

Талкиз – Талғар – А.Әбірахманов пікірінше, Талғар атауының этимологиясы: «тал» (ир. тау) + гар (көптеген тілдерде, соның ішінде көне түрік тілінде де – «тау»), яғни «тау + тау» [13].

Құлан – Құлан «жылқы тұқымдас тағы аң». Ол атау XI ғ. М.Қашқари еңбегінде *Qulan* 1. Кулан «азиядағы жабайы есек» деп берілген [14].

Нәтижелер. Топонимдерді қолданудың атау туғызушы мен сол атауды тұтынушының арасындағы коммуникацияны прагматикалық тұрғыдан реттеудегі қызметінің маңыздылығын байқатады. Бұл атауды тудырушы қоғам мен қазіргі атауды қолданушы қоғам арасындағы сабақтастықты, яғни ұрпақ жалғастығын аңғартады. Байқап отырғанымыздай, атаулар тек нысан туралы тікелей, яғни 1) термин-индикатор арқылы нысанның өзіне нұсқау; 2) флора мен фаунасынан ақпарат беру; 3) сол жерді мекендеген тайпа туралы ақпарат беру арқылы қол жеткізген. Олар ойды шашыратпай, қысқа да, нұсқа, әрі нысан туралы тікелей ақпарат беру арқылы дәл жеткізуді қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан алып қарағанда, сол кездегі атау тудырушы қоғам қазіргі тілдік тұлғаның қалыптасуына әсер еткен. Қазіргі қоғам мүшелері, яки тілді тұтынушы өкіл өздерінің когнитивтік санасында топонимдерді қолданған кезде коммуникативтік-прагматикалық, нақтырақ айтқанда, талғамдық, аксиологиялық мақсатты көздейді. Нысан атауы арқылы айтқысы келген ойын

деп жеткізіп қоймай, тілді тұтынушыларға (бұрынғы не қазіргі болсын) эксплицит немесе имплицит ақпаратты тасымалдаған. Топоним-логоэпистемаларды халықтың атау тағу үдерісіндегі тарихи, географиялық реалийлерді айқындайтын белгілер арқылы қалыптасқан таным нәтижесі, лингвомәдени стандарты деуге болады.

Қорытынды. Топонимдер астарындағы аялық ақпараттарды игеру белгілі бір жалғасын тапқан лингвомәдени қауымдастық мүшелеріне тән деректерді меңгеру болып табылады. Қазіргі геосаяси жағдайында өмір сүріп жатқан ұрпақ үшін топоним-логоэпистемаларды, оның ішінде тарихи топонимдер аясындағы құндылықтар жайлы (күңгірттенген/айқын) мағлұматтарды білу аса маңызды. Сондықтан топонимдерді қазақ халқының әлемнің топонимикалық бейнесін жасаушы, тілдік тұлғаның болмысын айқындайтын, оның тілі, мәдениеті мен тарихынан ақпарат беретін баға жетпес қор, қазақи қоғам санасында ассоциация, стандарт, маңызды «жердің хаты» екендігіне көз жеткіземіз. Еліміздің жер-су атаулары адамдардың өзін қоршаған ақиқат дүние туралы жинап-терген ақпараттарын кодтап қана қоймай, оларды тасымалдаушы қызметін қоса атқарады.

Бұл жағдайды уақыт өте келе атау мағынасының көмескіленуі мен күңгірттеніне орай қоғам мүшелері үшін оның имплицит екендігімен түсіндіруге болады.

Әдебиеттер

- 1 Leech G. Semantics. The study of meaning. L.: Penguin Books, 1981. -388 р.
- 2 Щербак А.С., Грошев И.В. Социативная семантика урбанонимов // Социально-экономические явления и процессы. -Тамбов, 2017. Т. 12. № 5. С. 224-229.
- 3 Врублевская О.В. Коннотативные макротопонимы: динамический аспект // Неофилология. 2021. Т. 7, № 27. С. 402-411.
- 4 Жанұзақ Т. Ұлы дала атаулары // Ономастикалық хабаршы №1 (31), 2016. 4-9 беттер.
- 5 Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасындағы дүниенің (ғаламның) топонимиялық бейнесі // Ономастикалық хабаршы №2 (32), 2016. 45-57 беттер.
- 6 Груздев А.И. Концепция возвращения исторических географических названий в Приморье // Вторая Приморская краевая научно-практическая конференция «Исторические названия – памятники культуры». 26-27 мая 1992 г. – Владивосток, 1992
- 7 Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы, 1985.
- 8 Конкашпаев Г. Словарь казахских географических названий. Алма-Ата. 1963.
- 9 Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы, 1975.
- 10 Жанұзақ Т. Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы. А.,

2005.

11 Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. Алматы: "Сөздік-словарь" ЖШС, 2010.-356 бет.

12 Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы: Мектеп, 1985. – 256 бет.

13 Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы, 1975.

14 Махмуд Қашқари. Диван ливатит турк. Тошкент, I-II-III, 1961-1965.

БекжанӘбдуәлиұлы

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы
Астана қаласы,*

ҚАЗАҚ ЕСІМДЕРІНІҢ МАҒЫНАСЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ АҚПАРАТТАР

Кез келген ұлттың даму тарихы оның барлық мүшелеріне ортақ дүниені тауы қабілеті мен дүниеге деген көзқарасын қалыптастырады. Осы ортақ дүниеге көзқарас олардың мәдениеті мен дәстүрінің түпкі негізі болып табылады. Бұл өз кезегінде қауымдардың ментальдылығын айқындаушы тетік ретінде де маңызды рөл атқарады. Қазіргі ғылымда ментальдылыққа «Адамдардың жан әлеміндегі бір әлеуметтік және тарихи қауымдастықтарға жұмылдырушы тұрақты көңіл-күй; ойлау мен әрекет етудің белгілі бір типіне адамдардың жақындығы мен ыңғайлануларының жиынтығы. Ментальділік бір жағынан мәдениет пен дәстүрдің нәтижесі ретінде көрінеді, сонымен бірге мәдениет дамуының терең көзі болып табылады», – деген көзқарас тұрғысынан сипаттама жасалады [1]. Ал бүгінге дейін қазақ халқы қалыптастырған мәдениет пен дәстүр ұлтты ұйыстырушы күш ретінде қызмет етіп келеді.

Қазақ халқы қалыптастырған мәдениеттің бір тарауы кісі есімдері. Ат қою мәдениеті мен атты пайдалану мәдениеті халқымызда ертеден бар. Адамдар арасындағы қатынасты реттеуші құрал ретіндегі қызметіне халқымыз баса мән беріп, оны тиімді пайдаланудың лингвистикалық тетіктерін қалыптастырған. Қазақ есімдерінің құрылымы мен қолданысындағы осы бір ерекшелік – халық танымы мен мәдениетінің үздік жемісі. Әр адамның есімі оны жеке дара тұлға ретінде тануға, қоғам мүшелерінің арасында өзгелерден ажыратуға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан алғанда кісі есімдері адам мен қоғамның қатынасы үшін және екі адамның өзара қатынасы үшін аса маңызды рөл ойнайды, бұл оның коммуникативтілік құзіреттілігін де айқындайды. Қазақ есімдерінің осы ерекшелігі адамдардың арасын жақындату, татулық, бірлік орнату, өзара үйлесім мен келісімде болу идеясы негізінде қалыптасқан.

Ұлттық танымдағы үйлесім заңына деген сұраныс – құрметтеу, еркелету мәніндегі есімдерді қалыптастырушы негізгі факторлардың бірі. Еркелету мәнді есімдердің қалыптасуындағы тілден тыс факторлар туралы айтқанда, біз ең алдымен еркелету, құрметтеу мәнді есімдер тұлғасының қалыптасуына негіз болған ұлттық таным-психология, ұлттық дәстүр т.б. мәселелерді ойға аламыз. Қазақ халқында үлкеннің тікелей атын атау әбестік болып табылады, сондықтан оның есімін атағанда ата, аға, баба, апа, әпке т.б. құрметтеу мәнді сөздер жалғанып отырады. Өзіне деген құрметті сезіну немесе қалыптасқан құрмет дәстүрінің аясында қатынас жасау сөйлеушінің де, тындаушының да – үлкеннің де, кішінің де көңіл-күйіне жағымды сипат береді, яғни көңілдері үйлесімге келеді, тіл табысады. Сондықтан, тікелей адамға бағытталып, оны атайтын болғандықтан, есімдер табиғатында еркелету, құрметтеу мәніне сұраныстың туындауы заңды да. Тек есімдер арқылы ғана емес, еркелету, құрметтеу мәні түрлі сөздермен де беріледі.

Ұлттық психологияда үлкенді сыйлау, құрметтеу, жасы кішіні еркелету – «үлкенді – аға, кішіні – іні» көру ұғымымен тікелей байланысты, сондықтан кісі есімін өзгертіп, еркелету, құрметтеу мәнді реңк үстеу пайда болған. Тілдік тұрғыдан алғанда ол түрлі тәсілдер арқылы берілгенмен, соған ықпал етуші тілден тыс факторлардың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл қазақ есімдерінің болмысындағы үндестікке деген сұраныстың нәтижесі болып табылады. Бұл ертеден қалыптасқан ұғым болса керек. Мысалы, Н.А. Баскаков ол туралы өз зерттеулерінде былай дейді: «...Ведь семейно-родовые имена происходят от чисто половецких составных имен, состоящих из собственного имен и патримониальной частицы-слова *оба-она*, восходящего, по мнению некоторых тюркологов (А. Зайончковский и др.), к тюрк. *оба* 'племя, род', а по мнению других – к тюрк. *ара-абу*, 'старший брат, дядя по отцу' > **обращение к старшему**; ср., например, *Кулоба* и *Кулобичи*, *Токсоба* и *Токсобичи*. Возможно, что русские адаптированные семейно-родовые имена типа *Билюковичи*, *Атраковичи*, *Улашевичи* и прочие соответственно восходят к собственным именам Билюк-оба, Атрак-оба, Улаш-оба и тому под.» – деген ғылыми тұжырымда сонымен қатар үлкенді сыйлау мәселесі де көрініс беріп тұр [2, 49 б.]. Сонымен қатар, қазіргі тіліміздегі үлкенге қаратылып айтылатын құрметтеу мәнді *баба*, *әке*, *көке*, *аға*, *әже*, *апа* т.б. секілді атаулардың да құрметтеу мәнді антропонимжасамдық қосымшалардың қалыптасуына өзіндік әсерінің болғанын байқау қиын емес. Қазақ халқында өзінен бірнеше жас үлкен адамның атын атау дәрежелік саналған. Сондықтан, ондай есімдерге аталған *ата*, *аға*, *апа*, *көке* т.б. секілді туыстық атаулар тіркеліп айтылатын болған. Н.А. Баскаков зерттеулеріндегідей, құрметтеу мәнді белгілерді көне түркі жазбаларынан да кездестіреміз: «АQA (ақа) мен тытсу ақам арчуқ билә айтышып `Мен – Тытсу ағам – Арчуқпен келісіп` [3, 48 б.]» – деген жолдан құрмет тұту мәнін аңғарамыз. Ол тіл мәдениетіндегі өміршең дәстүр ретінде әлі күнге сақталып келеді. Мысалы, «Асылбекті Абай көптен бері «*Асыл аға*» дейтін. Сол Асылбек бұл күндерде Абайға аса бір

сүйікті жақын аға болып кетті» [4, 238 б.]. Осы секілді, «Талаптан сыбырлай сөйлеп: – Ортадағы жігіт – ақын Қуандық Шаңғытбаев – деді. Қуан ағаны алғаш көруім осылайша... Бірде *Қуан аға-ау* көбірек жазбайсыз ба? дегенім бар» [5, 77 б.]. Бұл жерде де адамға деген ыстық ықылас, оның есімдеріне беріліп, лигвомәдени сапасын арттырып тұр. Кейде осы аға сөзінің өзіне де құрметтеу мәнді қосымша жалғанып, эмоциялық бояуын қоюлатып тұрады. «*Ағекем*, бауырым деп бас салды» [4, 150 б.]. Тілімізде құрметтеу мәнді осы секілді мысалдарды көптеп кездестіруге болады. Кешегі Ахмет Байтұрсынұлының – Ахаң, Міржақып Дулатовтың – Жақан, бүгінгі таңда Шерхан Мұртазаның – Шерағаң атануы мұның айқын дәлелі. Тарихтағы Домалақ ана, Найман ана немесе Бекет ата т.б. секілді есімдерге жалғасқан қосалқы атаулар құрметтеу, қасиет тұту мәнінде жұмсалып отыр.

Тілдік деректерге сүйенсек, құрметтеу, еркелету мәнді есімдер тек қазақ халқында ғана емес, исі түркі жұртында бар ортақ құбылыс екен, сонымен қатар славян тілдеріне де тән ерекшелік болып табылады. Орыс тілінде Екатерина – Катя, Елизавета – Лиза, Виктор – Витя т.б. деп еркелетеді. Алайда, олардың өзіндік сырлары бар. Орысша еркелету мәнді есімдердің айтылуында дәстүрлі қолданыс басым, сондықтан Саша немесе т.б. қысқарып, қосымшалар жалғанған немесе т.б. есімдерде еркелету, құрметтеумен қатар Александрдың әлі жас екенін білдіру сипаты да көрініс береді. Адам атын қысқарту – әр тілде ертеден қалыптасқан көне тәсіл [6, 261б.]. Орыс есімдеріне байланысты айтылатын тағы бір ерекшелік – олар қазақ есімдері секілді еркелету мәнінің негізінде дербес есімдерге айнала алмайды. Еркелету мәнді есімдердің бастапқы тұлғалары айқын болып келеді де, олар айтылғанда бастапқы тұлғасын ойымызда қатар елестете аламыз. Мысалы, Наташа десе оның Наталья, Саша десе Александр екенін білеміз. Ол есімдердің нақты формалары мен мағыналары орыс тілінде негізінен нормаға айнылғаны белгілі.

Әр адамның өз есіміне дағдылануы – өзіне қатысты жағымды-жағымсыз барлық ақпараттарды сол арқылы қабылдап, күйініп-сүйінуінің өзі кісі аттарының психологиялық болмысын көрсетеді. Кез келген адамның есімі, өмір бойы бірге алып жүрген серігі болғандықтан, өзіне тым жақын. Есімі аталған адам өзімен аттас басқа біреу шақырылса да, еркінен тыс, абайсыз бұрылып қарауы мүмкін. Бұл есімдердің адам санасындағы орнын, қызметінің ерекшелігін көрсетеді. Психолог Елена Клесникова «Психологтар: адамға өз есімінің дыбыстарынан көркем, әрі жақын ештеңе болмайды. Адамды өзіңе тартып, іші-бауырына енгің келе ме? – деп сұрайды – атын көбірек атаңыз. Есімін жиі айта отырып, өз ұсынысыңызды орындатарыңыз анық» – дейді есімдердің психологиялық жақтары туралы мақаласында [7, 20 б.]. Осы жерде азан шақырып қойылған атымен атаудың және құрметтеу, еркелету мәнді есіммен атаудың өзара психологиялық ерекшеліктерінің барын ескеруіміз керек. Мысалы, «*Абайжан*-ай қайдағыны айтқыздың-ау! Айыпты *Өскенекеңнің* өзі емес. Тағы сенің әкең [4, 112 б.]» – деген сөйлемде құрмет

түту белгісі аңғарылады. Егер азан шақырып қойылған есім шығу тегі жағынан еркелету мәнді болса, оған осы мағынадағы тағы бір қосымша жалғанады. Мысалы: Бәкежан, Жәкенай, Бәкентай т.б. секілді тұлғалар арқылы адамның ішкі құрметі көрініс береді.

Өз есімімен атағанда әдет бойынша мойын бұрса, еркелету, құрметтеу мәнінде шақырғанда есімі аталған адамның көңіл-күйінде қандай да бір өзгеріс болары анық. Сондықтан, еркелету мәніндегі нұсқасы көбіне азан шақырып қойылған есімінің орнына қолданылады да, келе-келе бастапқысы ұмыт бола бастайды, нәтижесінде дербес мағыналы есім ретінде Сәреке, Құлеке, Жанеке, Нұрыш, Нұртай, Нұрақ, Ертай, Еркен, Ержан т.б. секілді көптеген дербес қолданылатын антропонимдік тұлғалар қалыптасты. Егер осы есімдер тұрақты қолданылатын болса, өзінің еркелету мәнінен ажырап, тек атауыштық сипатымен қалады. Мұндайда эмоционалдық бояуы солғын тартып, шақыру немесе өзіне қарату мақсатындағы әлеуметтік, яғни атауыштық қызметі басымдыққа ие болады, алайда оның бойындағы бұл өзгеріс психологиялық болмысының толық жойылуы дегенді білдірмейді, өйткені кісі есімі қашанда адамның жадында жаттаулы тұрады. «Есімнің шыққаны соншалық, атымды ұмытып қала жаздадым (ауыз-екі әңгімеден)» - деген сөйлемнен адамға ең жақын, ұмытылмайтын нәрсе әркімнің есімі екені аңғарылады.

Қазақ халқында еркелету, құрметтеу – дәстүрлі ұғым. Осы бағыттағы ұстанымдарының негізінде ұлттың психологиялық болмысы қалыптасты. Кісі аттарына осы тұрғыдан келер болсақ, бүгінгі қазақ санасында құрметтеу, еркелету мәнді есімдердің орны ерекше әрі айқын. Оның адамдар арасындағы қатынасты реттеуде психологиялық әсер-маңызы да өзіндік мәнге ие. Егер кез келген адамның атын өзгертіп, еркелету немесе құрметтеу мақсатында жаңаша атап жатса, оған ол наразылық танытпайды, керісінше өзіне білдірілген ілтипат-құрмет ретінде жылы қабылдайды. Сондықтан, құрметтеу, еркелету мәнді есімдердің ұлттық түсінігіміздегі орны жоғары тұрады. Мысалы, есімі б-дан немесе с-дан басталатын Болат, Бимырза, Балтабай, Бәкір, Сағынғали, Сейіт, Сәтжан, Сәбит, Сәлмен т.б. бірнеше адам бірге тұрғанда сырттан біреу Бәке, Сәке деп шақырса, тұрғандардың бәрі қарауы мүмкін. Демек, тұлғасын өзгерткенмен есім өзінің атауыштық мәнін жоғалтпайды. Өйткені, бір адамды өзіне қарату үшін Бигелдіні – Бәке, Сағынғалиды – Сәке деп есімдердің өзгерген формадағы нұсқаларын қолдану ұлттық танымымызға сіңісті болған, баршаға таныс құбылыс.

Есімдердің дыбыстық тұлғасындағы мұндай өзгерістердің болу себебі: біріншіден, құрылымындағы әрбір өзгерістің, әлеуметтік қызметімен байланысты, тілдік тұрғыдан зерделенуге тиіс өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, бірінші буыннан қысқаратын Сәке тұлғасының құрамына Сәрсенбек, Сағынай, Серікқали, Сыздық, Солтанқұл т.б. секілді бірнеше тұлғаның бірігуі мүмкін. Сондықтан мұндай тұлғалардың табиғатында жалпылауыштық, жинақтауыштық мән күштірек болады және осы сөз болып отырған тәсіл арқылы қалыптасқан тұлға тілде дербес мәнді есім ретінде тұрақтап қалуы

мүмкін. Ал екінші буыннан қысқаратындардың бастапқы дыбыстық тұлғасын шамалап ажыратуға болады. Сондықтан олардың жалпылық, жинақтауыштық мәні бәсеңдеу болады және дербес антропоним ретінде қалыптасу мүмкіндігі де аса жоғары бола бермейді. Оның бір себебі – қолданыста кісі аттары тұлғасының айтуға жеңіл, ықшам болу жағы да назарға алынады. Бірінші буыннан қысқару мен бірінші компоненттен қысқарудың буын санына байланысты өзара ұқсастығы осыған дәлел. Мысалы, Досымбектің Досым болып қысқаруы мен Қалмұқаметтің Қалкен түрінде тұлғалануы буын санына байланысты ортақ антропонимжасамдық тәсілдің жемісі – екеуі де қысқарып, екі буынды (бірдей) тұлғаға айналып отыр. Екіншіден, құрметтеу, еркелету мәнді антропонимдердің қалыптасуына негіз болып отырған лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың өзара байланысы жөнінде. Бұл екеуіне тән ортақ белгі үндестік пен үйлесім арқылы көрінеді. Дыбыстық тұлғасы жағынан алғанда, сөз болып отырған мәндегі есімдердің негізінен екі не үш буынды болуы – айтуға жеңіл болуы, әлеуметтік қызметі жағынан алғанда, көркем мәнді, адамдар арасындағы қатынастарды реттеу қабілетінің жоғары болуы олардың мағына мен дыбыстық тұлғасының арасындағы үндестік пен үйлесімді көрсетеді. Осы форманы жасаушы, яғни осылай атап тұрған адамның келесі адаммен арадағы қатынасты жақсартуға, жақындатуға бағытталған қадамының оң нәтиже беруге бейім тұратыны белгілі, сонымен қатар бұл тыңдаушыға да жағымды әсер беретіні анық. Демек, тек айтушының ғана емес, тыңдаушының да ішкі қалауы есімдердің осылайша қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Тұрған адамдардың бәрінің бірдей қарайтыны да сондықтан.

Еркелету, құрметтеу мәнді қолданыстар атауыштық қабілеті бойынша, кісі есімдерімен қатар осы мәндегі басқа сөздер арқылы да беріледі. Ауыз әдебиетінің материалдарында да бұл үлгі молынан қамтылған. Құрметтеу мәнді сөздер қолданысы: «Жә, ақсақал, бұл бөліс білімін маған үйреткен денесінен ұшып түскен қасқырдың басы емес пе?» – депті [8, 63 б.]. «Сонда қасқыр айтты: Шырағым қарындасым!..» [8, 48 б.]. «Ал өзің айтшы, түке. Даланың кербезісің ғой..?» [8, 50 б.]. «– Ей, түлкі батыр, не қылып тұрсың» [8, 43 б.]. «Замандас! Мына тартқан қайғылы сазыңның аты қалай? – деп сұрағанда...» [8, 11 б.]. «Ендігәрі тиіспеймін көкетай! Дос едік қой, – деп жалбарынады қасқыр» [8, 32 б.]. «О, аю қария, – депті жалаң тәжісі желбіреген қораз...» [8, 33 б.]. «Ойпырым-ай, патшам, қамқорым, данышпаным, не болды!» [8, 66 б.]. «Япыр-ай, тақсыр, сізге не болған?» [8, 75 б.] «Аю аға, сыйлап жүрейін, – деп жалбарынды!» [8, 91 б.] «Осылай да осылай, хан тақсыр! Жан-жануарлар сізді хан деп елемейді, салығын төлемейді» [8, 113 б.] «Айналайын, ағайлар, мендей жетім балалар босағадан сығалар!» «Ай, қызым-ай, еркесің-ау, ұстатпайды десем болдың ба...?!» [8, 175 б.] «Достым, мен бүгін қонаққа бармақ едім» [8, 177 б.]. «Әй, бауырым-ай, өзенге келдің ғой» [8, 233 б.]. Қазақ тіліндегі адам мен адамның арасын жақындастыруға, тіл табысуға арналатын бұл дәстүрлі қолданыстар ауыз

әдебиеті тілінде де көптеп кездеседі. Осы мақсатта есімдердің дыбыстық формасын өзгертіп немесе қосымшалар жалғау ертегілерде жануарларды атауда да немесе батырлар жырында кейіпкерлерге қаратылып та пайдаланылады. 1) Екінші компонентін қысқарту арқылы еркелету:

«Қалың қыпшақ, көп ноғай –
Жұрт жақсысы баланың
Атын қойды Бөкенбай.

Келді Бөкен бір жасқа» (*Қобланды батыр*). 2) тәуелдік жалғауының жалғануы арқылы, пікірлесушісін өзіне баурай сөйлеу: Түлкім, мен көзіңді аш дегенде аш. *Жолбарысым*, «маңғыт» деп жұтсаңшы 5т., 15б., *Түйем, түйем*, қайда барасың? [8, 18 б.]. 3) *-шақ (-шек)* қосымшасы арқылы: *Түлкішегім*, қарындасым неге жылайсың? – деп сұрапты [8, 16 б.] 4) *-қа, -ке, -еке* қосымшасымен: *Ареке* (арыстан), сіз деміңізді алып жата тұрыңыз. Ай, *қасеке* (арыстан), сіз бөксе жағын сойыңыз [8, 19 б.]. *Түке*, көмектес! Енді қайттім, өне бойым қан-жоса болды [8, 32 б.]. Осы орайда айта кететін бір ерекшелік – мейірім танытқанда *-шек*, қиналып, басына іс түскенде *-еке* қосымшасы қолданылады. Бірі кішірейту, екіншісі құрмет тұту мақсатында жұмсалып тұр.

Туыстық және жалпы адамдар арасындағы қатынастарды реттеп, жүйелі тәртіп аясына тоғыстыратын тілдік тәсілдердің бір қыры еркелету, құрметтеу мәнді есімдер арқылы жүзеге асады. Қазақ есімдерінің дыбыстық тұлғасындағы үйлесім сапасының көрсеткіштері – ұлттық психология табиғаты мен ұлтымыздың тілінде сөйлеушілердің өзара қатынас жасаудағы мәдени ізденістерінің жемісі. Үлкенді құрметтеу дәстүрі қазақ халқында түрлі тыйымдар мен ұлттық педагогика талаптары арқылы қорғалып, үздіксіз жетілдіріліп келді. Ұлттық педагогика арқылы тілдік санаға енген осы дәстүр, ұлттық иммунитеттің нығаюына ерекше ықпал етті. Оның өміршеңдігінің бір сыры осында. Кісі аттарының да сол дәстүр талаптарына сай икемделуі ұлттық танымдағы эстетикалық құндылықтардың көрінісі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Ментальдік>
2. Баскаов Н.А. Имена половцев и названия половецких племен в русских летописях // Тюркская ономастика. – Алма-Ата: Наука, 1984. – С.48-77.
3. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 677 с.
4. Әуезов М. Абай жолы. – Алматы: Жазушы, 1989. – 608 б.
5. Қабышұлы Ғ. Арамыздан асығып аттанғандар // Таң-Шолпан. – 2001. - № 5. - 182 б.
6. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
7. Колесникова Е. Меня зовут Елена. А вас? // Казахстанская правда. - 2008, февраля -8.
8. Қазақ ертегілері. – Алматы: «Жазушы», 2000. – 5 т. – 272 б.

КАРТАЛАРДА, ШЫҒАРМАЛАРДА САҚТАЛҒАН АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ АТАУЛАРЫ

Қазақ халқының көшпелі өмір салты жер бедері мен ландшафт ерекшеліктерін зерттеуге ықпал еткенін, бұл табиғи жайылымдарды өңірлік пайдалану кезінде қажет болғанын жазады. Көшпелі шаруашылық пен мәдени қызметті жүргізуде шешуші мәнге ие табиғи орта әсіресе шаруашылықтың осы түріне тән өзіндік лексиканың қалыптасуына әсер етті. Осылайша, шаруашылық жүргізудің ерекшеліктерін қазақтар көбінесе географиялық нысандардың аттарында бейнелеп көрсетті. Мұнда халықтық географиялық терминдердің қатысуымен жасалған топонимдер маңызды рөл атқарды. Маусымдық жайылымдық жерлердің терминдері: қыстау, жайлау, көктеу, күзеу. Көбінесе аумақтың жер бедеріне байланысты терминдер кездеседі. Атап айтқанда, жер бедері, микрорельеф көшпелілер үшін жайылымдық жерлерді бөлуде негізгі бағдар болды, бұл желден қорғайтын таулар немесе қысқы және жазғы жайылымдарды бөлудің ық жақ және жел жақ беті болуы мүмкін [1]. Сол себепті жер бедерінің оң және теріс формаларының халықтық географиялық терминдері облыс топонимдерінде жиі кездеседі, олардың ішінде биіктікке (төбе, шоқы, жал, тау, адыр, тас) және ойыс жерлерге (шұңқыр, сай, ой, ойық) қатысты орографиялық терминдер бар. Мысалы: Көкшетау, Бөлектау, Ортақтөбе, Тәйтөбе, Сарыадыр, Ақшоқы, Мыңшұңқыр, Қызылсай және т.б. Орографиялық атаулар, яғни жер бедерінің нысандары (таулар, жоталар, төбелер, сайлар және т.б.) оронимдер деп аталады. В.А. Никоновтың пікірінше, олар елді мекендердің атауларына қарағанда басқа табиғи нысандардың атаулары сияқты тұрақты, көбіне гидронимдерге ұқсас болып келеді. Топонимдердің басқа түрлеріне қарағанда оронимдерде нысанның сыртқы бейнесі негізгі белгі қызметін атқарады (таудың сыртқы кескіні немесе оның түсі). Көбінесе ороним нысанның пішінін білдіретін теңеу сөздермен аталады: мысалы, Құсмұрын, Айыртау, Аютас және т.б. [2]. Географиялық атаулар орографиялық әртүрлілік пен жердің геологиялық құрылымын, пайдалы қазбалардың болуын айқын көрсетеді. Аймақтан түрлі археологиялық кезеңдерге жататын қорымдар мен тұрақтардың табылуы мұнда тау-кен жұмыстарының айрықша дамығандығын көрсетеді. Ақмола облысының жер қойнауы пайдалы қазбаларға бай екендігіне Алтынтау, Алтынды, Борлытау, Борлыкөл, Борлысай, Шойындыкөл және т.б. географиялық атаулар дәлел бола алады. Осылайша, пайдалы қазбалар облыстың топонимдерінде көрініс тапқанын және одан әрі ғылыми зерттеу нысаны бола алатындығын атап өткен жөн. Қазақтар жайылымдарды пайдалануда көбінесе микроклиматтық факторларды, яғни желдің бағыты,

оның жер бетінен қарды үрлеу әрекеттерін ескеріп отырды. Осыдан қағыл (қарды жел ұшырып әкететін жер), бауыр (ықтасын беткей), қоңыр (бекіген құмды төбешіктер) және т.б. жайылым терминдері пайда болды. Мысалы, қағыл термині таудың жел жақ беткейінде орналасқан жайылымды білдіреді, онда қыс кезінде жел қарды үрлеп, жерді мал жаюға қолайлы етеді. Мұндай жайылымдарда, әдетте, қыста пайдалану үшін жазда мал жаймайды. Бауыр, беткей, етек, күнгеі терминдерінде мал жаю тәсілдері көрсетіледі. Ал, бауыр термині таудың ық жақ баурайын немесе етегін білдіреді. Қазақтар боран кезінде малдарын осы бауырларда баққан. Күнгеі, күн терминдері оңтүстік жақ, күнге қарайтын беткей дегенді білдіреді. Ол жерлерде әрдайым қардың жақсы еруіне байланысты қыста мал жақсы жайылды [1]. Зерттеліп отырған өңірге жергілікті климат ерекшеліктерін көрсететін Айқай, Шаңтөбе, Қарабауыр, Қоңыр және т.б. топонимдері тән. Қазақ халқы ежелден су нысандарының физикалық-географиялық ерекшеліктеріне (жер бедері, климаты, топырағы, өсімдік жамылғысы) назар аударып, оларға ат қойып (номинация), шаруашылық үшін қажетті маңызды белгісіне қарап ажырата білген: Ақкөл, Теренөзек, Арнасай, Кеңтүбек, Мұқыр, Құмдыкөл, Қоскопа және т.б. Қазақстанның көптеген топонимдерінде белгілі бір физикалық-географиялық нысандарда өсетін өсімдіктер мен ағаштардың атаулары бар. Ақмола облысының топонимиясында өсімдік әлемінің барлық түрлерінің емес, тек қазақтардың шаруашылық және этномәдени өмірінде қандай да бір маңызы бар түрлердің атаулары кездеседі [3]. Осылайша, өсімдік атауларының қатысуымен жасалған топонимдердің қалыптасуында шаруашылық қызметтің дәстүрлі түрі – көшпелі мал шаруашылығы тікелей басты рөл атқарды деп қорытынды жасауға болады. Аймақ топонимикасында жиі кездесетін өсімдіктер мен ағаштардың атаулары: қоға, қайың, қияқ, өлең, арша, қарағай, бидай, бидайық, боз, тал және т.б. Өсімдіктер әлемімен байланысты топонимдер өсімдіктердің белгілі бір түрлерінің бұрын немесе қазір таралғандығынан ақпарат береді, бұл тарихи ландшафттардың көрінісін қалпына келтіруге көмектеседі. Оларға Аршалы, Қарағайлы, Өлеңті, Шілікті, Кеңбидайық, Шөптікөл, Қоғалыкөл, Мойылды, Өріктісай және т.б. атаулар жатады. Ақмола облысы топонимдерінің құрамында аңдардың, жануарлардың, құстардың атаулары бар, олар жануарлардың қандай түрлері кең таралғандығын және жануарлар әлемінің байлығын көрсетеді. Мұнда орман мен дала жануарлары жиі кездеседі. Жабайы жануарлардың, құстардың, балықтардың, жәндіктердің атауларымен байланысты топонимдер: Құланөтпес, Бұланды, Елікті, Аютөбе, Шошқалы, Түлкілі, Қоянды, Шортанкөл, Шабакты, Бүркітті, Ұялышалқар, Шыбындыкөл және т.б. Ақмола облысында егін шаруашылығын көрсететін топонимдер кең таралған. Егіншілік жүйесімен байланысты атаулар шаруашылықтың мал шаруашылығынан басқа да салаларының болғандығын көрсетеді. Ақмола облысы аумағында бұрын егін шаруашылығының дамығандығына облыс топонимдерінде айтарлықтай кең тараған егін, арық, тоған, шығыр, бөгет

терминдері дәлел бола алады: Егінтомар, Егіндікөл, Қараегін, Қызылегіс, Арықбалық, Арықты, Арықтыжон, Солтыбай шығыры, Көлтоған, Тоғансай, Тоғанкөл, Қарашалғы және т.б. Топонимдердің көмегімен бұрынғы егіншілік мәдениетін қалпына келтіруге болады.

Шығу тегі бойынша ежелгі болып табылатын этнопонимдер өткен дәуірдегі халықтың генетикалық құрамының күрделілігі мен алуан түрлілігін көрсетеді, осы өңірде мекендеген рулар, тайпалар, олардың тұрмысы, мекендеу орындары және т.б. туралы құнды мәліметтер береді. Облыста келесідей этнопонимдер кездеседі: Қазақ көлі, Қырғыз, Қалмақкөл, Қалмаққырылған, Үшсарт және т.б. Ру атауларының қатысуымен жасалған географиялық атаулар генонимдер деп аталады. Облыс аумағында ру аттарымен аталған Балталы, Бағаналы, Жағалбайлы, Қанжығалы, Итемген, Табын, Керейт, Айдабол, Қалқаман, Қоңырат, Естек, Керей, Қыпшақ генонимдері кездесті. Олардың көпшілігі Орта жүзге жатады. Солтүстік және Орталық Қазақстан аумағын ертеден Орта жүз өкілдері мекендегендіктен, бұл тарихи тұрғыдан орынды болып саналады [4]. Аймақ антропонимдерінің қалыптасуын ру басы немесе билердің (Қарауыл Қанай би, Дүйсен би және т.б.), батырлардың (Баубек батыр, Р.Қошқарбаев және т.б.) және тарих және мәдениет қайраткерлерінің (Қажымұқан ауылы, Балуан Шолақ ауылы т.б.) есімдерімен байланысты атаулар деп бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

Физикалық-географиялық жағдайларды негіздейтін топонимдерді (ороним, гидроним, гляционим, фитоним, зооним) талдау аумақтың бай табиғи мұрасын және аймақ табиғатының өте ерте кезден-ақ игеріле бастағандығын көрсетті. Көшпелі мал шаруашылығын ұйымдастыру арқылы қазақ халқында табиғатты қорғау дәстүрі, оның қорларын шаруашылық мақсатта тиімді пайдалану жүйесі қалыптасты. Географиялық атаулар адамдардың өмір сүру салтына, тұрмысына, мәдениетіне, тарихына байланысты белгілі бір физикалық және географиялық жағдайларда қалыптасып, қызмет ете алатындығын айта кету керек.

«Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы» ММ ұсынған деректерге сәйкес, ойконимдер қарастырылып отырған аумақтың географиялық нысандарының ең көп тобын құрайды. Олардың жалпы саны – 592. Оның ішінде: қазақ атаулары – 352 (59,5%), орыс атаулары – 240 (40,5%). Соңғы жылдары көптеген бұрмаланған елді мекен атаулары біртіндеп түзетілді. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық ономастикалық комиссия тіл мамандары мен топонимистердің қатысуымен тарихи атауларды қайта атау және қалпына келтіру бойынша ауқымды жұмыстар атқаруда. Қазіргі таңда ономастикалық комиссия Ақмола облысының бірқатар ауылдарын қайта атады, мысалы, Малотимофеевка - Аққайың, Красноярка - Жарлықөл және т.б. Нәтижесінде топонимияда елеулі өзгерістер болды, топонимнің қоғамдық санадағы орны туралы жаңа түсінік қалыптасты. Аймақтың тарихи топонимдерін зерттеуде Қазақстан

Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің (бұдан әрі – ҚР ОМА) тарихи құжаттары мен Омбы облыстық мемлекеттік тарихи архивінің (бұдан әрі – ООМТА) картографиялық материалдары негізге алынды. Архив құжаттарын пайдалану талдауды анағұрлым шынайы етеді, оған шынайы ғылыми сипат береді. 1766-1917 жылдардағы картографиялық құжаттар топтамасында сақталған Ақмола облысының XIX ғ. соңы – XX ғ. бас кезіндегі қоныс аудару карталары аймақ топонимиясының өзгеріске ұшырау барысынан ауқымды ақпарат берді. Мәселен, 1897 жылы жобаланған қоныс аудару және қосалқы учаскелердің картасы мен 1896-1897 жж. Ақмола уезінің қоныс аудару және қосалқы учаскелерінің картасында қоныс аудару учаскелері қазақ жеріне өзге атаумен орналасқандығы анық байқалады. Аталған карталарда 1897 жылғы дерекке сәйкес қазіргі Целиноград ауданына қарасты Приречное селосы орналасқан жер Тұмсық деп аталса, Ақкөл ауданына қарасты қазіргі Қарасай ауылы Степок деген атаумен Қарауылтөбе жеріне орналасқан. Сонымен қатар Қашқар қонысында Ксеньевское, Қызылжарда Поречное, Дауылбай жерінде Елененское, Жалғызғашта Ильинское, Бекжан қонысында Кольцовка, Кармола қонысының үстінде Приозёрное, Олжабайда Благодатное, Тұрымтайда Партизанка, Сасық жерінде Суворовка, Кіші Қосшоқыда Ольгинка, Найзатөбеде Степняк деген атпен қоныс аудару учаскелері пайда болғанын көруге болады (ООМТА, I. 48; ООМТА, I. 72.). Зеренді және Қотыркөл болыстарының картасы мен Көкшетау уезінің топырақ картасының мәліметтеріне сәйкес, 1895 жылы Қояндыкөл ауылының жанына Ковалевский, 1898 жылы Арықбалық ауылының маңына Успенско-Юрьевский, Тассуат ауылына жақын жерде Новокиевский, Тоқтамыс ауылының қасында Ергольский және Жанпейіс қонысының үстінде Дмитриевский деген атаумен қоныс аудару учаскелері құрылған. Бұл деректер қазіргі Бурабай ауданына қарасты Успеноюрьевка елді мекенінің байырғы аты Арықбалық, Дмитриевка ауылының бастапқы атауы Жанпейіс болғандығын білдіреді (ООМТА, I. 106; ООМТА, I. 111а.). Ақмола облысы Атбасар уезінің қоныс аудару және қосалқы учаскелері картасындағы дерек бойынша, пошта бекеттерінің жанында, яғни Байжігіт қонысында Ново-Александровское, Амантай жерінде Маринское, Қарабада Таволжанское, Қарабайда Астраханское, Шаншарда Ново-Черкасское, Жыландыда Петровское, Қарамендіде Покровское, Тасмолада Семеновское, Бармақ қонысында Максимовское, Қоныс жерінде Джималаевское қоныс аудару ауылдары пайда болған (ООМТА, I. 13). Сондай-ақ, Ақсақ Әлімбет ауылының үстінде Степногорск (қазіргі Байқоныс ауылы), Қызмолада Павловка, Аралтөбеде Веренка, Төртқұлақта Зеленый гай, Шұбарағашта Карамышевка, Қоныста Раздольное, Дүйсенбайда Оксановка, Қуат қонысында Донское және т.б. елді мекендер пайда болды. Төмендегі кестеде әр түрлі кезеңдегі топографиялық карталарды салыстырмалы зерттеу арқылы ойконимдердің өзгеріске ұшырау процесі берілген.

Мәліметтер Степногорск қаласының бұрынғы атауы Бесқарағай

болғандығын көрсетеді. Сондай-ақ Ақкөл ауданына қарасты Малоалександровка ауылының байырғы атауы – Айғырсойған, ал Наумовка ауылының бастапқы атауы Алмақарағай болған (ООМТА, I. 13). Сондай-ақ, әртүрлі кезеңдерде аумақтағы су нысандарының атаулары да өзгергенін байқауға болады.

Сондай-ақ, қазіргі Ақкөл ауданындағы Новорыбинка ауылының алғашқы атауы Шортанкөл болса, Бұланды ауданына қарасты Никольск ауылының байырғы атауы Жарлықөл болған. Бұл мәліметтер «Ақмола уезінің Моншақты, Есіл, Ақмола, Нұра, Спасская және Шерубай-Нұра болыстарының картасында» да көрсетілген. Аталған карта Ақмола уездінің болыстары бойынша жүргізілген экспедиция барысында жергілікті тұрғындармен сауалнама жүргізу нәтижесінде құрастырылған (ООМТА, I. 82). Жоғарыда келтірілген картографиялық деректерді ҚР ОМА алынған жазба деректер де растайды. №317 (Заведующий переселенческим делом в Акмолинском районе) қордың «1911 жылғы қоныс аударушылар қозғалысы бойынша жылдық есеп» атты құжатында 1911 жылы Ақмола облысына қоныс аударғандардың саны көрсетілген. Құжатқа сәйкес, бұл жылы Қазақстанға 21 690 отбасы келген. Ал, Ақмола облысына олардан 2929 отбасы, 36806 адам келді. Бұл жалпы қоныс аудару қозғалысының 14,7%-ын құрады.

«Ақмола облысы Ақмола қоныс аудару ауданы агрономиялық бөлімінің 1913 жылғы жылдық есебінде» 1913 жылы Петропавл, Көкшетау, Атбасар, Ақмола уездерінде құрылған қоныс аудару учаскелері көрсетілген. Бұл жылы облыста жалпы ауданы 81 282,47 десятина болатын 23 учаске пайда болған. Құжатта сол жердің қазақ атауларымен қатар, осы жерге жаңадан салынған ауылдарға берілген өзге тілдегі атаулары берілген. Мысалы, Маңдай жерінде Трофимовское (Көкшетау уезі), Қоянды жерінде Сарепта (Ақмола уезі), Теректіде Переяславский, Ащылы-айрықта Ново-узенское, Жақсы-қояндыда Миновское, Мурзақайда Измаиловское, Атбасар уездіне қарасты Айбас жерінде Кустарное ауылдары пайда болған. Аталған құжат бойынша 1907 жылы Теректі жерінде Переяславский ауылы құрылып, онда 179 адам қоныстанса, Ащылайырық жерінде Новоузенское ауылы салынып, оған 227 адам қоныс аударған. Алғаш 128 адам қоныстанған Измаиловский ауылы 1909 жылы Мурзақай жерінде құрылса, 1910 жылы Атбасар уезіне қарасты Айбас қонысында 94 қоныс аударушыдан тұратын Кустарное атауымен жаңа ауыл бой көтерген. Қазір Жабай атауын иеленген Целиноград ауданына қарасты Миновка ауылы 1905 жылы Жақсы-Қоянды жерінде пайда болған. Революцияға дейінгі карта деректері бұл жердің бастапқы атауы Жақсы-Қоянды болғандығын көрсетеді (ООМТА, I. 56; ҚР ОМА, I. 20в.). «1916 жылғы Ақмола қоныс аудару аудандарының жылдық есебіне» сәйкес Ақмола облысының құрамына 1916 жылы Атбасар, Алексеев, Амантай, Кеңтүбек, Басоба, Жарқайың, Екінші Жарқайың, Терісаққан, Теңіз, Жаңа Теңіз болыстары кірген. Сондай-ақ, құжатта соңғы 3 жылда осы аудандарға келген қоныс аударушылардың саны көрсетілген.

Ақмола уездіне қарасты болыстар мен олардың құрамындағы қазақ қоныстарының атауы «Ақмола ауданы бойынша 1911 жылға арналған гидротехникалық жұмыстардың жоспарында» көрініс тапқан. Құжатта аталған қоныстарда пайда болған қоныс аудару учаскелерінің құрылған жылы мен оларға бөлінген жер көлемі көрсетілген. Мысалы: Алексеев болысына қарасты Қырық-құдық жеріне 1906 жылы ауыл салынып, оны Северный деп атаған. Осы жылы Батпақ-қарасу өзенінің бойындағы Бесмола жеріне де ауыл салынып, ол Пятигорское деп аталған. Сол секілді 1908 жылы Жыланды жерінде Ново-Московское, Жуантөбеде Кондратовский, Орта Ошағанды жерінде Красный путь ауылдары пайда болған (ҚР ОМА, I. 41). «Ақмола ауданы бойынша 1913 жылға арналған шаруаларды үлесті жерге орналастыру жөніндегі жұмыс жоспары» бойынша 1907 жылы Көкшетау уездіне қарасты Ақтас ауылы жанына Линеевское, 1903 жылы Ақмола уездіне қарасты Жауыр жеріне Самаркандское, 1898 жылы Қамыс қонысында Журавлевское ауылы салынған (ҚР ОМА, I. 48г). «Ақмола облыстық басқармасының ауылдарды құру және онда ауылдық қоғамдық басқаруды енгізу туралы қызметтік хат көшірмелері» Ақмола және Көкшетау уездерінің кейбір учаскелері дала генерал-губернаторының бұйрығымен ауылдық қоғамдық басқару жүйесіне біріктіріліп, оларға жаңа атау берілгеніне дәлел. Мысалы: Бәймен жерінде – Лисинское, Қияқ-аралда – Очередное, Жекекөлде – Колесниково, батыс Жарсорда – Раздор, Рамаданда – Ново-Орликское, Орта Мықтыкөлде – Барышевцево, Сейтен томарда - Шегловское ауылдары пайда болды (ҚР ОМА, I. 56е). «1915 жылғы Көкшетау, Омбы, Атбасар және басқа да уездердің қоныс аудару учаскелерінде қонысқа орналастыру және есепке алу барысы туралы тізімдемелер» құжатында қоныс аударушылар рұқсат алған жердің атауы мен ауыл тұрғындарының шешіміне сәйкес аталған елді мекен атаулары ұсынылған. Осылайша, Ақмола облысында жаппай қоныс аудару учаскелерінің пайда болуы нәтижесінде төмендегі топонимдер қайта аталды: қазіргі Сандықтау ауданына қарасты Қояндыкөл жері Новоникольск, Жалтыркөл – Новосёловка, Балапан – Веселое, Жалпаққарағай – Быстримовка, Тақыр Жыланды – Граниковка, Жыланды – Михаиловка, Қарағайлысай – Меньшиновка, Үш аша – Новоромановка, Сарымсақты – Спасское, Шоққарағай– Васильевка, Бұланды ауданына қарасты Қыз емшек жері Отрадное, Сасық – Суворовка, Қарақоға – Гордеевка, Жарлыкөл – Никольское, Тереңөзек – Новодонецк, Қамыс – Журавлевка, Біржан сал ауданына қарасты Аралтөбе жері Карловка, Бурабай ауданындағы Шыбындыкөл жері Райгородок, Атбасар ауданындағы Адыр-Керегетас қонысы Макеевка, қазір Бастау деп аталатын Байжігіт – Новоалександровка, Жақсы ауданына қарасты Қосағалы жері Лозовое, Есіл ауданына қарасты Шолақ Сандық қонысы Орловка, Целиноград ауданына қарасты қазір Қабанбай батырдың аты берілген Қызылжар жері Рождественка, Р. Қошқарбаевтың аты берілген Ақсеңгір – Романовка, Жарқияқ – Преображенка, Ақкөл ауданына қарасты Моншақты жері Алексеевское,

Шортанкөл – Новорыбинка, Шолаққарасу – Урюпинка, Ақсуат – Радовка, Алакөл – Богдановка, Астрахан ауданына қарасты Сарыкөл (Базармола) жері Акимовка, Қараоба – Таволжанка, Шаншар – Новочеркасское, Балықты – Камышенка, Ерейментау ауданындағы Мыңшұқыр жері Новомарковка, Аршалы ауданындағы Мойылды жері Михайловка, Ақжар – Белоярка, Жыланды – Ольгинка, Кенетай – Константиновка, Анаркөл – Донецкое, Ақтасты – Раздольное болып өзгерген (ҚР ОМА, I. 58). Ақкөл ауданына қарасты Урюпинка ауылы Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінің мәліметтері бойынша, 1884 жылы Урюпинск станицасынан (қазіргі Волгоград облысы, Урюпинск қаласы) келген қоныс аударушылардан құрылған. 1884 жылдан 1901 жылға дейін Сосновка деп аталған. Себебі айналасында үлкен қарағай орманы өскен, орман ағаштары кейін үй тұрғызу мақсатында жойылып кеткен. Ұзақ уақыт ауыл Сосновка-Урюпинка деген қосарлы атаумен аталған (Эксп. материалдары., 2006). Шолаққарасу – негізгі қорегін жер асты суларынан алатын, құрғап қалатын өзен мәніндегі атау. Демек, бұл жер бұрын Шолаққарасу аталғанына негіз бар. 1915 жылғы Ақмола облысы Көкшетау уезінің 3-ші шаруа учаскесінің (кіші ауданының) қоныс аудару учаскелерінде қонысқа орналастыру және есепке алу барысы туралы тізімдеме деректері бойынша Зеренді ауданына қарасты Серафимовка ауылының байырғы атауы Қошқарбай болған. Сондай-ақ, Бурабай ауданындағы Успенюрьевка ауылы Арықбалық, Новоандреевка – Кеңашы, Златополье – Құмдыкөл, ал Бұланды ауданындағы Вознесенка ауылы Үлкен Қайрақты, Капитановка – Айғай, Макинка – Аютөбе, Журавлевка – Қамыс деп аталған (ҚР ОМА, I. 58а). Семей және Ақмола облыстарында қоныс аудару учаскелерін құру туралы іс құжатында Ақмола уезіне орналасқан қоныс аударушыларға жер бөліп беру жұмыстары мен жаңа қоныс аудару учаскелері туралы мәліметтер сипатталған. Құжатта сақталған мәліметтер бойынша, Константиновка поселкесінің өлшеу жұмыстары 1894 жылы басталған. Ауыл Спасск болысының құрамында, Ақмола қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Бұл қазіргі Аршалы ауданының аумағындағы Кенетай жері болатын. Кейін бұл жерге қоныс аударушылар орналасып, атауы Самара губерниясынан келген Константиновский деген диқаншының атымен аталып кеткен. Қоныстандыру барысында тағы 4 бос жер телімі таңдап алынған. Олардың барлығы Есіл болысының аумағындағы Қараменді, Жыланды, Шаншар, Қараоба пошта бекеттерінде орналасқан. Кейіннен Қараменді жері Покровское, Жыланды – Петровское, Шаншар – Новочеркасское, Қараоба – Таволжанка аталып кеткен (ҚР ОМА, I. 198). Келесі дереккөзде Шаншар ауылының үстіне Новочеркасское ауылын Доннан қоныс аударушылар 1895 жылы салғаны жайындағы деректер сақталған. Новочеркасское поселкесі орнаған жерді қазақтар бұрын «Кіші Тасмола», Семеновка поселкесін «Үлкен Тасмола» деп атаған. Оның мәні Ақмола бекінісі орнағаннан кейін, көп жерлерде солдат ұстау үшін орын жасаған. Әскер тұрған сондай орынды сырттан қазақтардың атты сарбаздары шабуыл жасай алмас үшін биік етіп,

тастан қалап қорған жасаған. Бұл «тасмолалардың» қалдығы 1943 жылға дейін сақталғанын жергілікті тұрғындар әңгімелейді. Шаншар жерін иеленген Новочеркасское селосына XIX ғасырдың соңында Курскіден, Полтавадан, Черниговтан келген жүздеген отбасылар тұрақтап қалған [5]. Қараоба жеріне 1890 жылы салынған Таволжанка селосына Кубань, Орынбор, Самар, Ставрополь, Таврия, Харьков т.б. жиналған 84 отбасы XIX ғасырдың аяғына дейін орнығып болған. Алғашқы қоныс аударушылар Самар губерниясының Николаев оязы, Таволжан болысынан келгендіктен ауылдың атын да Таволжанка қойған. 1899 жылы Балықты көлін мекендеп отырған аға сұлтан Ыбырайдың тұңғышы Теңізден туған Садық қажының жеріне Саратовтан қоныс аударушылар жаңа ауылға «Камышинское» деп ат қойып, қоныстанған. 1895 жылы Қушоқы мен Қоскөлді мекендеп отырған ауылдардың жерлері Эстляндия, Лифляндия губернияларынан келген эстондықтарға бөлініп беріліп, олар Петровское деп атап, қоныстанған. Бұл жерде ордалы жыланға мекен болған қырат төбе жақын болғандықтан болар қазақтар оны «Жыланды» деп атаған [5]. XIX ғ. аяғы мен XX ғасырдың басында көптеген елді мекендердің қайта аталғандығына дала генерал-губернаторлығының қоныс аудару учаскелерін құру туралы бұйрықтары нақты дәлел. Аталған құжаттан өлке басшысының бұйрығына сәйкес ауылдарды қайта атау туралы шешім қабылданғанын көруге болады. Мәселен, 1900 жылы Көкшетау уезінің Жабай жерінде пайда болған ауылда оны әкімшілік тұрғыдан Көкшетау уезінің Балкашин болысының құрамына қосу арқылы ауылдық қоғамдық басқару жүйесі енгізілген. Осылайша бұл ауыл қоныстанушы шаруалардың шешімімен «Новгородский» деп аталған. Сондай-ақ, Бұлақ жері Камышенка, Бозайғыр – Елизаветинка, Ақанборлық – Чистополье, Сасық – Суворовка, Сарымсақты – Новосаратовка, Қайрақты – Пушкин, Тоқтамыс – Ерголқа, Бұрлық – Всеволодка, Шарық – Федоровка, Тұрынтайлы – Царицынка, Үшаша (Ақтөбе) – Новоромановка, Қушоқы – Канкринский, Аютас – Сергиевка, Жалтыркөл – Новоселовка болып қайта аталған. Сонымен қатар, 1896 жылы Ақмола уезіндегі Жыланды болысында Киевский ауылы құрылған. Құжат бойынша бұл жердің бұрынғы атауы – Құндызды (ҚР ОМА, I.203). «Тобыл және Томск губерниясының қазыналық жерлеріне қоныс аударушыларды орналастыру, 1893 жылы құрылған қоныс аударушылар учаскелері туралы, қоныс аударушылар учаскелерін құру бойынша өлшеу жұмыстары туралы тізімдемеде» Ақмола облысына қоныс аударушылардың орналасқан жерлері туралы деректер мен олардың сызба-карталары сақталған. 1893 жылы Ақмола уезінде Таволжан, Семеновка, Максимовка, Джамалеев, Көкшетау уезінде Санников және Еленинск қоныс аудару учаскелері құрылған. Қоныс аударушылар Қоскөл қонысына Александровка деген атаумен келіп орналасса, Рыбинский поселкесі Шортанкөл көлінің жағасына орналасқан. Бұл қазіргі Ақкөл ауданына қарасты Новорыбинка ауылының бұрынғы атауы Шортанкөл болғандығының тағы бір дәлелі (ҚР ОМА, I. 307).

Осылайша, архив деректері негізінде Ақмола облысының елді

мекендерінің бұрынғы атаулары анықталған. Олардың кейбіреулері тарихи атауларымен қайта аталса, көпшілігі жаңа атауларға ие болған.

Сонымен бірге, Ақмола облысының топонимдері бойынша мәліметтерді ақын-жазушылар шығармаларынан да тауып, зерттеулер жүргізуге болады. Мәселен, С.Қ. Иманбердиева С.Сейфуллин шығармалары негізінде поэтонимдерді қарастырған [6].

Жер бедері, тұрғылықты халқы, флорасы мен фаунасы, халықтың тұрмыс-тіршілігінен ақпарат беретін тарихи атауларды қайтару мәселесі өзекті әрі кезек күттірмейтін мәселе. Бұл мәселені шешуде дереккөздері ретінде карталар мен көркем шығарма, архив материалдарына жүгіну маңызды, себебі шынайы сол кездегі атауларды тауып анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиет

1 Маканова А.У. Природные основы номинации географических объектов Акмолинской области. Автореф.канд.дисс. – Алматы, 2004. – 30 с.

2 Никонов В.А. Введение в топонимику. Изд. 2-ое. – М.: Издательство ЛКИ, 2011. – 184 с.

3 Сапаров К.Т., Егинбаева А.Е. Топонимика региона – как основа восстановления и развития ландшафтов Павлодарского Прииртышья: учебное пособие для студентов естественно-научных и гуманитарных специальностей / 2 изд. – Алматы: Эпиграф, 2017. – 168 с.

4 Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном, функциональном аспектах. –Алматы, 1995. – 248 с.

5 Әмірқызы К. Атақоныс ақиқаты. – Астана: Елорда, 2001. – 193 б.

6 Иманбердиева С.Қ. С.Сейфуллин шығармасындағы поэтикалық топонимдер // Ономастика тынысы, № 2. 2021

ПРОФЕССОР ТЕЛҚОЖА ЖАНҰЗАҚОВ – 95 ЖАСТА

Профессор Телқожа Жанұзақов – 95 жаста.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының, ҚР ҒА Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығының иегері, қазақ лексикологиясының, соның ішінде ономастика ғылымының негізін салушылардың бірі, қазақ ономастика мектебін қалыптастырушы ғалым, өзінің ғылыми жетекшісі, ұстазым Телқожа Жанұзақовты мерейлі 95 жасымен шын жүректен құттықтаймыз.

Ғалымның осы мерей тойына тарту ретінде, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын 2021-2022 оқу жылында бітіруші студенттері «Ғалым Телқожа Жанұзақтың лингвистикалық еңбектері» атты тақырыпта дипломдық жобаларын жоғары дәрежеде қорғап шықты. Зерттеудің негізгі мақсаты – профессор Т.Жанұзақовтың ғылыми танымы мен өзіндік көзқарастарын қазіргі таңдағы ғылыми ой-пікірлермен салыстыра отырып, ғалымның қазақ тіл біліміндегі алатын орнын анықтауға, қазақ тілі лексикологиясының ономастика саласын қалыптастыруға сіңірген еңбегінің мәні мен ұстанған бағытының бүгінгі қазақ тіл біліміндегі сабақтасуымен байланысты ғылыми мұрасына лайықты бағасын беруге талпыныс жасау болды.

Телқожа Сейдінұлына деніне саулық, отбасына амандық тілейміз! Әлі де тың сүбелі еңбектер жазуына Алла күш-жігер берсін!

БекжанӘбдуәлиұлы

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы
Астана қаласы*

Т.ЖАНҰЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОНОМАСТИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫС КЕҢІСТІГІ

Ономастика саласының білгір маманы Телқожа Жанұзақтың бойына біткен, ғалымдығынан бөлек асыл қасиеттерінің бірі – хат жазу мәдениетін меңгерген тұлға. Хат арқылы арысы алыстағы шетелдермен, түркілік кеңістікпен, берісі өзіміздің ұлт зиялыларымен жиі байланыс жасап тұрған. Алыстағы адаммен хабарласудың үздік үлгісі болған хат жазу тарихы бірнеше ғасырдың ар жағынан басталады екен. Ақпарат тасу қызметі дами келе оның түрлері пайда болып, қоғамдағы негізгі қажеттіліктің біріне айналды. Хат жазу өнерінің тек адамдардың ғана емес, ел мен елдің арасын жақындатуға да көп еңбек сіңіргені тарихтан белгілі. Бір ғана Шоқан мен Достоевскийдің жазған хаттарында қаншама бауырмалдық сырлар бар. Осы орайда Ф.М.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік әдеби музейінің экскурсия жетекшісінен естіген мына бір ойды айта кеткен

жөн. Қатар отырған екеуіне қарап тұрып: «Бұл суреттің ерекшелігі – Достоевский Шоқаннан басқа ешкіммен жеке суретке түспеген екен», – деген болатын. Ал Ф.М.Достоевскийдің хатындағы «Сізбен қош айтысқан кезде біздің бәрімізді де күні бойы көңілсіздік биледі», – деген жалғыз сөйлемнен-ақ, Шоқанға деген баға мен құрметті көруге болады. Оның артында қазақ елі тұр еді. Қазақ баласының хат жазу тарихында осы секілді маңызы зор басқа да хаттар бар. Олардың бір парасы ғалым Т.Жанұзақтың жеке мұрағатында сақтаулы.

Кез келген ғалымның өсіп жетілуіне, арманының аласармай, алысқа көз салуына ықпал ететін ең бірінші – ұстазы, айнала-ортасы. «Қазақ ономастикасы» ғылымының негізін қалаушылардың бірі, айналасы «қазақ ономастикасының атасы» атап кеткен Телағаң (Телғожа Жанұзақ) да өзінің айналасымен мақтанады. Тіл ғылымында есімдері кеңінен танымал С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, С.Е.Малов, Н.А.Баскаков, А.Н.Кононов, Э.Р.Тенишев т.б. секілді ғалымдар оның өмір жолының осылайша қалыптасуына, халқының бір керегіне жарауына ықпал еткен тұлғалар. Оларды Телағаң үнемі аузынан тастамайды. Адамдармен қатынас жасау, бұл қатынасты елдік игілікке айналдыру, кейінгі ұрпаққа тағылым етіп ұсыну сонау жас күнінен қалыптасқан дағды. Оған тән хат жазу өнері де бала қырандай баптап, қияға салған ұстаздардан дарыған қасиет болса керек. Көзінің қарашығындай сақтап, әрқайсысында жазылған ойларды жоғары бағалайды. Әлемнің әр түкпірінен келген хаттар турасында былайша ой түйеді: «...ішінде алыс шетел ғалымдарының, Ресей және ТМД елдері ғалымдарының, сондай-ақ өз азаматтарымыздың жазғандары бар. Алтын жауһардай сақталған бұл хаттар – біріншіден, негізгі мәселе жайында айтылған ой-пікірлер бойынша сыр шертсе, екіншіден, сол хатты жазған адамның жазу мәнері, қолтаңбасы анық білінеді, үшіншіден, хатты жазған кісінің аты-жөні, айы-күні, жылы толық та, анық көрсетілген». Ғалым ойын екінші қырынан зерделесек: рет санымен берілген ғылыми ойлау жүйесін, әріптестердің пікіріне деген құрметті, олардың қолтаңбасы мен жазылған уақытын айта отырып, өткен күндер мен сыйласқан жандарға деген қимастық сезімді аңғарамыз.

Телағаңа келген хаттардың мәтінін жариялау мен оларға талдаулар жасау өз алдына үлкен тақырып. Сондықтан бұл орайда төмендегіше жүйелеп, барынша қысқа баяндауға тырыстық.

Ұстаздар кеңесі және құттықтаулар

Бұл бағытта жазылған хаттар алғаш рет 1955 жылы 12 шілдеде Сергей Маловтан келіпті. Хатта шәкіртінің сұрақтарына жауап бере отырып, ғылымдағы ойларының дұрыстығына және салыстырмалы-тарихи зерттеу бағытында болғандықтан, көне түркі жазбаларының материалдарына, қарттар тілінің ерекшеліктеріне және қазіргі тілдік фактілерге сүйену керектігі бойынша кеңес береді. Шәкірт пен ұстаз арасындағы хаттардың негізгі мазмұндары осындай – бір-біріне деген құрмет байқалады, араларына білім

ісін дәнекер етіп, ой таркатады.

Әріптес ретінде бағалап, құрмет көрсеткен ғалым Андрей Николаевич Кононов екен. Әр жылдарда «Казахская антропонимия», «Есімдер сыры», «Очерк казахской ономастики» еңбектері баспадан жарық көргенде, шын жүректен қуаныш білдіріп, әрқайсысына құттықтаулар жолдапты. Солардың бірі мынау:

Ленинград, 1.VI.71.

Дорогой Тельхожа Жанузакович, сердечно благодарю Вас за книгу «Казахская антропонимика».

Поздравляю Вас с научным успехом и желаю Вам новых успехов. Крепко жму Вашу руку



Ленинград, 31. XII. 74

Дорогой Тельхожа, сердечно благодарю Вас за Ваш ценный дар – за «Есімдер сыры»

Желаю Вам здоровья и новых книг в Новом – 1975 году.

Ваш А.Кононов

Осындай құттықтаулар жолдаған келесі ғалым – Николай Александрович Баскаков. Телхожа Жанұзақтың кітаптары «кітапханамдағы ең керекті кітаптардың қатарында тұрады», – деп өзінің жоғары бағалайтынын жеткізеді.

Әріптестік байланыстар

Телхожа Жанұзақпен әріптестік байланыс орнатқан ғалымдардың барлығы тіл білімінің тарихында үлкен орны бар тұлғалар. Олардың алға қойған жоспарларынан да, атқарып жатқан жұмыстарынан да соның белгілері байқалады. Хаттар мазмұнынан тағы бір байқалатыны – өздері зерттеген ономастика саласына деген әр ғалымның құрметі мен ыстық ықыласы. Н.А.Баскаков Т.Жанұзақтың жазған хатына алғысын білдіре отырып, алдағы уақытта Қазақ ССР Ғылым академиясы мен Ресей Ғылым академиясының (немесе біздің екі институттың) бірігуімен «Түркі ономастикасы» жинағын құрастырайық деген ұсыныс айтады. Осыдан кейінгі бірнеше хатта осы жинақтың құрастыру барысы бойынша мәселелер талданады. Жинақты құрастыру барысында В.А.Никонов, А.Суперанская, О.Молчанова т.б. секілді ғалымдардан мақалаларын қабылдау туралы өтініш айтқан хаттар келіп түседі. Бір қызығы көпшілігінің мазмұнында Т.Жанұзақты жақын адамындай көріп тіл қатады. Солардың ішінде О.Молчанованың хатынан тіпті аздаған арқа сүйеу, мұң шағу, көмек сұрау өтініші де байқалады. Жиырмаға жуық хат жазған екен, соның біреуіне қысқаша тоқталып көрейік:

Глубокоуважаемый Тельхожа Джанузакович!

Высылаю статью свою для Вашего сборника. Это в сокращенном виде

один из разделов моей работы. Из-за этих вечных мытарств с публикациями у меня совсем руки опустились. Ничего делать не хочется. Жаль только того, что уже проделано. Университет мой совсем не хочет помогать: его моя тема не интересует.

Когда-то я была редактором кафедрального сборника, но теперь меня из него выгнали: слишком злоупотребила властью в пользу тюркологии. Посылаю его Вам. Может быть, как-то можно будет его втиснуть.

Большое спасибо и всех Вам благ.

О.Молчанова. 21.9.1980 г.

Ғалым хатының мазмұнынан ұсақ ұлттарға деген көзқарас пен сол кезде үнемі жасалатын кедергілерден шаршаған ащы қынжылысты көруге болады. Бауыр тұтып, айтыла бермейтін сырын бірер сөзбен ақтарып отыр. Зер сала қарағанда жеке ғалымның ғана емес, бұл жерде түркі топонимиясының мәселесі тұрғанын байқау қиын емес.

О.Молчановаға деген Телағанның құрметі де жоғары: «Түркітану іліміндегі ономастика бойынша өнімді еңбек еткен, көптеген кітаптар жазып есімі белгілі болған ғалымның бірі – Ольга Тихоновна Молчанова болды. Ол Таулы Алтай тілін, оның ономастикасын жете зерттеді. Біздер Мәскеу, Ленинград, Фрунзе, Ташкент, Бакуде өткен конференцияларда бас қосқан сайын түркологиялық ономастика бойынша көп ақылдасып, іс-жоспарлар құратынбыз», – деп еске алады.

1984 жылы «Тюркская ономастика» деген атпен шыққан осы жинаққа Телағаң Таулы Алтай топонимиясына қатысты О.Молчанованың мақаласын енгізеді. Үш тараудан тұратын бұл жинақ этнонимия, топонимия, антропонимия бағыттарын қамтыған. Сол кездегі одаққа белгілі ономаст-түркологтардың мақалалары жарияланғандықтан, содан бері өзінің маңызын жоғалтпай келеді.

Қазақ ономастикасының мәселелері қарымы үлкен, арманы алыс Т.Жанұзақты алыс шетел ғалымдарымен байланыс жасауға да жетелеген. Кеңес Одағының аумағындағы ғалымдармен арадағы жақын қарым-қатынас байланыс аясын кеңейте түсуге жол ашты. 1967 жылы маусымның 19-да Берлин қаласындағы профессор Петер Зиеме хат жазып, ономастика бойынша қазақ-неміс арасында байланысты дамыта берейік деген тілек білдірген. Берлиннен 1979 жылы шілде айында профессор Карл Латшмидт орыс тілінде жазған хатында Краков қаласында 1978 жылы өткен XIII халықаралық конгрестегі таныстықты еске ала отырып, қазақ, неміс ономастикасы бойынша бірлесіп зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұсынды.

Аусбург университетінің профессоры Гунтер Кафхаммер 18.10.1990 ж. жазған хатында Т.Жанұзақтың Хельсинки қаласында өткен XVII Халықаралық ономастикалық конгресте жасаған баяндамасын ағылшын не неміс тіліне аудартып жіберуін сұрады. Болгар ғалымы Мефкуре Молдовадан келген хаттарында түркі халықтарының әсіресе қазақ халқының ономастикалық зерттеулерімен танысып, қарым-қатынас орнатуды

қалайтынын сөз етеді.

Венгер Ғылым академиясының академигі, белгілі түрколог Ю.Немет венгерлердің түбі бір түріктер, қыпшақтар екенін айтады. Өзінің венгерлердің көне ру, тайпа аттарын зерттегеніне және олар туралы жазған еңбектеріне тоқталады. Осы туыстықтың бір негізі болып табылатын түрік этнонимдері туралы бірлесіп зерттеулер жүргізуге, еңбек жазуға шақырады, 27.IV.1971 ж. түрік тілінде жазған хатында. Арада бес жыл өткенде 1976 жылы Венгриядан тағы да бір хат келді. Конвертті ашып, ішіндегі жазуды көргенде таң қалмасқа болмады, өйткені венгер азаматы таза қазақ тілінде хат жазады деген ол кезде ешкімнің ойына келмейтін жағдай (бұл жөнінде сәл кейінірек).

Америкадан 2005 жылы 29 тамызда Петер Биехницки есімді ғалым Америка Құрама Штатында жер жүзі халықтарының географиялық атауларын жинау ісі басталып отырғанын айтып, Қазақстан топонимдерін жинап, осы игі іске қатысуын сұрап хат жазды. Бұл хаттар қазақ ономастикасына деген шетел ғалымдарының қызығушылығын көрсетеді. Сол атаулардың басында Т.Жанұзақтың тұруы – «қазақ ономастикасының атасы» деген аттың берілуіне себеп болса керек. Осы өтініштер мен ұсыныстардың барлығы жауапсыз қалған жоқ, әрқайсысына тиісті мәліметтер беріп, қазақ ономастикасының қанатын кеңге жаюына үлкен үлес қосты.

Бауырластық көңілмен жазылған хаттар

Телағаңның бойындағы адамгершілік пен тұлғалық қасиет араласқан адамдарының бәріне бауырластық сезім сыйлады. Ілгеріде айтылған хатты қазір барша қазаққа есімі жылы естілетін Иштван Мондоки Қоңыр жазыпты. Қыпшақтық қанына тартып, тарихи топыраққа әке аманатын арқалап келерде Телғожа Жанұзақпен хабарласуды жөн көрген екен. Екі ғалым арасында біршама хаттар жазылған, соның ішінде алғашқысының мәтіні мынау:

Аса құрметті Телқожа ағай!

Деніңіз сау, қызметіңіз алда ма? Үй-іші, бала-шағаңыз тегіс аман ба? Сізге хат жазып жұмысыңызға кедергі жасағаным үшін кешірім сұраймын. Бірақ мен Сізді ертеден бері білемін. Сіз жазған ғылыми еңбектеріңіздің бәрі маған өте ұнайды. Сондықтан мен Сізбен көптен бері танысуға құмар едім. Ал енді өзімді Сізге таныстыруға рұқсат етіңіз. Менің атым Қоңыр, ұлтым қыпшақ, Мажар Ғылым академиясының ғылыми қызметкерімін, мамандығым түрколог, көне және қазіргі қыпшақ тілдерімен кірісемін. Мажар отанына XIII ғасырда келген қыпшақ (қоман) халқымыздың есімдерімен көптен кірісіп жүрмін. Осы күзде, келер ақрап айында Мажар Ғылым Академиясы атынан Қазақ ССР Ғылым Академиясына осы мәселелермен байланысты консультация алмақпын. Жол болып баратын болсам, Сізбен кездесіп түрік халықтарының есімдері туралы Сіз маған ақыл-кеңес береді деп сенемін.

Сіз біздің отаннан қажетті бұйымтай-шаруаңызды хат арқылы ақрап айының басына дейін жазады деп асыға күтемін.

Осымен Сізбен танысуға арнап жазған осы бір кішкентай сәлемімді

аяқтаймын. Сіздің өміріңізден зор денсаулық күтіп, жұмысыңыздан табыс тілеймін!

*Қоңыр (Mandoki Kongur Istvan)
Будапешт,
1976 жылы 9 айдың 17 күні.*

Осы хаттан кейін арада тығыз байланыс орнайды. Шын мәніндегі бауырлар арасындағы қатынас екі ел арасындағы ғылыми байланыстың тереңдей түсуіне жол ашады. Сол кезде Қоңырдың елге келу себебі туралы мына бір әңгіме көпшіліктің оған деген ыстық ықыласын туғызған болатын. Телағаң естеліктерінде оны «Сол кезде менің адресімді беріп, хат жаз деген кім еді деп сұрағанымда, мүдірместен академик Ю.Неметтің дүниеден өтер алдында айтқанын, ол кезде ол кісінің 86 жаста болғанынан хабардар етті. Қазақ тілін үйрену себебім – әкем көз жұмар алдында өсиет қалдырғанда: біздің еліміз, отанымыз қазақ жері. Біз қыпшақпыз. Сен қазақша үйрен, қайтсең де елімізбен табыс, – деген болатын. Сондықтан әке өсиетін орындадым», – деп еске алады. Марқұмның туған тарихым, халқым деп соққан жүрегі атамекенге келіп мәңгілікке дамыл тапты. Өзінің аманаты бойынша Алматыдағы Кеңсайға жерленді.

Ғылыми кеңес – хаттар тізбегі

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жанындағы докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғайтын кеңесте түркі тілдес елдерден 1995 жылға дейін көптеген ізденушілер мен аспиранттар келіп, түркі, қазақ тілдері бойынша ономастикалық тақырыптарда диссертациялар қорғады, ғылыми дәрежелерге ие болды. Араларында диссертацияларын қорғағаннан кейін де ғылыми қарым-қатынас жасап, күні бүгінге дейін сол бір ықыласты әрі жарасымды игі істерді жалғастырып келе жатқан ғалымдар аз емес. Атап айтқанда өзбек ғалымдарынан ф.ғ.д. Е.А.Бегматов (25 хат), Т.Нафасов (6 хат), ф.ғ.к. А. Саттаров (5 хат), ф.ғ.д. Э.Фазылов (3 хат), Әзербайжан ғалымынан ф.ғ.к. М.Садыхов (12 хат), ф.ғ.д. Г.Алиев (6 хат), М.Чобанизаде (3 хат), Хакас республикасынан ф.ғ.к. М.А.Жевлов (5 хат), Тува республикасынан ф.ғ.д. профессор Н.Хуллер (4 хат), ф.ғ.к. Бишен Ондар (4 хат), Түркменстаннан ҒА-ның академигі, ф.ғ.д., профессор С.Атаниязов (6 хат), Татарстаннан ф.ғ.д. Г.Ф.Саттаров (25 хат), Башқұртстан ф.ғ.д. А.Камалов (5 хат), ф.ғ.к. Т.Кусимова (4 хат), Қырғызстаннан ф.ғ.д. профессор Ш.Жапаров (6 хат), профессор К.Дыйханов (6 хат), профессор С.Даулетов (5 хат), ф.ғ.д., профессор Қ.Қонқобаев (6 хат), сондай-ақ Ресей, Украина, Молдавия, Грузия, Бурятия республикаларынан жазған хаттар Телағаңның мұрағатында мұқият сақтаулы. Олардың әрқайсысы Т.Жанұзақ арқылы қазақ елі мен ғылымын таныды. Құрметі мен көмегі үшін қазақ еліне алғыстарын айтты.

Халықаралық қатынастар

Арысы Америка, Германия, Польша, Венгрия, Қытай, берісі қазіргі

ТМД елдері, туыстас түркі халықтарының ғалымдарымен хабар алысып, байланыс орнату Т.Жанұзақтың қазақ ономастикалық кеңістігін қаншалық жерге танытқанын айғақтап тұрғандай. Петер Зиеме, Карл Латшмидт, Гунтер Кафхаммер, Ю.Немет т.б. секілді алыс шетел, Н.А.Баскаков, В.А.Никонов, А.Суперанская, О.Молчанова т.б. кеңестік тіл ғылымы тарихында өзіндік орын алатын ірі ғалымдардың әріптес ретінде жоғары бағалап, онымен әрдайым кеңесіп, керек кезінде көмек сұрап, өтініш айтуы кеңестік жүйе тұсында да Т.Жанұзақтың беделді тұлға болғанын растайды.

Ішіне бүккен талай сырлары арқылы осы хаттардың ономастика тарихында өзіндік мәні бар құжаттар болып қала беретіні ақиқат. Әрқайсысын жекелей қарастырып, арнайы зерттеп, зерделеу алдағы күннің еншісіндегі мәселе. «Елдестіркем елшіден...» дейтін қазақ даналығы ойға оралады мұндайда. Телағаң да осылайша өз елінің елшісі бола алған ғалым.

Халықаралық қатынастар тек хаттардың төңірегімен шектелмейді, алыс-шетелдерде болған ғылыми жиындар мінберінде тұрып, қазақ тілінің, қазақ ономастикасының мәселелері бойынша баяндамалар жасады. Халықаралық ономастикалық конгрестерде, атап айтқанда, XIII халықаралық конгресте “М.Әуезовтің Абай эпопеясындағы антропонимдер семантикасы” (Краков, 1978), XV халықаралық ономастикалық конгресте “Қазақстанның көне топонимдері” (Лейпциг, 1984), XVII халықаралық ономастикалық конгресте “Қазақ топонимиясындағы орал-алтай элементтері” (Хельсинки, 1990) тақырыбындағы баяндамалары ғылыми жинақтарда басылып шықты. Телағаңның сырт елдерге ғылыми іссапары алғаш рет Украина республикалық ономастикалық конференциясына барудан басталады (Киев, 1962), кейін СССР топонимикасы бойынша өткен Бүкілодақтық конференцияға (Ленинград, 1965), Бүкілодақтық антропонимиялық конференцияға (Москва, 1968), Орта Азия ономастикасы бойынша Самарқанд қаласында өткен семинарға (1969), Түркі тілдерінің диалектологиясы бойынша VII аймақтық конференцияға (Алматы, 1973), II Бүкілодақтық түркологиялық конференцияға (Алматы, 1976), III Бүкілодақтық түркологиялық конференцияға (Фрунзе, 1980), IV Бүкілодақтық түркологиялық конференцияға (Ташкент, 1984), Ш.Ш.Уәлихановтың 150 жылдығына арналған Бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференцияға (Алматы, 1985), Түркі ономастикасы бойынша I Бүкілодақтық конференцияға (Москва, 1986), “Исторические названия — памятники культуры” атты бүкілодақтық практикалық конференцияға (Москва, 1988), “Өзбекстан ономастикасы” атты республикалық конференцияға (Ташкент-Карши, 1990), “Азербайжан ономастикасы” атты республикалық конференцияға (Баку, 1989) т.б. жиындарға қатысып, түркілік кеңістіктегі ономастикаға байланысты мәселелер көтеріп, жалпы түркі және қазақ ономастикасын дамыту бойынша ғылыми шешімдер ұсынды.

Түрлі елдерден жиналып, ғылыми қауым бас қосқан келелі жиындарда елдік мәселелерді көтеру, ұлттың өкілі ретінде ой айтып, елдің сөзін сөйлеу

бақыты бұйырған Телаған, осы істің артында тұрған жауапкершілігін де ұмытқан емес. Барған жерінен абыроймен оралып, елдер арасын жақындатудың тамаша үлгілерін көрсетті.

Зиба Құламанова,

Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты.

Тараз қаласы, ziba_asilmura@mail.ru,

ҒҰМЫРЫ ҒЫЛЫММЕН ӨРІЛГЕН ҒАЛЫМ

(Академик Телқожа Жанұзақ 95 жаста)

Ғылым мен ұстаздыққа, шығармашылық пен адамгершілік іздері сараланып жатқан айтулы тұлғалардың бірі мен бірегейі - Телқожа Жанұзақов ағамыз бүгінде ғасырды алқымдаған ғұмырында бір де бір толастамай, өмірін халқымыздың рухының туын жоғары ұстауға арнауда. Халыққа қызмет етудің екі жолы бар: бірі - бойға біткен қайратты дене еңбегімен материалдық құндылықты жасауға жұмсаса, екіншісі - интеллектуалдық еңбекпен халықтың рухына рух қосып, оның қуатын еселендіріп жіберетін күдіретті күш. К.Маркс айтқандай, «ғылым – тік таудың үшкір шыңына төсті қанталатып, әзер шығумен бірдей» десек, оның аса күрделі де жауапты «тар жол тайғақ кешу» кезеңдері бар зор асумен бірдей екенін байқаймыз [1].

Ұлттық құндылықтардың тілдік тарихын саралаған Телағаның өзіндік ұстанымы бар, мақсаты берік ғұлама ғалым. Ғылыми ізденісінің орнықты байламы ұлттық тіл, ұлттық ономастика бағыттын ұстанып, ұлт тілінің кезеңін шындық дүниесімен табыстыратын мол ғылыми дүниелер жасады.

Олай болса, Телқожа ағамыз, тағдыр мен табиғаттың сыйына ұқсаған қабілетін интеллектуалдық еңбектің құзар шыңы - ғылым жолына бағыштады. Оның ішінде ұлттың өзегі болып есептелінетін тіл білімі мәселелерінің маңыздысы - ономастика саласына бой ұрды. Біз білетіндей, кез келген халықтың болмыс-тіршілігі, тарихы, өркендеп өсуі оның жеріне, суына, тау-тасына тікелей байланысты десек, жаулап алушылар ол халықты жадынан адастыру үшін аталмыш феномендердің атауын жаппай өзгертуге тырысады. Осы орайда, Телқожа ағаның атсалысып жүрген ғылым саласын «тағдырлы» деп айтсақ артық болмайды.

Тіл ғылымы, оның ішінде ономастика саласы тәуелсіздік алғаннан кейін үлкен серпін алды. Ғылымда «пассио» деген латын сөзі қалыптасқан. Ол мақсатқа жету жолында адам бойындағы үлкен құштарлықты бейнелейді.

Биохимиктер адам ағзасына биосфера энергиясының тосын әсерін зерттей келе, адамның жүрек отының молаюына белгілі топтың немесе тұлғаның, пәрменді құбылысқа түсуін әлгі әсердің я аз, я көптігінен деп

тұжырымдайды. Телғожа ағамыз айналасына ғылым отын маздататын, жас таланттарды топтастырып, соңына ерте білетін пассионарлық қасиеттің бар екендігін байқау қиын емес. Бұл ғалымның, азаматтың, тұлғаның қырларының шоғы. Ол кісіні ғылым саласындағы айтулы, бірегей тұлға десек те қателеспейміз.

Ең басты қыры - Телаға ылғи ізденіс үстінде жүреді, бұл оның шынайы еңбекқорлығының айғағы болса керек. Оның сөнбейтін шырағы мен сарқылмайтын бұлағы - қажымай, талмай бойындағы бар болмысын іске қосып, халқына қызмет ету қасиеті. Айталық, өткен ғасырдың сексенінші жылдардың соңында желтоқсан оқиғасынан кейін заманында бұрмаланған тарихи географиялық атауларды қалпына келтіру мәселесін күн тәртібіне қою асқан ерлікпен пара-пар еді. Сол бір алмағайып кезеңде Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты проф.Т. Жанұзақов нартәуекелге бел байлап, 1989 ж. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Приезидумына хат жазып, мемлекеттік ономастика комиссиясының құрылуына мұрындық болды. Осы қозғау нәтижесінде Қазақстан Үкіметі жанынан Мемлекеттік ономастикалық комиссия құрылды. Ол 1990-1998 жылдары Қазақстан Үкіметі жанынан Мемлекеттік ономастикалық комиссияның ғалым-хатшысы, ал 1999-2003 жылдары белсенді мүшесі бола отырып, талай тартысты ономастика мәселелерін шешу барысында қазақ ономастикасына қомақты еңбек ете, ұлттық мүддеге кіршіксіз қызмет жасады.

Сонау кеңес дәуірі тұсында 1970-жылдары Т.Жанұзақ академик Ә.Қайдармен «Республикадағы мемлекеттік және әкімшілік-аумақтық бірлестіктердің атауларын реттеудің, елді мекендердің аттарын өзгерту және тарихи географиялық атауларын қалпына келтіру Тұжырымдамасы» мен «Қазақстан Республикасындағы ұлты қазақ азаматтарының есімдері мен әке аттары және фамилияларын реттеу туралы Тұжырымдамасын» жазды.

Бұл тұжырымдама құжаттар қоғамдық, мемлекеттік органдарға күнделікті жұмысына қажет құрал болатын. Сондай-ақ Т.Жанұзақ еліміздегі ономастикалық атауларға байланысты мемлекеттік деңгейдегі барлық іс-шараларға атсалысып, ономастикалық комиссияға қажетті Ереже негізін қалады.

Сондай-ақ жылдар бойы қатып қалған сең бұзылып, тарихи атауларды қалпына келтіру кезеңі басталды. Мұны қазақ ономастикасының Ренессанс дәуірі деп атауға болады. Оның атасын профессор Т.Жанұзақов деп атауға толық негіз бар. Оның бергі жағында ол терең де, тынбай зерттеп жүрген ономастика ғылымы саласының мазмұны отансүйгіштік сезімге толы. Ұл жөнінде ол оттан түспеген, қайнап жатқан қазан іспеттес. Ісі мен сөзіне берік, айналасына еңбектің нұрын шашып, өзі сияқты ізденісте болуды талап етеді. Бұл үрдіс барысында идеядан идея туындайтынын жақсы біледі, әрі ойлансы және толғаныс үстінде жүреді. Бұлай етпесе ойы тот баса бастаған қылышқа ұқсап көмескілене беретінге ұқсайды. Сондықтан да оның ой еңбегінің қан майданында жүретіндігіне таң қалуға болмайды. Бүгінгі таңда шабысынан бір

таймай, қаламын қолынан түсірмей, туындыдан туынды туғызуы кездейсоқ болмаса керек.

Телағаның екінші бірі қыры - аса қарапайымдылығы. «Ұлық болсаң кішік бол» деген дала даналығын бойына сіңірген ол, үлкенмен үлкенше, министрмен министрше, баламен балаша сөйлесіп, тіл қатысып араласып кетуі, бұл кісінің болмысына ерекше ренк беретіндей. Кейде биікке қол жеткізген кісілердің табаны жерден ажырап, аспандап, сәлемдесуі қиындай түседі. Ал, керісінше тегінде қарапайымдылық бар адам жоғарыласа шалқақтамай, төмендесе - салы суға кетпей, жасымай, бірқалыпты кескінді мінезінен ажырамайды. Ол тәңірі берген табиғи қалпын бұлжытпай сақтайды, бұл табиғилық, тегінде, өскен ортасынан, балалық шағынан басталса керек.

Әйтседе, бұл кісі қарапайым болғанымен, қара жаяу адам емес. Керекті жерінде қайраттанып, белді бекем буып, ешкімнің өктем сөзі мен іс-әрекетін басынан асыра қоймайтын, өміршең идеяларын іс-жүзіне асыруда ешкімнен тайсалмайтын, сөзі мен уәдесіне құрыштай берік тұлға. Адамдар қатынасында әділеттілікті басты құндылық деп санайтын Телаға өзі әділетті бола тұрып, әділеттілікті бұзуға ешкімге жол бермеуге қатты тырысады. Мұны біз Телағаның ғұмырының бұлтартпас сәтті қасиеттерінің бірі деп айтсақ, ақиқаттан алшақтамаймыз. Өйткені мен, өзімше, Телағанды алғаш жетекші ретінде тақырып таңдап, кездесуге барғанымда менің білімімді жан-жақты тексеріп, түрлі тілге, ономастикаға байланысты сұрақтар жаудырды. Сонда ғалым, жетекші ұстаздың байыппен болашақ шәкіртінің беталсын, білімін, тақырыпқа деген қызығушылығын, байқау мақсатындағы өте мәдениетті қарым-қатынасы, тіпті осы тақырыпты таңдап, ғылым жолына түскеннен соң оның үдесінен шыға алсың ба дегендей сынай танытып, өзінің мәдениетті болмысымен тәрбиелеуі маған үлкен жауапкершілік арттырып, ой қалдырды. Міне, алғаш Телағаның бойынан осындай қасиетті байқадым. Сонымен қатар бірнеше рет топонимика, ономастикаға қатысты тапсырмалар беріп, «қандай кітапты оқыдың», «мына кітапты таба аласың ба» дей отыра тақырып таңдауда және Жамбыл облысы ойконимдерін, ономастика саласын тереңірек зерттеуде жан-жақты бағыт-бағдар беріп, ғылыми жолымда да, өмір жолымда да жетекшілік етіп отырды /Қ.З./.

Телағаның үшінші бір қыры - оның ешкімде қайталанбайтын мәдениеттілікке бой ұруы. Үлкенге ілтипаттылығы мен кішіге ізеттілігі оның мінезінің өз алдына бір төбелілігін айғақтап тұрғандай. Адамдар қарым-қатынасында рухани мәдениет пен материалдық мәдениетті ажырата білу және оларды біртұтас сақтай біліп, ұқыптылықпен пайдалана білу екінің бірінің қолынан келе бермейтін тірлік. Мәдени құндылықтарды бағалай біліп, одан өз орнын таба білу біліктіліктің бөлінбес қасиеті болса керек.

«Мәдениетті өркениеттіліктің ең осал тетігі» деп академик П.Кудрявцев айтқандай, ғылымды дамыта отырып халқымыздың рухани мәдениетін көркейтуде, қарыштап дамытуда Телағаның қосып келе жатқан үлесі орасан зор. «Тамшыдан теңіз пайда болады» дегендей, Телаға сияқты

мәдениеттілікке бой алдырған біртуар ұлдар арқылы халқымыздың бай мәдениеті мен рухы толықсып қалыптасуда. Тұрмыс тіршілігінде адамгершілік пен имандылықты қару ету оның гуманизмге толы мәдениетінің мазмұнын толықтыра түсуде.

Бұл ғалымдық, ұстаздық қасиеттерді қазақ тілінің қара шаңырағы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қызметкер ғалымдары, көрнекті, қадірлі тұлға, тіл майталмандары - М.Балақаев, **А.Әбдірахманов**, Р.Сыздықова, Ә.Қайдар, М.Томанов, Ә.Айтбаев, Ш.Сарыбаев, Ә.Нұрмағамбетов, Е.Жанпейісов, Б.Әбілқасымов, Р.Әміров, К.Хұсайынов, А.Жұбанов, Ә.Жүнісбек, Е.Жұбанов, С.Бизақов, О.Нақысбеков, Н.Уәли, З.Базарбаева, Ж.Манкеева, Р.Шойбеков, А.Алдаш, Б.Хасанов, Б.Момынова, Қ.Рысберген, З.Садырбаева, С.Иманбердиева, М.Малбақов, А.Фазылжанова, Н.Оңғарбаева, О.Жұбаева, Б.Қапалбек, С.Құлманов, А.Жаңабекова, Е.Қажыбек, Қ.Күдерінова т.б. бойынан, ғылымға сіңірген еңбектері арқылы аңғардық және ерекше атап өтуге болады.

Телағаның қай жағынан болса да ғұмыры ұзақ болмақ. Оның ғылымдағы, жас ғалымдар тәрбиелеудегі еңбегі орасан зор. Өзін қоршаған ғылым ізденушілеріне бойындағы бар білімін иіп беріп, қолынан келген ақылын аянбай жұмсайтын, жақсылығы бір басына жарасқан ғалым-ұстаз. Мұны мен өзімнің ғылымдағы жолым арқылы терең танып білдім. Телағаның маған осы кезге дейінгі талмай, ерінбей, жалықпай берген ақыл-кеңесі мен бағытынан оның асқан сабырлылығы мен төзімділігін анық байқауға болады.

Әдетте, шәкірт, жас ғалымдар қашанда ұстазының пайым-парасатына, ішкі және сыртқы дүниесіне, сөйлеген сөзіне, қамқорлығының табиғатына, жүріп-тұрысына қарап бой түзейді, керек болса еліктейді. Олай болса, Телағамыз еліктеуге тұрарлық қайталанбас аға буын, ұстаз, ғұлама ғалым, азамат. Бұл сөзіміздің дәлелі ретінде, біз куә болып отырған көптеген жүрек жарды лебіздерден де байқауға болады. «Бастықпын», «жетекшімін» деп баса көктемеді, істі әр кезде қарамағындағылармен ойласа, кеңесе отырып, кең пішуге ұмтылды.

Жайшылықтағы «бауырым-ау» деп ішке тарта өзімсіп сөйлеуі де, ашуланғанда қаһарланып, қатал ағаның айбарын танытуы да өзіне жарасады. Жасандылығы жоқ, бәрі де өз ретімен, өз болмысына тән сабақтасып жатады. Мұны тарқатып айтар болсақ мұның барлығы «барлық жолдар Римге келіп тіреледі» дегендей үлкен әріппен басталатын «жауапкершілік» деген феноменге ат басын тірейді.

Олай болса, Телағаның тағы бір көпшіліктен қаға беріс қыры - қай іске болса да асқан жауапкершілікпен қарауы. Сонау өткен ғасырдың елуінші жылдарынан бастап аға буынмен тізерлесе отырып, тіл саласын зерттеп, зерделеуге ат салысқан сұңғыла ғалым. Оған аға буын шаршамайтын мінезіне сүйсініп, оны ылғи қолдап отырғандығы байқалады. Ешкімнің жетегіне ермей, ешкімнің мадағына сенбей, ғылымнан өз сүрлеуін іздеудің арқасында, Абай

айтқандай «бір ғылым іңкәрі болып» ғылымның даңғыл жолына түскен-ді. «Жеттім»-демеді, «әлі де жетем»,- деп асқақ үмітті желкен етіп, ғылым асуларынан аса берді. Айтып отырса, ғылымның даңғыл жолына түскенше, өмірдің тауқыметін белшесінен батып көрсе де, оған дегендегі құштарлығы бір толастамаған.

Т.Жанұзақов 1984 жылы Ғылым академиясының география және қоғамдық ғылымдар саласы бойынша Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, 1974-1986 жылдар аралығында басылып шыққан он томдық іргелі лексикорграфиялық еңбек - «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» негізгі авторларының бірі және редакциялық алқа мүшесі болады. Қыруар еңбегінің нәтижесінде 1988 жылы Мемлекеттік сыйлықтың иегері болды.

Ғұлама ғалым – Телаға алғаш 1953жылы 9 мамыр Қазақтан мұғалімі газетінде «Қазақ алфавитінің кейбір ережелері жөнінде» атты мақаласын жариялағаннан бастап, 70 кітап, 12 ғылыми-көпшілік сипаттағы кітаптар мен кітапшалар, 390-ға жуық ғылыми, ғылыми-көпшілік мақала, түрлі сөздіктердің авторы [2]. Бұл еңбектерде орфография, лексикология, терминология, лексикография және халық ауыз әдебиетінің жұмбақ жанрын зерттеу, тілдегі аударма мәселелері, ономастика салаларына қатысты - антропонимдер, топонимдер, этнонимдер (халық, ру, тайпа атаулары), ороним, зоонимдер, космонимдер т.б. тіл білімінің ғылыми негіздеріне кеңінен тоқталған. Тіпті жуырда ғана Телқожа Жанұзақовтың 5 томдық ғылыми шығармалар жинағы жарық көрді.



Сондай-ақ Телқожа Жанұзақов жетекшілігімен 6 докторлық және 16 кандидаттық диссертация қорғалған. Қорғаған шәкірттері Телағаның үмітін ақтап, ғылымға өз үлестерін қосуда. Атап айтсақ, Қ.Рысберген, Е. Керімбаев, Б.Бектасова, Ж.Жапаров, Г.Алиев, А.Жартыбаев, Б.Абдуали, Э.Бегматов, Т.Линко, М. Қожанов, Ф. Мазитова, З.Садыхов, Г.Гарипова, К.Хуррамов, Б.Көшімова, А.Әлімхан, Б.Досжанов, А.Омарбекова және ең кенже шәкірті мен – З.Құламанова.

Телқожа Жанұзақовтың марапаттарын айта кетсек, 2000 жылы ҚР Үкіметінің «Көрнекті ғалымдарға арналған Мемлекеттік стипендиясының» иегері, 2007 жылы «ҚР ның ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісінің иегері және ҚР Президентінің «Ерен Еңбегі үшін» марапатының иегері болды. Ал 2013 жылы Еуропа Ғылым және өнеркәсіп палатасының «Еуропа алтын медалімен» марапатталған.

2022 жылы мамыр айында Алматыда: «Телқожа Жанұзақ және ономастика мәселелері» атты жиында Телқожа ағаның: «Мені ономастика дейтін оқшау жатқан ғылымның жолына бағыттап, ғалым ретінде бақыт сыйлаған түркологияның беделді тұлғасы, академик Сергей Ефимович Малов болды. 1953 жылы 23 жасымда Ленинградқа іссапарға барған кезімде қазақ антропонимикасы деген тың тақырып ұсынып «осы мәселемен шұғылданғаның жөн» деп жолға салған еді. Кейін одақтық маңызы бар конференциялардың бірінде ұстазым мені атақты түркітанушы ғалым Николай Баскаковпен таныстырды. Одақтың мықты ғалымдарының бірінен саналатын беделді тұлға менің шұғылданып жүрген тақырыбымды ести сала, арқамнан қағып, бірден қолдау білдіріп, батасын берді. Мені аспанға алып шығарған осы тақырып, қазақтың баласын тәрбиелеген осындай үлкен ғалымдардың шынайы ықыласы мен көңілі, адамгершілік қасиеті. Мен мұны ешқашан ұмытпаймын, ризамын» [3], – деген сөзінен ұстазымның ұстазынан алған тәлім-тәрбиесінің өн бойындағы ғұмырлық ұстанымы екенін ұққандаймын... «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деп бекер айтпаған бабаларымыз.

Бүкіл саналы ғұмырын қазақ халқына маңызды тіл білімі мәселелерін зерттеумен айналысқан, қазақ ономастикасының мектебін қалыптастырған Телағаның қазақ ғылымына қосқан қомақты үлесі, оның өміріндегі ең құнды және ең тамаша жеңісі. Оның басқа адамдармен достық қарым-қатынаста болу қағидасын берік бетке ұстауы, отбасына деген ерекше қамқорлығы мен асыл жары, әрі ғалым Нағима апамызға дегендегі шынайы сүйіспеншілігі, ғасырлар бойы азаптанған кейін тәуелсіздік алған халқына дегендегі патриоттық сезімі ғасырына үн қосып сайрап жатыр.

Асылы оның адами конституциясы, жаратылысы - құрыштан, рухы - үміт пен сенімнен, арманы - жігерлілік пен қайраттылықтан жаралған.

Бүгінде ақылы мен парасатын азық еткен Телаға тоқсан бес жылдықтың қырқасы, тіпті ғасырды алқымдай отырса да, зиялы халқының, бала-шағасының, туған-туысқандарының, үзеңгілес дос-жарандарының, әріптестерінің алдында өмірінің өткелдері туралы есеп беруге бел буған.

Телаға, Сізге қайтпас қажыр, зор денсаулық тілейміз. Сізге деген жақсы тілек, ізгі ниет ғұмырыңызды ұзарта берсін! Біз, Сізді мақтан етеміз, Сізбен мақтанамыз. Тәңірі әрдайым солай еткей...

1. Маркс К. Капитал. Электронная книга /Код товара 1251681
<https://www.yakaboo.ua/kapital-2222425.html>
2. <https://tbi.kz/>
3. Егемен Қазақстан газеті. Мамыр 2022ж.
<https://egemen.kz/article/275569-almatyda-telqodga-zhanuzaq-dgane-onamastika-maseleleri-atty-dgiyn-otti>

Сәуле Иманбердиева

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің
профессоры, филология ғылымдарының докторы
Астана қаласы, imansaule@mail.ru*

ТЕЛҒОЖА ЖАНҰЗАҚ: ОНОМАСТИКА САЛАСЫНДАҒЫ МҰРА

Қазақ топонимикасының түркілік қабатын зерделеу және мәдени, тарихи-тілдік, географиялық, геозологиялық сабақтастық негіздерін зерттеу арқылы ұлттық топонимикалық мұраның ғасырлар бойы жасалған рухани-тілдік құндылықтар жүйесі ретіндегі зияткерлік әлеуетін айқындау болашақ ұрпақ үшін маңызды қадам. Қазақстан жеріндегі түркілік топонимдердің рухани-тілдік, геозологиялық құндылықтар жүйесі қазіргі қазақ қоғамын қауіпсіз ететін күш пен идеологиялық тетіктердің бірі екенін анықтау – уақыт талабы.

Көне түркі кезеңнен бастап, орта ғасыр, қазіргі Қазақстан жерінде қалыптасқан топонимдер зерделеніп, жер бедері, идеология, өзгеруіне қарай тарих қойнауынан шындықты шығару арқылы қазіргі Қазақстан жер бедері ерекшелігін анықтау маңызды болып отыр. Топонимдердің ғасырлар бойы қалыптасып, өзгеріп, толығып отыруындағы халықтың танымдық көзқарасы зерделеп, қазіргі қазақ халқының топонимикалық ғалам бейнесінің тілдік ерекшеліктерін зерттеу қазіргі геосаяси жағдайда қалыптасқан мәселелердің жауабын анықтайды. Көп жағдайларда географиялық атаулардың мәселелері ішкі мемлекеттік ұлттық мүдденің шегінен шығады да халықаралық мәнге ие болады. Адрестік және ғылыми-ақпараттық атқарымдарға қоса, географиялық атаулар егемендікті бекітудің, мемлекеттің ұлттық басымдығының құралдарының бірі, мемлекеттің жаңғыруының айнасы болып табылады.

Қазақ онимдерінің ішінде топонимикасының түркілік қабатын зерделеу және мәдени, тарихи-тілдік, географиялық, геозологиялық сабақтастық негіздерін зерттеу ономастиканың басқа разрядтарына қарағанда барынша қарқынды жүргізілген. Дегенмен де қазақ антропонимдері, этнонимдері де мүмкіндігінше зерттелген.

Биыл 95 жасқа келіп, мерейтойын тойлап отырған профессор атамыз – Т. Жанұзақов қазақ антропонимдерін, этнонимдерді, космонимдерді зерттеген. Ру-тайпалардың атауларын зерттеген еңбектерін мысалға келтіруге болады.

Ұлттық топонимикалық мұраның ғасырлар бойы жасалған рухани-тілдік құндылықтар жүйесі ретіндегі зияткерлік әлеуетін айқындау болашақ ұрпақ үшін маңызды қадам. Қазақстан жеріндегі түркілік топонимдердің рухани-тілдік, геоэкологиялық құндылықтар жүйесі қазіргі қазақ қоғамын қауіпсіз ететін күш пен идеологиялық тетіктердің бірі екенін анықтау – уақыт талабы. Осы себептерден түркі топонимдері зерттеу нысаны ретінде барынша жан-жақты қарастырылған.

Көне түркі кезеңнен бастап, орта ғасыр, қазіргі Қазақстан жерінде қалыптасқан топонимдер зерделеніп, жер бедері, идеология, өзгеруіне қарай тарих қойнауынан шындықты шығару арқылы қазіргі Қазақстан жер бедері ерекшелігін анықтау маңызды болып отыр. Топонимдердің ғасырлар бойы қалыптасып, өзгеріп, толығып отыруындағы халықтың танымдық көзқарасы зерделеп, қазіргі қазақ халқының топонимикалық ғалам бейнесінің тілдік ерекшеліктерін зерттеу қазіргі геосаяси жағдайда қалыптасқан мәселелердің жауабын анықтайды. Көп жағдайларда географиялық атаулардың мәселелері ішкі мемлекеттік ұлттық мүдденің шегінен шығады да халықаралық мәнге ие болады. Адресік және ғылыми-ақпараттық атқарымдарға қоса, географиялық атаулар егемендікті бекітудің, мемлекеттің ұлттық басымдығының құралдарының бірі, мемлекеттің жаңғыруының айнасы болып табылады.

Т. Жанұзақов ұлттық топонимияның түркілік қабатын зерттеп, олардың этимологиясын анықтаған еңбектерін атауға болады.

Жалқы есімдерді зерттеуде қазіргі кезде болашақ ұрпаққа арнап үлкен мұра қалдырып, тілімізді, ділімізді сақтау бағытында Т.Жанұзақтың еңбегі зор. Мұны бірнеше бағыттағы жүргізілген зерттеулерінен аңғарамыз:

- топонимдердің этимологиясын айқындау, мәселен: Ертіс, Бақанас т.б. [1];
- кісі есімдерінің лексика-семантикалық таптастыру жүргізіп, уәжін, шығу төркінін анықтау [2];
- қазақ этнонимдерінің шығу төркінін, таралу ареалын зерттеуі [3];
- атаулардың бейонимдену мәселесін қарастыруы [4];
- космонимдерді лексика-семантикалық түрлерге таптастыруы [5];
- топонимдердің субстраттық қабаттарын анықтау [6].

Ғалым жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша көптеген шәкірттер дайындады. Мәселен, бейонимдену мәселесін Б.Көшімова қарастырса, Шығыс топонимкасын лексика-семантикалық, уәж тұрғысынан А.Әлімхан, Қ.Рысберген Оңтүстік Қазақстан топонимдерін тарихи-лингвистикалық тұрғыдан қарастырса, З.Құламанова Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығын құрастырып, топоним түрлеріне қарай жіктеп, олардың шығу төркінін талдаған т.б.

Кесте – 1. Топонимдердің зерттелу мәселесі

	Ономаст-ғалым	Оним түрі	Зерттеу ерекшелігі
--	---------------	-----------	--------------------

	М.Қашқари	этноним	29 ру-тайпаның атауына фонетикалық талдау жасалып, этимологиясы ұсынылған.
	М.Қашқари	топоним	тайпалардың таралу ареалына байланысты нұсқап, атаудың шығу төркіні анықталған.
	А.Байтұрсынұлы	антропоним	күрделі жалқы есімдердің жазылуы, қазақ кісі есімдеріндегі –ов; -ев; -ин қосымшалары мен екі/үш мүшелі антропонимдері сөз болған.
	Қ.Жұбанов	антропоним	сакралды кісі есімдері (Зеңгі баба, Ұмай ана т.б.) жиі қолданысына қарай қай кезең екендігінен хабардар етсе, күрделі кісі есімдерінің синтаксистік ерекшелігі қазақ кісі есімдерін жасаудағы шеберлігі анықталған, топонимнен жасалған антропонимдерді қарастырған, мысалы, Еділбай.
	С.Аманжолов	этноним	шығу тегі, таралу ареалы қарастырылған.
	Ғ.Қоңқашбаев	топоним	жер-су атауларының этимологиясы зерттелген.
	Е.Қойшыбаев	топоним	жер-су атауларының этимологиясы зерттелген.
	А.Әбдірақманов	этноним	шығу тегі, таралу ареалы қарастырылған.
	Т.Жанұзақов	антропоним	кісі есімдерінің құрылымы, уәжі, бейонимдену үрдісі зерттелген.
0	Т.Жанұзақов	топоним	шығу тегі, таралу ареалы, түрлері қарастырылған.
1	Т.Жанұзақов	этноним	шығу тегі, таралу ареалы қарастырылған.

XI ғасырдан бастау алған түркі топонимдерін зерттеу мәселесі қазірдің өзінде өзектілігін жоғалтқан жоқ. Мысалы, М.Қашқари көтерген онимдерді қазіргі кезде диахрондық тұрғыдан зерттеу әлі де шешімін тапқан жоқ.

М.Қашқари 29 этнонимнің атын атап, түсін түстеп, олардың таралу ареалын көрсеткенде [7], ел тұтастығы мәселесін көздесе, қазір біз осы уақытқа дейін Қазақстан топонимдерінің диахрондық даму 3D электронды картасын жасап шықпадық, аталған этнонимдер, олардың таралу ареалына байланысты топонимдер қазіргі Қазақстан жерінде қазіргі кезде қаншалықты сақталған деген мәселе де сырт қалып отыр. Топонимдерді сол М.Қашқари кезінен (мүмкін болса, одан да әріректен) бастап осы кезге дейін қалай өзгергенін көрсететін болсақ, еліміздің шекарасын тек шегелеп, нақтылай түсіп қана қоймай, сонымен бірге қазақ этнонимінің, мекендеген жерінің тарихы т.б. туралы молырақ ақпарат беретініміз анық.

А.Байтұрсынұлы қарастырған қазақ кісі есімдеріндегі –ов; -ев; -ин қосымшалары мен екі/үш мүшелі антропонимдер [8] мәселесі қазір де көтеріліп жүр. І ғасыр көлеміндегі уақытта біз аталған қосымшалардан арылып, ұлттық танымға сай антропонимдерді рәсімдеуге белгілі бір себептермен қол жеткізе алмай келеміз. Болашақта латын қарпі негізінде қазақ кісі есімдерінің ұлттық танымға сай рәсімделу ережесін жасағанда осы мәселені ескеруіміз әбден қажет және де бұл ұлттық ономастиканы қалыптастыруда өзекті мәселелердің бірі әрі өзегі.

Қ.Жұбанов қозғаған күрделі кісі есімдерінің синтаксистік ерекшелігі мен қазақ кісі есімдерін жасаудағы шеберлігі мәселесі көптеген ономаст-ғалымдардың қызығушылығын тудырады [9]. Әсіресе, *бай, жан, гүл* т.б. компоненттерінің орын өзгеруі негізінде жасалған антропонимдер ерекше, себебі компоненттердің орын тәртібіне қарай мағыналық реңктік ерекшеліктер байқалады.

С.Аманжолов этнонимдердің сөйлеу ерекшеліктері бойынша таралу ареалын анықтаған [10]. Бұл біздің бір тайпада жоғалып, екіншісінде сақталған тарихи ұлттық дәстүрімізді түгендеуде маңызды. Дегенмен осы тұрғыдан тайпа атауының шығу тегіне байланысты генонимдердің ерекшеліктерін зерттеген кешенді еңбектер әлі де жоқ десе де болады. Бұл – болашақта мәселенің зерттеу аспектісін айқындап тұрған бірден бір еңбек, ғалымның болашақ ғылымға қсоқан үлесі.

Т.Жанұзақов сынды ғалымның зерттеу объектісі болған жер-су атауларының этимологиясы әркез өзекті. Мұның бастапқы себебі бір түркі қабатына (басқа қабаттарды айтпағанда) жататын құрамында географиялық (биологиялық т.б.) терминдер бар мағынасы көмескіленген топонимдерді анықтау – көптеген мәселенің басын ашатыны анық. Мәселен, *Далқоңыр* (түркі-монғ. *дал* ~ тал – «үлкен кең дала», «жазық» мағынасын білдірсе, екінші сыңардағы қоңыр «қоңырқай түс»), *Дардамты* (түрк., монғ., ир. *дар* – (варианттары: *дара* – *дере*) «шатқал, сай», «тау аралығы», және *дам* – *том* – *томб* – «жота, төбе», «тау» мағыналы сөздеріне көне түрік, монғ. тілдеріне тән *-ты* жалғуының жалғануы арқылы жасалған), *Дубін* (монғ. *дов* – «төбе», «төбешік», бур. *добо* – «төбе», «шоқы» мәнін білдірсе, атаудың екінші сыңарындағы *үн* (*үн, ун*) – жинақтық, көптік мәнді білдіретін түрік-монғол

тілдеріндегі көптік жалғау көрсеткіші) т.б. Сонау көне түркі заманынан қазірге дейін топонимдер арқылы бізге жеткен бұл географиялық терминдер біздің тілдік байлығымыз. Бұлардың мән-мағынасы қазір көмескіленген, түсініксіз, яғни өзінің ақпараттық қызметін атқарып тұрған жоқ. Мұндай атаулардың мағынасын ашып көрсету – ұрпаққа берген құны жоғары дүние, себебі атаудың өзінде жер бедері, сулы өңір екендігі туралы ақпарат айқайлап тұр. Қазақ жерінде мұндай топонимдер жетіп артылады.




Диаграмма – 1 Топонимдердің зерттелуі

Диаграммдан байқап тұрғанымыздай оним түрлерінің зерттелуі әртүрлі. Зерттеулердің басым көпшілігі антропонимге тиесілі – 42%; топоним - 41%; космоним - 7%; этноним - 5%; теоним – 5%. Антропонимдерді зерттеудің басымдылыққа ие болу себебі анық, әр тұлға өзін танып білуде ең алдымен Менің есімімді неге осылай қойды екен? Ол нені білдіреді? Ол қай тілден енген? деген сауалдардың жауабын іздейді, осыдан барып уәж, атаудың шығу төркіні ерекше мәнге ие болады. Сонымен бірге адамзат өзін қоршаған ортаны қабылдау арқылы өз табиғатын анықтаған, сол таным-түсінігі негізінде қоршаған ортаға атау таққан. Адамның өзі арқылы қоршаған орта туралы салыстырмалы түрде таным-түсінігі қалыптасқан. Мәселен, *Келіншек тауы*, *Көксор көлі*, *Иса төбесі*, *Түркістан қаласы*, *Есекқырған*, *Сүмбіле т.б.* Бұл атаулардың барлығы – адамзат өзін тану процесіндегі түйсіктен туындаған дүниелер.

Қазіргі қазақ тіл білімінде онимдерді, әсіресе, антропонимдерді когнитивтік тұрғыдан зерттеу ақсап тұрғаны анық. Сонымен бірге еліміздің латын графикалы әліпбиіне көшуіне байланысты топонимдерді, антропонимдерді рәсімдеу мәселелері де зерттеуді қажет етеді. Сондай-ақ, прагматика тұрғысынан қала іші нысандары атауларын да барынша зерттеу де – өзекті мәселелердің бірі.

Атаудың барлық жүйесі – бұл қатып қалған әлем бейнесі емес, өз бастауы бар, ұзақ ғасырлар бойы адам өмір сүріп жатқанға дейін жалғасын табатын, тоқтаусыз үдеріс. Атаудың қалыптасуы – адамзат тарихындағы маңызды қадам, себебі атаулар өмір бойы әр адамның қоғаммен тығыз байланысты жеке тұлға болу құқын бекітті.

Сонымен, Т.Жанұзақов сынды тұлға, ұлттық ономастиканың іргесін қалаған. Оның еңбегін жалғастырып, жаңа ақпарат беру – басты мақсатымыз

әрі міндетіміз. Сондықтан да топонимдерді салғастыра зерттеп, ортақ, әмбебап ерекшеліктерін айқындау тарихымыздан, тұрмыс-тіршілігімізден, мәдениетімізден мол ақпарат беретіні сөзсіз. Ең бастысы – топонимдердің негізгі қызметін атқарудағы рөлін айқындау жер тұтастығын айшықтаудағы маңызды мәселе екенін сөзсіз аңғартады.

Әдебиеттер

- 1 Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. Алматы: "Сөздік-словарь" ЖШС, 2010.-356 бет.
- 2 Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. -Алматы: Ғылым, 1988. -140 б.
- 3 Жанұзақов Т. Лексико-семантические особенности казахских этнонимов. –Алматы, 1986
- 4 Көшімова Б.Ә. Қазақ лексикасындағы бейонимдену үрдісі: филол. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы: ҚР ҒА ТБ, 2001. – 28 б.
- 5 Жанұзақов Т. Космонимдердің лексика-семантикалық ерекшеліктері // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы. – 1978. –№ 6. –Б. 51-52.
- 6 Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. Алматы, 1965.
- 7 Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-иттүрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.2. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 528 б.
- 8 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 9 Жубанов Х. Исследования по казахскому языку. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алма-Ата, 1966. – 362 б.
- 10 Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. Основы теории казахского языка. Құрастырған Аманжолов А.С. –Алматы: «Ғылым». 2002

ОЙЛАН, ТУҒАН ЖЕРІҢНІҢ АТЫН ТАП!



Ұзындығы 661 км, су жиналатын алабы 52700 км². Қазақстандағы бөлігі 453 км. Бірнеше тармақ (Шалқы, Көделі, Тасарық, т.б.) таралады. Суы көктемде, күзде тұщы, сәл кермек, ауыз суға жарамды.



Жошы хан мен түркі тілдес тайпалардың негізін қалаушылардың бірі Алаша ханға кесенелер көтерілген. Есімдері Алтай, Орал, Қырым, Солтүстік Кавказ және Өзбекстанның халықтық ауыз әдебиетінде мәңгілік сақталған.



Тұрғыны 233 904 адам (2019). Қалалық мәслихатқа қарайтын жерінің аумағы 0,7 мың км². Қалаға ірілі-ұсақты 16 елді-мекен қарайды, ал жалпы халық саны 306 549 адам (2018). Қазақстандағы ірі мәдени-экономикалық орталықтардың бірі. Қаладағы ірі кәсіпорындар: «Зенит» зауыты, «Омега».



Сел көшкіні жылжығанның нәтижесінде бір ғасыр астам бұрын пайда болған көл. Суға түсем дегендерді өзгеше көрініс күтуде: олардың көз алдарына желдің самалымен есілген су бетінде шағылып, күн сәулесінен тараған кемпірқосақтың барлық түстерімен ойнақтаған саз балшықпен басылған ағаштар дінгектері көрінеді.



Өгем жотасын алып жатқан Қазақстандағы тұңғыш қорық. Қорық бірнеше биіктік белдеуде жатыр. Тау өңірінде бидайық, түрлі шөптер, боз жусан, жоғарысында селдір арша орманы, субальпі және альпі шалғыны өседі. Одан жоғарысын мұздықтар мен көп жылдық қар жапқан. Қорық жерін Ақсу өзенінің аңғары жарып өтеді.



Арнасы бастау жағында, негізінен, қар, мұз суымен, орта және төменгі ағыстарында қар, жаңбыр және жер асты суымен толығады. Алабы Алтай тауларының оңтүстік-батысын, Тарбағатайдың солтүстік-батыс баурайын, Сарыарқаның солтүстік-шығысын, Ресей жерінде Батыс Сібір жазығы мен Шығыс Орал етегін қамтиды.



Бес шоқы – биік тауларды, сай-сала жазық даланы, ағарған биік төбелер мен жотаны, ағып жатқан бұлақты, көгеріп жатқан теңізді, ала бұлт шалған көгінді, кең байтақ шексіз жерінді, кей кездері тұман басқан даланы, ақ шаңқан Ақтау қаланы, көгерген бақша көз тартқан елді мекен ауылды, тау бөктеріне жайылған төрт мүлік малды көре аласың.



V-VI ғасырларда іргетасы қаланған. Есім ханнан бастау алып, XIV-XVIII ғасырларда Қазақ хандығының астанасы болған. Қаланың іргетасы біздің заманымыздың 1-мыңжылдықтың бас кезінде қаланған. Қаланың айналасындағы аймақта тас дәуірі ескерткіштері — Шоқтас, Қошқорған бұл өңірде әуелгі адам кем дегенде 550 мың жыл бұрын мекен еткенін көрсетеді.



Қалада піл сүйегінен жасалған алты теңдессіз шахматтық мүсін табылған. Бұл - Қазақстан аумағындағы жалғыз шахмат табысы. Табыстардың ішінде Қытайдан, Үндістаннан, Ираннан және т.б. әкелінген бұйымдар көп. Ірі қала ретінде жіктелген қала алғаш рет X ғасырда құрастырылған «Худад аль-Әлем» («Әлемнің шекаралары») географиялық тізімінде аталған.



Ірғетасы 1845 жылы қаланған. XIX ғасырдың 40 – 50 жылдары өзі аттас округтың, 1869 жылдан Сарысу уезінің орталығы болды. Қазан төңкерісіне дейін мұнда жыл сайын жәрмеңке өткізіліп тұрды. 1928 жылдан аудан орталығына айналды. Ұлы Отан соғысы кезінде сырттан көптеген тұрғындар мен бірнеше кәсіпорын көшіріп әкелінді.

«ЖЕРІҢДІ ТАНЫ» ТАПСЫРМАСЫНЫҢ КІЛТІ



- Талас өзені



- Ұлытау



- Орал қаласы



- Қайыңды көлі



- Ақсу Жабғағылы

қорығы



- Ергіс өзені




- Отпан тау



- Түркістан қаласы



- Талғар қаласы



- Атбасар қаласы

-

С.Иманбердиева

ОЙЛАН, ТАП: LEARNING APPS

<https://learningapps.org/myapps.php>

- 1) <https://learningapps.org/display?v=p69zqjztc20>
- 2) <https://learningapps.org/display?v=pkep6df7320>
- 3) <https://learningapps.org/display?v=pqtibksfa20>
- 4) <https://learningapps.org/display?v=pp3f7t88320>
- 5) <https://learningapps.org/display?v=ppnzpzumk20>
- 6) <https://learningapps.org/display?v=pfx9d1p5v20>
- 7) <https://learningapps.org/display?v=p28zyx19n20>
- 8) <https://learningapps.org/display?v=pv66zny7t20>
- 9) <https://learningapps.org/display?v=ppjjjkyck20>
- 10) <https://learningapps.org/display?v=pjbi87mh220>
- 11) <https://learningapps.org/display?v=pkjb82n1c20>

- 12) <https://learningapps.org/display?v=pw59dae0j20>
- 13) <https://learningapps.org/display?v=p6vrmv04n20>
- 14) <https://learningapps.org/display?v=pa2mg9c4a20>
- 15) <https://learningapps.org/display?v=pk9v7ef2k20>
- 16) <https://learningapps.org/display?v=pd52wb21520>
- 17) <https://learningapps.org/display?v=p9dy9bai220>
- 18) <https://learningapps.org/display?v=pxo05bwja20>
- 19) <https://learningapps.org/display?v=ptnjxj0uk20>
- 20) <https://learningapps.org/display?v=p1uxda6y220>



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ

УКАЗ

ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Республикалық баспасөзде
жариялануға тиіс

**Алматы облысының Қапшағай қаласын Қонаев қаласы
деп қайта атау туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Алматы облысының Қапшағай қаласы Қонаев қаласы деп қайта аталсын.
2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті



Қ.Тоқаев

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 3 мамыр

№ 885



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ

УКАЗ

ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Республикалық баспасөзде
жариялануға тиіс

**Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының
кейбір мәселелері туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының әкімшілік орталығы
Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Ақсуат ауылынан Ақжар
ауылына көшірілсін.

2. Шығыс Қазақстан облысының құрамында:

1) Тарбағатай ауданының құрамынан бөлу жолымен әкімшілік орталығы
Ақсуат ауылында орналасатын Ақсуат ауданы;

2) Көкпекті ауданының құрамынан бөлу жолымен әкімшілік орталығы
Самар ауылында орналасатын Самар ауданы құрылсын.

3. Орталық мемлекеттік органдар, Шығыс Қазақстан облысының
жергілікті өкілді және атқарушы органдары орталық мемлекеттік органдардың
тиісті аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті өкілді және атқарушы органдар мен
ұйымдардың іркіліссіз және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде
шаралар қабылдасын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық 2022 жылғы 7 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев



Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 3 мамыр

№ 886

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 мамырдағы № 887 Жарлығы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Алматы облысының әкімшілік орталығы Талдықорған қаласынан Қонаев қаласына көшірілсін.

2. Мыналар:

1) Шығыс Қазақстан облысының құрамынан Ақсуат, Абай, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Жарма, Үржар, Көкпекті аудандарын, Семей және Курчатов қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Семей қаласында орналасатын Абай облысы;

2) Алматы облысының құрамынан Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Сарқан аудандарын, Талдықорған және Текелі қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Талдықорған қаласында орналасатын Жетісу облысы;

3) Қарағанды облысының құрамынан Жаңаарқа, Ұлытау аудандарын, Жезқазған, Қаражал және Сәтбаев қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Жезқазған қаласында орналасатын Ұлытау облысы құрылсын.

3. Алматы облысының жергілікті өкілді және атқарушы органдары, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты мекемелері Қонаев қаласына көшірілгенге дейін Талдықорған қаласында орналасады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесімен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын (жол картасын) бекітсін және осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.

5. Орталық мемлекеттік органдар, Абай, Жетісу, Ұлытау

облыстарының, сондай-ақ Шығыс Қазақстан, Алматы, Қарағанды облыстарының жергілікті өкілді және атқарушы органдары орталық мемлекеттік органдардың тиісті аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті өкілді және атқарушы органдар мен ұйымдардың іркіліссіз және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде шараларды қабылдасын.

6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

7. Осы Жарлық 2022 жылғы 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ.Тоқаев

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

20__ ЖЫЛҒЫ _____

Нұр-Сұлтан,
Үкімет Үйі

от «__» _____ 20__ года

№ _____

№ _____

Исх. № 76 от 21.02.2022, Вход № Д-339//76 от 21.02.2022

**Түркістан облысының білім беру ұйымдарына және
физикалық-географиялық объектісіне атау беру және атауын
өзгерту туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «№ 10 жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Дінмұхамед Қонаевтың есімі берілсін.

2. Мыналардың:

1) Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «№ 43 «Қызыл таң» жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Мыңжасар Маңғытаев атындағы жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Түркістан облысы Сауран ауданы Ескі Иқан және Жаңа Иқан ауылдық округтері аумағында орналасқан «Шошқакөл» көлінің атауы «Жетікөл» көлі болып өзгертілсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

20__ жылғы _____

Нұр-Сұлтан,
Үкімет Үйі

от «__» _____ 20__ года

№ _____

№ _____

Исх. № 144 от 18.03.2022, Вход № Д-581//144 от 19.03.2022

**«Орал» халықаралық әуежайы» жауапкершілігі шектеулі
серіктестігіне Мәншүк Мәметованың есімін беру туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- 1.«Орал» халықаралық әуежайы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Мәншүк Мәметованың есімі берілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Ә. Смайылов

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

20 ___ ЖЫЛҒЫ _____

Нұр-Сұлтан,
Үкімет Үйі

от « ___ » _____ 20 ___ года

№ _____

№ _____

Исх. № 194 от 06.04.2022, Вход № Д-723//194 от 06.04.2022

Солтүстік Қазақстан облысының кейбір білім беру және спорт объектілеріне атау беру туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысының мынадай білім беру және спорт объектілеріне:

1) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «№ 25 жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – Әлихан Бөкейханның есімі;

2) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «№ 2 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – Смағұл Сәдуақасұлының есімі;

3) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «№ 9 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – Ахмет Байтұрсынұлының есімі;

4) «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Ұлттық спорт түрлерінен облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қажымұқанның есімі берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Ә. Смайылов

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

20 ____ ЖЫЛҒЫ ____

Нұр-Сұлтан,
Үкімет Үйі

от « ____ » ____ 20 ____ года

№ ____

№ ____

Исх. № 204 от 11.04.2022, Вход № Д-762//204 от 11.04.2022

**Жамбыл облысының кейбір білім беру және мәдениет ұйымдарына
атау беру және атауын өзгерту туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл облысының мынадай білім беру ұйымдарына:

1) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің № 1 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Шерхан Мұртазаның есімі;

2) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің № 15 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Әлихан Бөкейханның есімі;

3) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің № 29 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Мағжан Жұмабаевтың есімі;

4) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 5 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қаныш Сәтпаевтың есімі;

5) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 6 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Шерхан Мұртазаның есімі;

6) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 9 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Әлихан

Бөкейханның есімі;

7) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 11 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Спандияр Көбеевтің есімі;

8) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 13 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Міржақып Дулатұлының есімі;

9) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 21 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Сәкен Сейфуллиннің есімі;

10) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 24 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Мұхтар Әуезовтің есімі;

11) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 25 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Санжар Асфендияровтың есімі;

12) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 40 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Смағұл Сәдуақасұлының есімі;

13) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 45 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Жұбан Молдағалиевтың есімі;

14) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 47 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Мұхаммед Хайдар Дулатидің есімі;

15) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 49 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Оралхан Бөкейдің есімі;

16) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 50 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне әл-Фарабидің есімі;

17) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 51 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ахмет Байтұрсынұлының есімі;

18) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Меркі ауданының білім бөлімінің «№ 1 жалпы білім беретін мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Асанбай Асқаровтың есімі;

19) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Сарысу ауданының білім бөлімінің Саудақент ауылдық балалар саз мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ықылас Дүкенұлының есімі;

20) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің № 30 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Шерхан Мұртазаның есімі;

21) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің № 51 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Нарғозы Данаевтың есімі;

22) Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданы білім бөлімінің «№ 1 балалар саз мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына Құрманғазының есімі;

23) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданының білім бөлімінің № 49 бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ілияс Жансүгіровтің есімі берілсін.

2. Мынадай білім беру және мәдениет ұйымдарының:

1) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 10 Қызылсай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің Ораз Жандосов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 12 Масанчи орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің Жүсіпбек Аймауытов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 17 Сортөбе орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің Мәншүк Мәметова атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 18 Сортөбе орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің Әлия Молдағұлова атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 20 Алмалы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 22 Еңбек орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің Ілияс Жансүгіров атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 29 Жаңатұрмыс орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай

ауданы білім бөлімінің Шәкәрім атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 30 Қақпатас орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің Мұстафа Шоқай атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 31 Сарыбұлақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

10) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 33 Соғанды негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің Мұқағали Мақатаев атындағы негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

11) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 38 Сұлутөр орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің Талғат Бигелдинов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

12) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 39 Үлкен Сұлутөр орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің Манаш Қозыбаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

13) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің № 48 Сортөбе орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

14) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Меркі ауданының білім бөлімінің «Владимир Савва атындағы № 9 жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Меркі ауданы білім бөлімінің Мұхтар Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

15) «Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігі білім бөлімінің Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігі білім бөлімінің Дінмұхамед Қонаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

16) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданы білім

бөлімінің Жамбыл атындағы гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданы білім бөлімінің Ахмет Байтұрсынұлы атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

17) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданы білім бөлімінің Төле би атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданы білім бөлімінің Дінмұхамед Қонаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

18) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданы білім бөлімінің Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданы білім бөлімінің Кенен Әзірбаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

19) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданы білім бөлімінің Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданы білім бөлімінің Шерхан Мұртаза атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

20) «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданының білім бөлімінің № 18 Мұхтар Әуезов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданы білім бөлімінің Міржақып Дулатұлы атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

21) «Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Полатқосшы ауылдық округі әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Жалпақтөбе ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Полатқосшы ауылдық округі әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Шәмші Қалдаяқов атындағы мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Ә. Смайылов

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

20 ___ ЖЫЛҒЫ _____

Нұр-Сұлтан,
Үкімет Үйі

от « ___ » _____ 20 ___ года

№ _____

№ _____

Исх. № 370 от 06.06.2022, Вход № Д-1215//370 от 06.06.2022

Алматы облысының кейбір білім беру ұйымдарына атау беру және атауларын өзгерту туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мынадай білім беру ұйымдарына:
 - 1) «Алматы облысы білім басқармасының Іле ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 46 орта мектеп» мемлекеттік коммуналдық мекемесіне Әл-Фарабидің;
 - 2) «Алматы облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 28 ІТ мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Құлжабай Қасымовтың;
 - 3) «Алматы облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар № 9 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Сайын Мұратбековтің;
 - 4) «Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Талдықорған қаласындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандырылған мектеп-интернаты-колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Жақсылық Үшкемпіровтің есімдері берілсін.
2. «Алматы облысы білім басқармасының Қарасай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «1 Май орта мектебі» коммуналдық

мемлекеттік мекемесінің атауы «Алматы облысы білім басқармасының Қарасай ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қапал батыр атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Ә. Смайылов

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

20 ____ ЖЫЛҒЫ ____

Нұр-Сұлтан,
Үкімет Үйі

от « ____ » ____ 20 ____ года

№ ____

№ ____

Исх. № 398 от 14.06.2022, Вход № Д-1283//398 от 14.06.2022

Ақтөбе қаласының кейбір коммуналдық мемлекеттік білім беру мекемелеріне атау беру және атауын өзгерту туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 24 лингвистикалық мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілсін.

2. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Новый орта мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Үстіміздегі жылда ономастика бойынша өткізілетін ақпараттар

1. «Поволжье Ономастикасы» атты XX Халықаралық конференциясы. Б.Б. Городовикова атындағы Қалмықия мемлекеттік университеті, Элиста қаласы, 2022 жылы 5-7 қазан.

Талданатын мәселелер



- ономастикалық зерттеулердің теориясы мен әдістемесі;
- ономастикалық кеңістік және ономастикалық өріс;
- жалпы топонимика;
- поволжье топонимикасы, микротопонимикасы и урбанонимика;
- антропонимика мен этнонимика;
- халықаралық контекстегі жалқы есім, аударма мәселесі;
- ономастикалық кеңістіктегі тілдік бейне.

2. Әдеби ономастика. Королевалық Галисия академиясының қолдауымен ұйымдастырылған ономастика бойынша VII Галисия конференциясы 2022 жылы 15 қазан

Көркем әдебиеттегі атау мағынасы мен қызметін зерттейтін әдеби ономастика аз қарастырылған сала болып саналады. Королевалық Галисия академиясының қолдауымен ұйымдастырылған ономастика бойынша Понтеведра провинциясының Кеңесінің қолдауымен өтетеін VII Галисия конференциясында жалқы есімнің жазушылардың шығармасында қолданылу сипатын талдап, жаңа бағыттарды зерделеуге арналады.

МАЗМҰНЫ

АТАУЛАР СЫРЫ

<i>З.Құламанова</i>	3
Қызылқұм – қазақтың ата қонысы екеніне оның топонимдері дәлел	
<i>Б.Бияров</i>	9
Шығыс Қазақстан облысының трансшекаралық топонимдері	
<i>Көшімова Б.</i>	15
Маңғыстау топонимиясында географиялық терминдердің қолданысы	

ТАЛҚЫ

<i>Г.Бекенова</i>	25
Қазақстанның солтүстік өңір гидронимдерінің физика-географиялық ерекшеліктері	
<i>И.Бекзатқызы</i>	41
Ономастикалық зерттеулердегі картографиялық әдістердің рөлі (Ақмола облысы мысалында)	

ТАНЫМ

<i>С.Иманбердиева.</i>	55
Атау таңдаудағы таным	
<i>Б.Әбдуәлиұлы</i>	59
Қазақ есімдерінің мағынасындағы танымдық ақпараттар	

МИРАС

<i>А.Кабдрахман</i>	65
Карталарда, шығармаларда сақталған Ақмола облысының ұлттық атаулары	

МЕРЕЙТОЙ

Профессор Телқожа Жанұзақов – 95 жаста	74
<i>Б.Әбдуәлиұлы</i>	74
Т.Жанұзақтың халықаралық ономастикалық байланыс кеңістігі	
<i>З.Құламанова</i>	81
Ғұмыры ғылыммен өрілген ғалым	
<i>С.Иманбердиева</i>	87
Т.Жанұзақ: Ономастика саласындағы мұра	

ҚЫЗЫҚТЫ ОНОМАСТИКА

<i>С.Иманбердиева</i>	93
Ойлан, Туған жеріңнің атын тап!	
<i>С.Иманбердиева</i>	98
Ойлан, тап: Learning apps	

РЕСМИЕТ

Республикалық ономастикалық комиссия шешімдері (2022 жыл)	100
---	-----

КОНФЕРЕНЦИЯЛАР

«Поволжье Ономастикасы» атты ХХ Халықаралық конференциясы. Б.Б. Городовикова атындағы Қалмықия	119
--	-----

мемлекеттік университеті, Элиста қаласы, 2022 жылы 5-7 қазан.
Әдеби ономастика. Королевалық Галисия академиясының
қолдауымен ұйымдастырылған ономастика бойынша VII Галисия
конференциясы 2022 жылы 15 қазан.

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ

Авторлардың стилі,
орфографиялық хақы
сақталады.



«ОНОМАСТАР ОДАҒЫ»
қоғамдық бірлестігі

Бас редактор Г.Бекенова

Корректор Т.Мұқашева

Дизайнын жасап, компьютерлік нұсқасын дайындаған

А Құсанова

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы

010000, Астана қаласы,

Сығанақ көшесі, 47,

Тел.: 8 (7172) 51-69-20

soyuz.onomastov@mail.ru

Беттеуге берілген күні 07.10.2022 ж.

Электронды нұсқаға қол қойылған күні 07.10.2022 ж.

Пішімі 70x100 1/16

Шартты баспа табағы 7,4.